	Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталанады. Байланыстырып сөйлеу қабылеттері дамиды. **4.Дене тәрбиесі** Спортзалда ойнаймыз. **Міндеті:** Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. «Түзу жолмен жүр» Мақсаты: Түзу, ирек, дөңгелек сызық бойымен жүруге үйрету, тепе-теңдігін дамыту. Ойын барысы: Еденге түрлі түсті таспа немесе арқан төселеді. Балалар соның үстімен құламай жүреді. «Кім тез жетеді?» Мақсаты: Жүгіру, бағытты дұрыс бағдарлау. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Белгі берілгенде, әр бала спортзалдың арғы шетіне жүгіріп барып, қайта оралады. Күтілетін нәтиже: Балалар спортзалдағы қарапайым қозғалыс ережелерін орындай алады.	Ойын барысы: Балаларға түрлі зат суреттері ұсынылады. Әр бала бір затты таңдап алып: «Мен ағаға кітап сыйлаймын, өйткені ол оқуды жақсы көреді» деп айтады. «Менің әпкем қандай?» Мақсаты: Балалардың сипаттап сөйлеу қабілетін дамыту. Құралдар: Сюжетті суреттер (әпке сабақ оқып отыр, тамақ жасап жатыр, ойнап жүр). Ойын барысы: Балалар суретке қарап, әпкесін сипаттап әңгімелейді: «Менің әпкем әдемі. Ол сурет салғанды жақсы көреді». Күтілетін нәтиже: Балалар аға-әпкеге сыйластықпен қарауды үйренеді, сөздік қоры дамиды. **4.Музыка** Нота үйренейік **Міндеті:** Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Гүлдерайым»қазақты ң халық әні (өңдегенТ.Қоңыратбай) Ән айту: «До-ре-ми»(Ө. Байділдаев), «Білімің–бұлағың»(Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш»(В.Дешевов) Билер: «Жүптасу биі»(чеххалық әуені) Ойындар,хороводтар: «Сиқырлы ағаш»(«Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдеген Б.Дәлденбай) Күтілетін нәтиже: Нота жаттап үйренеді	Қасында тұрған бір досы дауыстап: «Мен сенің досыңмын» дейді. Баланың міндеті – дауысынан досын табу. «Досымның суретін саламын» Мақсаты: Шығармашылық қабілеттерін дамыту, достықты бейнелеу. Ойын барысы: Балаларға қағаз бен түрлі-түсті қарындаш беріледі. Әр бала өзінің досының суретін салып, оны қысқаша әңгімелейді («Бұл – Айдана. Ол әдемі. Біз бірге ойнаймыз»). «Жақсы сөз – жан азығы» Мақсаты: Досына жылы сөз айтуға баулу. Ойын барысы: Балалар бір-біріне доп немесе ойыншық лақтырады. Допты ұстаған бала өзінің досына жақсы сөз айтады («Сен мейірімдісің», «Сен ақылдысың», «Сен менің досымсың»). Күтілетін нәтиже: Досын сипаттап сөйлеуге дағдыланады; Шығармашылық ойлауы дамиды. **4.Дене тәрбиесі** Спортзалда ойнаймыз. **Міндеті:** Жүру. Қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып,әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. «Жылдам – баяу» Мақсаты: Балаларды жүру қарқынын ажыратуға үйрету. Ойын	боятып және белгілетіп үйрету Жаттығу І,Қ дыбыстары Қазақ тіліне тән «І», «Қ» дыбыстары жайлы түсіндіру Ата-анамен бірге жұмыс: Жеті ата ұлағатты ұлттық ұғым екенін айта отырып, жеті атасын үйінде ата-анасының көмегімен жазып жаттап келеді. Күтілетін нәтиже: Туысқан, Жеті ата туралы ұғымдарды түсінеді. **4. Дене тәрбиесі** Біз күшті және ержүрекпіз. **Міндеті:** Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. «Ер жүрек батырлар» Мақсаты: Балалардың батылдыққа, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар: Арқан, орындық, кедергілер. Ойын барысы: Балалар батырлар болып ойнайды. Олар кедергілерден өтеді: үстелдің астынан еңбектеп, орындықтан секіреді, арқаннан тартылады. Соңында «Жалауды» алады. «Күшті кім?» Мақсаты: Бұлшық етті шынықтыру, қол күшін дамыту. Құралдар: Арқан. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді.Ортада арқан тартылады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алса – сол жеңімпаз. Күтілетін нәтиже: Балалар сенімді қимылдауға, батылдық танытуға дағдыланады.	ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. «Дұрыс – бұрыс» Мақсаты: Жолда өзін дұрыс ұстауды үйрету, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: Суреттер (жолда ойнап жүрген бала, бағдаршамнан өткен бала, жолдың ортасынан жүгіріп өтуші т.б.). Ойын барысы: Балалар суретке қарайды. «Бұл дұрыс па, бұрыс па?» деп айтады, себебін түсіндіреді. Көліктің түлерінің суретін салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады Күтілетін нәтиже Балалар көлік түрлерін ажыратады; Қиялдау, ойлап табу қабілеттері дамиды. **4.Музыка** Нота үйренейік **Міндеті:** Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл- күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Гүлдерайым»қазақтың халық әні (өңдегенТ.Қоңыратбай). Ән айту: «До-ре-ми»(Ө. Байділдаев), «Білімің–бұлағың»(Т. Қоңыратбай) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш»(В.Дешевов) Билер: «Жүптасу биі»(чеххалық әуені) Ойындар,хороводтар: «Сиқырлы ағаш»(«Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай»қазақтың халық әні (өңдеген Б.Дәлденбай)

			барысы Тәрбиеші қолын шапалақтаса – балалар жылдам жүреді, Қолын жай қимылдатса – баяу жүреді. «Жануарларша жүрейік» Мақсаты: Жүрудің әртүрлі түрлерін меңгерту, қимылдық белсенділікті арттыру. Барысы «Аю жүрісі» – табанын баса, ауыр қимылдайды. «Қоян» – секіріп жүреді. «Түйе» – тізесін көтеріп, баяу жүреді. «Кедергіден өт» Мақсаты: Жүру дағдысын жетілдіру, ептілікті дамыту. Құралдар: Конустар, обруч. Шарты: Балалар жүгіру жолында кедергілерден айналып немесе астынан өтіп жүреді. Күтілетін нәтиже: Балалар жүрудің әртүрлі түрлерін (жылдам, баяу, жануарша, кедергіден өту) меңгереді;		Күтілетін нәтиже: Нота жаттап үйренеді.
Серуенге дайындық	**Ауа райын бақылау:** Тәрбиеші ауа райына сәйкес балалардың киімін тексереді: Киінуіне көмек керек балаларға жекелей көмектесу. **2.Қажетті құрал-жабдықтарды дайындау:** Қимылды ойынға арналған доп, секіртпе, бор, кішкентай жалаушалар және т.б. **3. Серуен алдында түсіндіру жұмысы:** Қайда баратынын.Қандай ойындар ойнайтынын.Не істеуге болмайтынын түсіндіреді. **4.Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері** Тәрбиешіден рұқсатсыз ешқайда кетуге болмайды. Бір-бірін итеруге, жұлқылауға, жүгіріп соғылуға болмайды. Ауыр немесе өткір заттармен ойнауға болмайды.				
Серуен	**Құстарға бақылау жасау** Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау. **Еңбек**: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу. Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру. **Жеке жұмыс**: Торғай, торғай торғайсың	**Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау** Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа - райымен салыстыру, күздегі өгерістерді айтқызу. **Еңбек**: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау. Мақсаты: Өз алдына еңбектене білуге тәрбиелеп, бағыт беру. **Балалармен жеке жұмыс**:	**Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау** Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек**: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу.	**«Қайтқан құстарды бақылау»** Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. **Еңбек**: Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар «Құйқылжытып	**Қоңыр күзді бақылау, салыстыру** Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. **Еңбек**: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.

	Бізге жақын қонғайсың Көркем сөз: Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл - әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы. **Қимылды ойындар**: «Өз орыңды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет)** **Экологиялық мәдениет**	«Жел»туралы тақпақ айтқызу **Қимылды ойындар:** «Ұшты-ұшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапандар» жүгіру) Мақсаты: Ойын қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып» **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті (көркем әдебиет)**	**Жеке жұмыс**: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. **Қимылдық ойын:** «Фигура жасап шық » Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: 1. Қуаласпақ. 2. Тығылыспақ. **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті (көркем әдебиет)**	дала күйін, Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш) **Қимылды ойындар:** «Қайтқан құстар» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. **Жеке жұмыс** Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт куды Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды» **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті (көркем әдебиет)**	Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. **Қимылды ойындар**: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру) Мақсаты: Ойын ережесін бұлжытпай орындауға, шапшаң қимылға баулу. **Жеке жұмыс** Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экологиялық тәрбие**
Серуеннен оралу	Серуен соңындағы жұмыс: Балаларды жинап, түгендеу (бар-жоғын тексеру) Киімдерін шешуге көмектесу Қолдарын жууға бағыттау.Суды үнемді пайдалану кезкңін ескеру.Суды ұзақ ағызып тұрмау,қолды жуып болған соң кранды өшіру. Қысқаша серуен бойынша сұрақ: *"Не ұнады?", "Қандай ойын ойнадың?"*				
Балалармен жеке жұмыс	**Нұрайым** құстарды танып,атын атауға үйрету. **Танымдық іс- әрекет (қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Ерасыл** түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр» **Танымдық іс- әрекет. зерттеу іс- әрекет (Математика негіздері)**	**Әрсен** карандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос» **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет (сауат ашу негіздері)**	**Нұрай** ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық» **Шығармашылық іс- әрекет**	**Алтын** Түстердің қазақша атауын үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр» Қазақ тілі*** **Танымдық іс- әрекет. зерттеу іс- әрекет (Математика негіздері)**
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық,коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек ,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)*	**Балалардың дербес әрекеті** Мақсаты: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншық тармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. «Қай ағаштың жапырағы» Мақсаты: жапырақтарды зерттеу. Блме өсімдіктерін күту. **Дене тәрбиесі**** **Қарым- қатынас іс- әрекеті,**	**Ойын:** «Кімнің жұмыс орыны» **Барысы**:Балаларға берілген пазыл бөліктерімен қызмет орынының бөлмесін құрастыру және сол бөлмеде жұмыс істейтің қызметкерді тауып, орналастырады. Сыныптағы орындықтарды орнына қою, ойыншықтарды	**«Сызық жүргіз» ойыны**. Дәптермен жұмыс. Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін жол салыңдар **Қазақ тілі***** **Қарым- қатынас іс-**	ЖЖЕ. «Қайсысы дұрыс?» Мақсаты: әр түрлі жағдайда дұрыс жолда табуға үйрету. **Дид.ойын: «Не жоқ?»** Қай ойыншық жоқ екенін атады Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау. **Танымдық, зерттеу әрекеттері (математика негіздері)** **Д/о: «Теңге жинау»**	**Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ** **Мақсаты**:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. **Қазақ тілі***** **Қарым қатынас іс-әрекеті (көркем әдебиет)** **Дид/о: «Сатып ал немесе үнемде»** Мақсаты: Ақшаны мақсатты түрде пайдалану **Қаржылық сауаттылық**

	танымдық іс- әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру) **«Табиғат- досымыз» ойыны** Мақсаты: Табиғат туралы жақсы сөздер айтып үйрену, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. **Экологиялық мәдениет**	жинау. **Тілдік қарым-қатынас,танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу (қоршаған әлеммен таныстыру)**	**әрекеті (сауат ашу негіздері)** **Дид/о: «Сатып ал немесе үнемде»** Мақсаты: Ақшаны мақсатты түрде пайдалану **Қаржылық сауаттылық**	Мақсаты: жинақтау мен үнемдеуді түсіндіру **Қаржылық сауаттылық**	
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут: Ата- аналарға кеңестер:** **1. Балаңызбен күн сайын сөйлесіңіз** Сұрақ қойыңыз: «Бүгін не үйрендің?», «Қай ойын ұнады?», т.б. Бұл – баланың сөздік қорын байытып, өз ойын жеткізуге үйретеді.	**Өнегелі 15 минут** **Үйде күн тәртібін сақтауға көмектесіңіз** Тұрақты ұйқы (9–10 сағат), Тамақтану, серуен және тынығу уақыты – баланың денсаулығына тікелей әсер етеді	**Өнегелі 15 минут** Ата- аналармен балларының мектептегі қылықтары туралы бөлісу.	**«Өнегелі 15 минут»** Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	**«Өнегелі 15 минут»** баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Т. Н. Елисеева

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Кәкімбек Салықов атындағы лрта мектеп» КММ
Мектепалды «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 15 -19 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

«Адал азамат» біртұтас тәрбиесі «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы
Апта дәйексөздері- «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!»/Абай/

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 15.09**	**Сейсенбі 16.09**	**Сәрсенбі 17.09**	**Бейсенбі 18.09**	**Жұма 19.09**
Балаларды қабылдау	**. "Қолмен амандасу бұрышы"** **Мақсаты:** Баланы жылы қарсы алу, таңғы ритуал қалыптастыру. Есіктің қасына "амандасу постері" ілінеді, онда 4 түрлі амандасу түрі болады: Қолмен ұстасу Жүрекке қол қойып бас изеу "Құсша" қанат қағу (екі қолды көтеріп) Құшақ «ауалы құшақ» (ауада құшақтау) **Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады**				
	Адалдық әліппесі **«Мейірімді адамдар»** *Ойынның мақсаты:* «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту. Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық **Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)**	**Адалдық әліппесі** «Мейірімділік ағашы» *Ойынның мақсаты:* «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. **Қарым- қатынас іс- әрекеті,** **- әрекеті, шығармашылық іс-** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, шығармашылық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**	**Адалдық әліппесі** **«Құрметтеуді үйренеміз»** *Ойынның мақсаты:* құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, шығармашылық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту** **(сөйлеуді дамыту)** **(сөйлеуді дамыту)**	***Адалдық әліппесі*** **«Адалдық шеңбері»** *Ойынның мақсаты: балаларды* адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту. Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады. Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, шығармашылық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**	**Адалдық әліппесі** **«Сыпайы өтініш»** *Ойынның мақсаты:* балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. **Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)** **(Сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап	**(сөйлеуді дамыту)** балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы

беру			жақсы көретініңізді сездіріңіз.		көретініңізді сездіріңіз.
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлтт	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ойын: «Торғайлар мен тор»** Мақсаты: ойынды ережесімен ойнауға баулу.	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **«Сақинаны лақтыр»** Мақсаты: ойынды ережесімен ойнауға баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие**	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ойын:"Күн мен түн"** Мақсаты: ойынды ережесімен ойнауға баулу.	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ойын: «Тығылыспақ»** Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»** Мақсаты: ұлттық ойынға қызығушылық таныту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие**

ық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**қимылды ойыны** **Мақсаты**: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашыңдар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. **Дене тәрбиесі****	**Мақсаты** : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.  **Дене тәрбиесі****	**Мақсаты:** балаларды ойынн ың шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл- қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтары н, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты:"Күн" мен "Түн" деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді. Ереже: 1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады. 2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады. 3. Ұсталған	**дағдыландыру, сөздік қорларын молайту** Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір ..... (қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады. **Дене тәрбиесі****	**Мақсаты**: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. **Дене тәрбиесі****

			ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді. **Дене тәрбиесі****		
Ертеңгілік жаттығу	(әуенмен) І Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып тұру. ІІ 1б.қ аяқ бірге қол төмен1-қолды алға созу, 2 оңға қарай қолды айқастыру, 3 солға қарай қолды айқастыру. 4б.қ оралу 4-5рет 2. б.қ аяқтың расы алшақ, қол белде.1-оң жаққа қарай ийілу,2б.қ оралу 3сол жаққа қарай иілу 4б.қ оралу. 4-5рет қайталау. 3. б.қ аяқтың арасы ашық, қол иықта1-2 алға қолды сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу 4-5рет 4. б.қ аяқтың арасы алшақ, қол белде.1-қолды алға созу, 2 отыру,3 тұру, 4б.қ оралу 4-5рет 5. Аяқты алмастырып секіру. 7-8секунд ІІІ Еркін тыныс алу жаттығулары **Дене тәрбиесі**** **Музыка******				

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	**«Менің Қазақстаным»** Ән ұран орындау **Мақсаты:**рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	«Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер» Мақсаты: төлдерін дұрыс атауға үйрету, төл дыбыстарды анық айту. **Қазақ тілі***	«Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін» Мақсаты: болашақ мамандықтары туралы айта білу, әңгімелей білуге үйрету. **Қарым- қатынас іс- әрекеті**	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру, сурет бойынша әңгімелеу, таза қазақша сөйлеуге баулу. **Қазақ тілі***	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу. **Қарым- қатынас іс- әрекеті**

Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Сөйлеуді дамыту** Менің сүйікті ойыншығым **Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы айтып беруді ұсынады. Тәрбиеші ойыншықтардың әртүрлі түрлері туралы сұрақтар қою арқылы тіл байлығын ашады: Сенің сүйікті ойыншығың қандай? Оның түсі қандай? -Ол қандай дыбыс шығарады (егер шығаратын болса)? -Онымен не ойнауға болады? Мысал ретінде өзі бір	**1 .Сауат ашу негіздер** Дауысты дыбыстар **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтау. 1. Ойын: "Қай дыбысты естідің?" МақсатыБалалардың есту арқылы дауысты дыбыстарды ажырата білуін дамыту. Өту барысы: Тәрбиеші таныс сөздерді айтады (мысалы: алма, ата, ірі, ұя, үй, ою т.б.) Балалар тыңдайды және қол көтеру арқылы немесе ым-ишарамен ішінде дауысты дыбыс бар екенін білдіреді. Дауысты дыбысты атап айту ұсынылады (мысалы: "алма" — а, а). Сөздің басында, ортасында немесе соңында тұрған дауыстыны сұрауға болады.	**1.Сауат ашу негіздері** **Дауысты дыбыстар** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің сұрағы: -Дыбыстар деген не? -Біз дыбысты қалай естиміз? -Сөз неден тұрады? Қысқаша түсіндіру: -Сөз дыбыстардан құралады -Дыбыстар екіге бөлінеді: дауысты және дауыссыз -Дауысты дыбыстарды айтқанда кедергі болмайды, әуезді естіледі (а, о, ы, і, ұ, ү, е, ә, и, ө) -Олар ән сияқты созылып айтылады 1. Қимылды сергіту сәті: "Дыбысты табайық!" Тәрбиеші бір сөз айтады	**1.Сауат ашу негіздері** Дауысты дыбыстар **Міндеті** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиеші дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы қысқаша түсіндіреді Дауысты дыбыстарды мысалдар арқылы көрсету (а, ә, о, ө, у, ү, ы, і, е, э) Дауыссыз дыбыстарды атап өту (б, п, т, д, к, г, с, з, ш, ж, л, м, н және т.б.) 2. Тыңдау және талдау: Қарапайым сөздерді айтып, балалардан дыбыстарды тыңдап, бөліп көрсетуін сұрау Мысалы, «бала», «қуыршақ», «үй» сөздерін дыбыстап талдау Әр дыбысты анықтау: дауысты ма, дауыссыз ба? 3. Ойын: «Дыбыс табу» Тәрбиеші сөз айтады, балалардан сол сөздегі	**.Көркем әдебиет** Тату доспыз бәріміз **Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. 1. Шығармамен таныстыру "Тату болайық, балалар!" өлеңі Мазмұны қысқаша: Балалардың тату болса, ойын да қызық болатыны Досқа көмектесудің жақсы қасиет екені Тату болудың маңызы туралы 2. Сұрақ-жауап арқылы талдау: Бұл өлеңде не туралы айтылған? Балалар қандай болуы керек екен? Сен досыңа көмектескен кезің есіңде ме? Тату болу деген не? 3. Дидактикалық ойын: "Жақсы дос қандай болады?" Өту барысы: Тәрбиеші допты бір балаға лақтырып:

	ойыншығын көрсетіп, сипаттап береді. Ойын №1: «Дыбысты тап!» Мақсаты: Сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы, соңы) табу арқылы фонематикалық естуді дамыту. Барысы: Тәрбиеші балаларға ойыншықтардың атауын атайды (мысалы: қуыршақ, машина, доп, аю, кітап). Балалар сөздегі белгілі бір дыбыстың қай жерде тұрғанын табады. Мысалы: – «Қуыршақ» сөзінде қ дыбысы қай жерде тұр? (Басында) – «Доп» сөзінде п қайда? (Соңында) Ойын №2: «Кім сипаттады — тап!» Мақсаты: Сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорды кеңейту. Барысы: Бала өз ойыншығын жасырын сипаттайды (түсін, пішінін, не істейтінін айтады), ал қалған балалар оның қай ойыншық екенін табады. Мысалы: – Менің ойыншығым жұмсақ, қоңыр, үлкен, үнемі құшақтап жатамын. Бұл не? (Аю) Күтілетін нәтиже: Балалар дыбыстардың орнын дұрыс анықтайды(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығуларды белсенді орындайды. 2.**<u>Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** Ауылдағы адам еңбегі **<u>Міндеті:</u>** Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. «Кім не істейді?» Мақсаты: Балаларды ауылдағы мамандықтармен, еңбектің түрлерімен таныстыру.	2. Ойын: "Дыбыс естісең — шапалақта!" Мақсаты: Дауысты дыбысты есту арқылы тану, көңіл бөлуді дамыту. Өту барысы: Тәрбиеші дыбыстарды араластырып айтады: мысалы, "м", "а", "с", "о", "р", "і" т.б. Балалар тек дауысты дыбыс естіген кезде ғана шапалақтайды. Егер дауыссыз дыбыс айтылса — тыныш тұрады. Қателескен бала ойыннан уақытша шығады немесе күліп қайтып қосылады. Дауысты дыбыстарға мысал: а, ә, е, и, о, ө, ұ, үі, ы, **і** Жаттығу:Бастырып жазу. Күтілетін нәтиже: дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды анықтау. **<u>2.Математика негіздері</u>** 1 саны және цифры **<u>Міндеті:</u>** 1 саны және цифрымен таныстыру. Тәрбиеші сұрайды: – Қараңдаршы, менің қолымда неше қонжық (немесе сурет)? (Жауап: 1) – Сенің үстіңде неше жейде бар? Сенің атың нешеу? (Барлығы – 1) Қорытынды: Бәрі біреу болса — бұл 1 саны болады! 2. Таныстыру: 1 саны және цифры Тәрбиеші 1 санын көрсетеді (карточка, тақта) Балалармен бірге айтады: "Бұл — 1 саны. Цифры – 1" Қимылмен көрсету: 1 саусақ, 1 аяқ, 1 мұрын, т.б. Бір-бірден заттарды санау: – 1 кітап – 1 гүл – 1 ойыншық т.б.	(мысалы: **ат**) Балалар сол сөзде қандай дауысты дыбыс бар екенін қимылмен көрсетеді: а болса – шапалақтайды о болса – секіреді ы болса – отырып тұрады т.б. (алдымен шарттар бекітіледі) **2**. Дидактикалық ойын: "Дауыстыны тауып айт!" Мақсаты: Сөздегі дауысты дыбысты тыңдап, бөліп айту. Барысы: – Тәрбиеші сөз айтады – Балалар сол сөздегі дауысты дыбысты қайталап айтады Мысалдар: "Көл" – ө "Ит" – и "Үй" – ү "Ана" – а, а Күтілетін нәтиже: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты дыбыстарды түсіну. **<u>2.Математика негіздері</u>** 2 саны және цифры **Міндеті:** 2 саны және цифрымен таныстыру. 1.Тәрбиеші балаларға 2 санының жазылуын көрсетеді: «2» цифры 2 санының мәні туралы айтады: – Мысалы, екі қолыңды көрсет, екі көз, екі аяқ бар екеніңді еске салу Балалар екі заттан тұратын мысалдар келтіреді (екі алма, екі доп, екі гүл) 2. Тапсырма: "Екі санын тап" Балаларға суреттер беріліп, әр суретте әртүрлі заттар саналады Мысалы, екі үй, екі бала, екі кітап, үш ит, бір қыз Балалардан тек екі зат бар суреттерді табу сұралады Табылған суреттерді атап шығу 3. Логикалық ойын: "Қосымша табу"	дауысты дыбыстарды табуды сұрайдыНемесе балаларға карточкалар таратып, әр дыбысты ажыратуға жаттығу жасау 4. Қолдану: Балаларға сөздерді дыбыстық талдауды қайталау Қарапайым сөздерді дыбыстарға бөліп, дауысты және дауыссыз дыбыстарды бөліп айту 5. Қорытынды: Дауысты дыбыстардың ерекшелігін еске салу Дыбыстарды дұрыс айтуға көңіл бөлу Күтілетін нәтиже:сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. **<u>2.Математика негіздері</u>** 3 саны және цифры **Міндеті:** 3 саны және цифрымен таныстыру. Түсіндіру: 3 саны Тәрбиеші 3 санына заттық көрнекілік арқылы түсінік береді: Мысалы:3Алма,3 доп 3 жапырақ Әр топтамада санау: «Қане, неше алма? Бір, екі, үш!» 3 цифрымен таныстыруТақтада немесе үлгіде 3 цифры көрсетіледі. Саусақпен ауада жазу, трафаретпен жүргізу. Салыстыру: 2 мен 3-ті салыстыру. Мысалы: – Мұнда 2 қонжық, ал мұнда 3. Қайсысы көп? Ойын 1: "Үшеуін тап!" Мақсаты: Заттар жиынынан 3-тен тұратын топты табу, санау дағдысын дамыту. Барысы: Тәрбиеші әр түрлі заттардан (ойыншық, сурет, геометриялық фигуралар) тұратын бірнеше топ көрсетеді. Балалар ішінде тек 3 заттан тұратын топтарды табады. Ойын 2: "Үш түсті тауып боя!" Мақсаты: 3 санына сәйкесті түстерді таңдап бояу, саусақ моторикасын дамыту. Барысы: Балаларға сурет немесе бетше беріледі (мысалы, үш шар, үш үйрек, үш алма). Балалар үш затты таңдап,	– "Жақсы дос қандай?" деп сұрайды. Бала жауап береді (мейірімді, көмектеседі, бірге ойнайды, ренжітпейді т.б.) Сосын өзі басқа балаға допты лақтырып, сұрақ қояды. Күтілетін нәтиже: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айта білу,мағынасын түсіну. **<u>2.Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** Жанды және жансыз табиғат **<u>Міндеті:</u>** Табиғатпен таныстыру**.** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Түсіндіру кезеңі (қысқаша): Сұрақ-жауап әдісі арқылы: – Табиғатта не бар? (күн, ағаш, су, жануар, бұлт...) – Адам жасаған заттарды атайықшы? (ойыншық, орындық, доп, кітап...) Жанды табиғат: Өседі, қозғалады, тыныс алады, көбейеді Мысалы: адам, жануарлар, өсімдіктер Өлі табиғат: Өспейді, көбеймейді, қозғала алмайды. Мысалы: күн, су, ауа, мұз, тас, жел, қар, жаңбыр, бұлт 1. Ойын: "Тірі ме, өлі ме?" Мақсаты: Жанды мен өлі табиғат өкілдерін ажырату. Өту барысы: Тәрбиеші сөздер айтады немесе сурет көрсетеді: – мысалы: ағаш, тақта, бұлт, құс, жел, доп, су, кітап Балалар қолдарын көтеріп немесе екі топқа бөлініп: – "Жанды" десе — екі қолын жоғары көтереді

	Құралдар: Суреттер (малшы, диқан, құрылысшы, наубайшы, мұғалім). Ойын барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. Балалар әр мамандық иесінің немен айналысатынын айтады: «Малшы – мал бағады», «Диқан – жер жыртады, егін егеді» т.б. «Жұмыс құралын тап» Мақсаты: Балалардың құрал-сайман туралы түсінігін кеңейту. Құралдар: Суреттер (күрек, тырма, орақ, балға, кітап). Ойын барысы: Балаларға суреттер көрсетіледі. Тәрбиеші: «Диқанға қайсысы керек?», «Құрылысшыға қайсысы керек?» деп сұрайды. Балалар сәйкес құралды таңдайды. <u>Күтілетін нәтиже:</u> Балалар ауылдағы еңбекті реттілікпен әңгімелейді, сөйлеу қабілеті артады. **<u>3.Көркем әдебиет</u>** Күз–жомарт **<u>Міндеті:</u>** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. Жұмбақты шеш. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. *(Жапырақ) Өлең жаттау* Күз–жомарт Тоңазып атырап, Көк жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. «Күз–жомарт»– деймізбіз, Жемісін жейміз біз. *(ЕрмекӨтетілеуұлы)* «Күзгі себет» Мақсаты: Балалардың күзгі жеміс-жидектер мен көкөністерді ажырата білуін қалыптастыру. Құралдар: Жемістер мен көкөністердің суреттері (алма,	3. Сергіту сәті: "Бәрі біреу" (Балалар 1 санына байланысты қимыл жасайды) Мысалы: – Бір қолымды көтеремін – Бір аяқпен тұра алам – Бір көзбен қарай алам – Бір айналып қоям да, – Бір досыма қарай алам! 4. Дидактикалық ойын: "Қайсысы біреу?" Мақсаты: 1 санын ажырату, топтастыру Өту барысы: Балаларға әртүрлі суреттер көрсетіледі (мысалы: 1 алма, 2 банан, 3 шар, 1 жапырақ...) Балалар тек 1 ғана бейнеленген заттарды таңдайды "1 зат бар суретті көрсет" Қиындату: «Неше?» деген сұраққа жауап беру 5. Шығармашылық тапсырма (саусақпен жазу) Ауада 1 санын жазу Құмда немесе тақтада 1 цифрын саусақпен жазу 1 цифрын жіппен, қиықпен, таяқшамен құрастыру Күтілетін нәтиже:1 саны және цифры**<u>н</u>** тану, бастырып жазу. **<u>3.Қазақ тілі</u>** Әке мен балалары М**індеті:** Сөздік қор.Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балалардың назарын сюжеттік суретке аудару – Суреттегі қыз баланың және әкесінің әрекеттерін байқауға шақыру. Қыз баланың әрекетін сөзбен сипаттау – Қыз баланың не істеп тұрғанын 2-3 сөзден, одан да көп сөзбен айтуға жетелеу. Мысалы: "Қыз бала ойнап тұр", "Қыз бала кітап оқып отыр" т.б. Әкесінің әрекетін бейнелеу және «Ә» дыбысының	1 және тағы 1 қанша болады? 2-ден үлкен және кіші сандарды салыстыру (1, 2, 3) Қысқа жұмбақтар (мысалы, – Екі көзім, екі құлағым, мен кім? – адам) 4. Қимылды жаттығу Балалар 2 рет қол шапалақтайды 2 рет аяқ тебеді 2 қадам жасайды Күтілетін нәтиже: 2 саны нені біледі? Қандай заттар екіден тұратыны біледі. **<u>3.Сөйлеуді дамыту</u>** Күз бояуы **Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Күз туралы әңгіме Тәрбиеші күз мезгілін суреттеп, жылы, мәнерлі дауыспен оқиды: "Күз келді. Ағаштар түрлі түске боялып, жел есіп тұр..." Балалар тыңдайды, сұрақтар қойылады: – Күзде қандай түстер болады? – Жел қалай соғады? (жұмсақ, қатты) – Күз қандай мезгіл? 2. Интонацияны сезіну Тәрбиеші сөз тіркестерін түрлі интонациямен айтады (мейірімді, қуанышты, таңырқап, мұңайып) Балалар қайталап айтады, дауыс қарқынын, екпін мен үзілісті байқайды 3. Мәтінді оқу және жаттау Қысқа, көркем мәтін немесе өлеңнің үзіндісін бірге оқиды (мысалы: "Алтын күз келді, жапырақтар түсіп жатыр...") Мәтінді бөліп оқып, әр сөйлемге сәйкес екпін мен үзілісті көрсету	оларды бояйды. Күтілетін нәтиже:3 санын цифрасын таниды.Және оны бастырып жаза алады. **<u>3.Қазақ тілі</u>** Ата әже мерекесі **Міндеті:** Сөздік қор. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету. Тәрбиешінің түсіндіруі:Балалардың назарын сюжеттік суретке аудару Ойын: «Әңгімеле» Барысы: Екі балаға есім қоюларын, және олардың қай жақтан, кімдерге келгендерін әңгімелеп берулерін сұраймын; Ата мен әжелерінің әрекетін қандай болды, қуанғандарын қалай білдіргенін әңгімелетемін; Ойын тапсырма: «Ә»дыбысын тап Ә дыбысының орнын ажырату Сюжеттік рөлдік ойын: «Ата мен әже» Ата-әже мен балалар болып рөльдерді сомдау **Күтілетін нәтиже:** Балалардың сөйлей біліу, тыңдай білу қабілеттерен дамыту. **<u>4.Дене тәрбиесі</u>** Дұрыс тамақтану **<u>Міндеті:</u>** Тепе- теңдікті сақтау. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір- бұдыр тақтай, гимнаст икалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап,жұптарымен айналу. 1.Дұрыс тамақтану туралы қысқаша әңгіме: дұрыс тамақтың адам денсаулығына әсері Балаларға өзгалыстарды түсіндіріп, аттығудың мақсатын айту 2. Жаттығу: Допты қолдан-қолға ауыстыру Балалар жұп болып тұрады Әр қадам сайын допты алдыңғы	– "Өлі табиғат" десе — алақандарын алдына қояды – Адам жасаған зат десе — орнында тұрып секіреді Мысалдар: Құс — жанды Су — өлі табиғат Кітап — адам жасаған зат 2. Сергіту-ойын: "Себетке сал!" Мақсаты: Балалардың өлі табиғат заттарын және жасанды заттарды ажырата білуін қалыптастыру Құралдар: 2 үлкен суретті себет (бірі – "табиғи", екіншісі – "жасанды заттар") Себетке салуға арналған суреттер: тас, жаңбыр, су, ауа, күн, кітап, орындық, доп, қар, ойыншық т.б. Өту барысы: Балалар кезекпен келіп, суретті таңдап, Табиғи, бірақ жансыз зат болса — бірінші себетке салады Адам жасаған зат болса — екінші себетке салады Қиындату үшін: Тәрбиеші "Неліктен бұл затты осы себетке салдың?" деп сұрайды. **<u>3.</u> Сурет/мүсіндеу/жапсыру /құрастыру** Жер асты көліктері **<u>Сурет салу</u>** **<u>Міндеті:</u>** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (боғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау **<u>Мүсіндеу:</u>** **<u>Міндеті</u>**.: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру.**<u>Жапсыру:</u>** **<u>Міндеті:</u>** Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты

	алмұрт, сәбіз, асқабақ, қарбыз, т.б.). Ойын шарты: Балалар суреттерден күзгі жеміс-жидектерді таңдап, Күзгі себетке» салады. Күтілетін нәтиже: Сөздік қоры молаяды, сөйлем құрау дағдысы дамиды; Табиғатқа деген сүйіспеншілігі артады; **4.Дене тәрбиесі** Тепе-теңдікті сақтау **Міндеті:** Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Ойын 1: "Арқан бойымен жүр" Мақсаты: Баланың тепе-теңдігін, үйлесімді қимылын дамыту. Құрал-жабдықтар: Жерге жайылған арқан (немесе таспамен сызылған сызық). Ойын шарты: Балалар бірінің артынан бірі арқан бойымен жүріп өтеді. Бірінші кезеңде — жай жүріс, Екінші кезеңде — өкшені арқанға, аяқтың ұшын еденге қойып жүреді (қосалқы қадаммен), Үшінші кезеңде — аяқтың ұшымен жүріп өтеді. Тапсырма қиындауы мүмкін: Арқанға әр жерге ұсақ кедергілер (мысалы, доп, конус) қойып, оларды аттап өту. Ойын 2: "Секіргіш текшелер" Мақсаты: Қимыл үйлесімділігі мен тепе-теңдікті дамыту. Құрал-жабдықтар: Скамейка үстіне қойылған түрлі түсті текшелер (немесе жастықтар, блоктар). Ойын шарты: Балалар скамейка үстіне қойылған	орнын ажырату – Әкесі не істеп жатыр? Оның әрекетін атаңыз. – Сөздердің ішінде «Ә» дыбысын тауып, оның қай жерде тұрғанын бөліп көрсету. Қолыңа бокс қолғабын киген баланың немен айналысып жатқанын әңгімелеу – Балалардан бокс қолғабын киген баланың қандай спортпен айналысып жатқанын айтуын сұрау. Балалардың іс- қимылдарын қайталату және іс-әрекет жасау – Мысалы, боксшының жаттығуын қайталау: қолды ұрғанға, аяқ қозғалысын қайталау. – Әрекеттерді дұрыс орындауға көңіл бөлу. Балалардың сөйлеу және тыңдау қабілеттерін дамыту – Сұрақтар қойып, балалардың өз ойларын еркін жеткізуін ынталандыру. Тыңдап, жауап беру дағдысын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық білдіретін сөздерді үйрету. **4.Музыка** «Көңілді ырғақтар» **Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл- күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. 2. Музыканы тыңдау және сипаттау Қолдануға болатын шығармалар: – Қуанышты / көңілді әуен (мысалы, "Марш", "Шаттық биі" т.б.) – Баяу / мұңды әуен (салыстыру үшін) Сұрақтар: – Бұл музыка қандай?	Балаларға дауыс қарқынын өзгертіп, мәнерлеп айту тапсырмасы беріледі 4. Ойын: "Интонацияны тап" Тәрбиеші бірнеше сөйлем айтады, әрқайсысын әртүрлі мәнерде (қуанышпен, ренжулі, таңғалған дауыспен) Балалар интонацияны тауып, қайталап айтады 5. Күтілетін нәтиже: Күз туралы өлеңді интонациямен айта алу. **4. Дене тәрбиесі** Дұрыс тамақтану **Міндеті:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру.Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Тәрбиеші сұрақтары: – Біз не үшін тамақтанамыз? – Дұрыс тамақтану деген не? – Қандай тамақ пайдалы? Қандай тамақ зиян? – Күн тәртібінде тамақтану қай кезде болады? – Гигиена деген не? Ол не үшін керек? 2. Топпен жұмыс: "Тамақтану карталары" Жүргізу: Балалар екі топқа бөлінеді Бір топқа пайдалы тағамдар суреттері, екінші топқа – зиянды тағамдар (фастфуд, тәттілер, газдалған сусындар) беріледі Әр топ өз карталарын талқылайды және не үшін пайдалы немесе зиян екенін айтады Содан кейін балалар бірігіп дұрыс тамақтану туралы қорытынды жасайды	немесе артындағы серігіне қолдан-қолға беріп жүреді Қозғалыс кезінде тыныс алу мен қимыл үйлесімділігіне назар аудару 3. Кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру Балалар кедір-бұдыр тақтайға, гимнастикалық скамейкаға шығу және жүруді үйренеді Қиындық деңгейі біртіндеп артады (мысалы, жаяу жүру, содан кейін доппен жүру) 4. Гимнастикалық скамейка бойымен доптардан аттап өту Гимнастикалық скамейка бойымен екі қадам қашықтықта орналастырылған іші толтырылған доптардан доптардың үстінен аттап өту Тепе-теңдік пен дәлдікке назар аудару Қол ұстап жұппенайналу Балалар жұп болып, қолдарын ұстап айналады Ынтымақтастық пен тепе-теңдік сезімін дамытуға бағытталған Күтілетін нәтиже: Дұрыс тамақтану мен дене жаттығуларының өзара байланысын атап білу.	пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. **Құрастыру:** **Міндеті:.** Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Шығармашылық жұмыс: «Жер асты көлігі» (бір қағазда сурет, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру) Жұмыс кезеңдері: Сурет салу (негізгі бөлік) Қағазға жер асты көлігінің қарындашпен салады. Контурды акварель бояуларымен бояйды: фонды таңдап, көліктің негізгі бөліктерін бояу. Мүсіндеу (ермексазбен безендіру) Көліктің корпусын пластилиннен жіңішке шиыршықтар жасап, суреттегі көліктің үстіненемесе айналасына жапсырады (мысалы, көліктің кабинеті, түтікшелері, жолақтары). Жапсыру (қағаздан бөлшектер) Қатты қағаздан дөңгелектерді етіп қиып алады Осы дөңгелектерді көліктің тиісті орындарына желімдеп жапсырады. Күтілетін нәтиже: Жер асты көлігін сурет, мүсіндеу және жапсыру арқылы бейнелейді; Бояу, пластилин және қағазбен жұмыс жасау дағдылары жетіледі; Пішіндерді ажыратып, қиып, құрастыра алады; Өз жұмысын сипаттап, бағалай алады; Шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеті дамиды.

	текшелерден бір-бірлеп аттап өтеді. Әр қадамнан кейін тепе-теңдікті сақтап, 3 секунд тұру керек. – Егер бала тепе-теңдікті жоғалтса, ойынды қайта бастайды	– Ол саған не елестетті? – Музыка көңілді ме, көңілсіз бе? Музыкамен бірге не істеуге болады? (Би, секіру, серуендеу...) 3. Қимылмен бейнелеу ойыны: "Музыканың мінезі" Мақсаты: Музыканың көңіл- күйін қимыл арқылы көрсету. Өту барысы: – Тәрбиеші әртүрлі ырғағы бар әуендер қосады (күрделі емес, балаларға арналған). – Балалар музыканы тыңдап, Қуанышты музыка болса – қуана билейді, секіреді Баяу әуен болса – жай жүреді, қолдарын баяу сермейді Жылдам әуен болса – жүгіреді, ырғақты қимылдар жасайды 4. Музыкалық-ырғақты ойын: "Көңілді қимылдар" Өту барысы: – Музыка тоқтаған кезде бәрі қатып қалады – Музыка қосылғанда – ырғаққа сай қозғалады – Тәрбиеші музыка сипатын өзгертеді (көңілді, баяу, марш т.б.) Балалар әр ырғаққа сай өзгеріп қозғалады Күтілетін нәтиже: Музыканың көңіл-күйін қимыл арқылы көрсете білу	3. Ойын: "Дұрыс таңдау" Мақсаты: Дұрыс және дұрыс емес тамақтану туралы білімді бекіту Ойын ережесі: – Тәрбиеші түрлі тамақ атауларын айтады Балалар дұрыс тамақ болса – қол көтереді, – дұрыс емес болса – бас изейді 4. Гигиена мен күнтәртібі туралы әңгіме – Тамақтанар алдында қолды жуу керек екенін айту, көрсету – Күніне қанша рет тамақтану керек? – Ұйқы мен қозғалыстың денсаулыққа әсері 5. Қимылдық сергіту сәті – "Дұрыс тамақтану" биі (қимылдарды тамақ ішумен, жуумен, жүгіріп ойнаумен байланыстыру) Күтілетін нәтиже: денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру		**4.Музыка** «Көңілді ырғақтар» **Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл- күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Тәрбиеші «көңілді ырғақтар» туралы түсіндіреді Музыканың көңіл-күйге қалай әсер ететінін сұрайды (мысалы, қуаныш, көтеріңкі көңіл, сергектік) 2. Музыка тыңдау және сезіну: Түрлі көңілді музыкалық үзінділерді тыңдату (жедел, ырғақты, жеңіл) Балаларға музыка тыңдап отырып, қандай көңіл-күй туындағанын айтуын сұрау Музыканың темпі мен ырғаққа байланысты қандай сезім пайда болғанын талқылау 3. Қозғалыс пен ырғақ: Музыканың ырғатына сай дене қимылдарын жасау (қолды иілу, аяқпен тұру, сермелу) Ырғақты қол шапалақтау, аяқпен соғу 4. Ойын: «Музыкалық көңіл-күй» Балаларға музыка тыңдатып, олар музыканың мазмұнына сәйкес бейнелеу, мимика және қимылдар жасау ұсынылады Күтілетін нәтиже:Әрбір бала немесе топ өз көңіл- күйін білдіретін қозғалыстарды көрсетеді

Серуенге дайындық	**Жинақтау ойыны:** – Қысқа қимылды ойын ("Қолым қайда?") арқылы балаларды жинақтау. **Киінуге бағыт:** – Балалар ретпен киінеді. – Мұғалім ұқыптылыққа, дұрыс киінуге бағыт береді. **Үнемділік туралы тәрбие:** – «Киімді жерге тастама – ол тез тозады», – «Жоғалтпа — ол шығын», – «Суды үнемдеп қолдану – табиғатты қорғау» деген сияқты қысқа ескерту, бағыт беру. **Серуенге шығу:** – Балалар тыныш түрде, ретпен сыртқа шығады.				
Серуен	**Қоңыр күзді бақылау, салыстыру**	**«Өзге топ балаларының іс-әрекеті »**	**Бақылау: Бұлтты бақылау.** **Мақсаты**: Бұлттың түзілуі	**Ауа-райын бақылау.** **Мақсаты**: Ауа-райын бақылай	**Күзгі жапырақтарды бақылау** **Мақсаты**: Мезгілге байланысты

Серуен	**Бақылау:**Жаңбырды бақылау. **Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. **Еңбек**:Ағаш түптерін қопсыту. **Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. **Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **Мақсаты:**Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. **Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек». **Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату . Еңбек :Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Жеке жұмыс**: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: « Кімге қандай құрал керек? » Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Соқыр теке » . Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. **Еңбек** : Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс**: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: « Күзде не киеміз? » Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . Еңбек : « Әдемі гүлдер » Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс**: Тақпақ. « Жел » Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Орамал тастау » . Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. **Еңбек :** Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. **Жеке жұмыс**: « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным » Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: « Ұшты-ұшты » Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту

	Қимылдық ойын: «Сұр қоян». **Ойын барысы:**Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады. **Экология мәдениеті** **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экология мәдениеті**	болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1.Өткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: « Біз тату баламыз » . **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экология мәдениеті**	түсіндіру. Қимылдық ойын: « Аттамақ » . Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1.Сазбалшықтан « қала » құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік . Тренинг : « Тырналар болып ұшайық » . **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экология мәдениеті**	бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. Дербес ойындар: 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру) Тренинг: « Қолшатыр астында » . **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экология мәдениеті**	мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік үшты, етік үшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар: « Тәтті тоқаштар » пісірейік « Мені қуып жет » . Тренинг: « Шаңырақ » **(Қауіпсіздік сабағы)** **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экология мәдениеті**
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс** Әңгіме құрастыру **Мақсаты:** грамматикалық құрылымды және үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру **Ерасыл** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту, сауат ашу негіздері)**	**Жеке жұмыс** «Шаңырақ» қимылды **ойыны** **Мақсаты:** қозғалыстарды үйлестіруді, реакциялардың жылдамдығын дамыту **Байбарыс** **Дене тәрбиесі****	**Жеке жұмыс** «Алдымен не, содан кейін не болады?» **дид ойыны** **Мақсаты:** себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, қоршаған әлемдегі өсімдіктердің маңыздылығын түсіндіру қабілетін дамыту **Нұрай** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Жеке жұмыс** «Көршіңді ата» дидактикалық ойыны **Мақсаты:** сандар туралы білімді, олардың сандық қатардағы орнын бекіту **Нұрайым** **Танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті (математика негздері)**	**Жеке жұмыс** «Қиып ал да, жапсыр» дидактикалық ойыны **Мақсаты**: қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын бекіту, аппликация элементтерін қағаз парағына орналастыру мүмкіндігі **Таир** **Шығармашылық іс- әрекет**

Балалард ың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары , бейнелеу әрекеті, кітаптард ы қарау және басқалар)	**Ситуациялық әңгіме** «Біз Қазақстанда тұрамыз!» Мақсаты: балаларды өздері тұрып жатқан ел, басты көрікті жерлер, Қазақстанда тұратын халықтар туралы әңгімелеуге үйрету **Қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**«Формалар шеберханасы» ойыны** Мақсаты: балалардың геометриялық пішін туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигура мен заттарды шарттарға сәйкес орналастыру **Танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті (математика негіздері)**	**«Жұпты тап» қимылды ойыны** Мақсаты: жіктеу және сұрыптау дағдыларын, қол-көзді үйлестіруді, қол моторикасын, ойлау дағдысын дамыту **Қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық іс- әрекет (сауат ашу негіздері)** **«Ағаш отырғыз» ойыны** Мақсаты: табиғатқа қамқор болуға үйрету **Экологиялық мдениет**	ЖЖЕ «Көшеде» Мақсаты: көшеде жүру ережелерін таныстыру **«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын** Мақсаты: балалардың жәндіктердің, жануарлардың, құстардың қозғалу жолдары туралы білімдерін бекіту **Қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **«Қажеттілік пен қалау»** Мақсаты: жай зат пен керекті затты ажыратуға үйрету. **Қаржылық сауаттылық**	**Дербес ойын «Пазлды құрастыру»** Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. **Танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті (математика негіздері)** **«Себетті толтыр» ойыны** Мақсаты: ақшаны үнемдеуге үйрету. **Қаржылық сауаттылық**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** Кеңес: Ата-аналармен баланың дұрыс тамақтануы бойынша кеңес беру. **Біртұтас тәрбие.**	**Өнегелі 15 минут** Профилактикалық кеңес: «Тұмаудың алдын алайық» **Біртұтас тәрбие.**	**Өнегелі 15 минут** Балаңыздың сөздік минимумын анықтау бойынша жұмыс жүргізу (кеңес) .	**Өнегелі 15 минут** «Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу жолдары» (**Біртұтас тәрбие. Экологиялық тәрбие беру**)	**Өнегелі 15 минут** Демалыста балаларымен көбірек сөйлесу, уақыт бөлу. Тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Мектепке дейінгі тәрбие ісі меңгерушісі: Л. Т. Ешаева

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»» КММ
Мектепалды «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **3-апта** 13 - 17 қазан 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие « Тәуелсіздік және Отаншылдық » айы
«Апта дәйексөздері»- «Отанды сүю - отбасынан басталады!»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 13.10**	**Сейсенбі 14.10**	**Сәрсенбі 15.10**	**Бейсенбі 16.10**	**Жұма 17.10**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Күй қосу, күй күмбірі. Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, қал жағдайын сұрау, қазақша дұрыс жауап беруін қадағалау. **Музыка*** Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)**	**Күй қосу, күй күмбірі.** Бір-бірімізге қол беріп, Айтамыз жақсы сөз жөн көріп, Қалмаймыз тек іркіле, Сыйлаймыз тек күлкі . **Музыка**** Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)**	**Күй қосу, күй күмбірі.** Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **Музыка**** Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)**	**Күй қосу, күй күмбірі.** Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **Музыка**** Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)**	**Күй қосу, күй күмбірі.** Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу. **Музыка**** Қарым- қатынас іс- әрекеті (сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Санамақ»** Көпшілік қатысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Тоқтамай қателеспей айтып шықса,жүлде алады.Егер қателессе ойыннан шығады. **Дене тәрбиесі****	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Ойын: «Тығылыспақ» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту** Қажетті заттар: Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Айдапсал»** Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Шертпек»** Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» «Белбеу соқ»** Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие** **Дене тәрбиесі****

		бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады**.** **Дене тәрбиесі******	керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді **Дене тәрбиесі******	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие** **Дене тәрбиесі******	
Ертеңгілік жаттығу	**Таяқшамен** Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1. Таяқшаны алға созу. 2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру. 3. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру. 5. Таяқшаны алдыға созып ұстау. 6. Бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау. 2. Сол аяқты оның қасына алып келу. 3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау. 4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру. 1. Таяқшаны жоғары көтеру. 2. Оңға иілу. 3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі**)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Менің Қазақстаным»** **ҚР гимні** Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»	**Адалдық әліппесі** **«Сиқырлы таяқша»** Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.	**Адалдық әліппесі** **«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»** *Ойынның мақсаты:* адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу.	**Адалдық әліппесі** **«Барлығы сабаққа дайын болуы керек»** **Мақсаты:** өзара көмекке, досына қол ұшын беруге тәрбиелеу.Бейнелеу студиясында	**Адалдақ әліппесі** **«Ата-аналарға қамқорлық жасау»** **Ойын мақсаты:** елгезектікке, **а**та-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

	Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру. **Адалдақ әліппесі** **«Қамқорлық гүлі»** **Ойынның мақсаты**: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады**.** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)** **Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс- әрекеті**	Балалар шеңберге тұрып, өздеріне көмек қажет болған жағдайды кезек- кезек айтып береді, мысалы: тісім ауырды, біреу ренжітті, көңіл-күйім болмады т.б. Қатысушылар жағдайларын айтып болғаннан кейін, педагог «сиқырлы таяқшаны» қолына алып, былай дейді: «Сиқырлы таяқша, досыңа көмектес!». Досына қалай көмектесуге болатынын білетін бала қолын көтереді, ал педагог оған таяқшаны береді. Таяқшаны алған қатысушы оны екінші қатысушының қолына тигізеді және оған қалай көмектесуге болатынын айтады. Қиындық туындаған жағдайда педагог баланың қолына таяқшаны тигізіп, оған қалай көмектесу керектігін өзі айтады **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**	Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**	кезекшілер үстелдің үстіне Жапсыру ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған құралдарды қойып жатыр. Баланың қолындағы подностан қайшылар, қылқалам, қарындаштар жерге түсіп кетеді. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: «Не болды? Бала неліктен подносты түсіріп алды?» Балалар оны нашар кезекші, ол жұмысын кеш бастағандықтан асықты деп жауап беруі мүмкін. «Бұл жағдайда басқа балалар не істеуі керек?» - деп сұрайды тәрбиеші. Балалардың болжамды жауабы: «Кезекшілердің өздері бәрін дайындауы керек». Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, «дұрыс айтасыңдар, кезекшілер әрқашан бәрін өздері дайындайды; бірақ осындай жағдай болғандықтан, оларға көмектесудің қажеті жоқ па? Себебі сабақты тоқтатуға болмайды» дейді. Сюжеттің дамуы: А) кезекші қыз бала өз подносын үстелге қойып, досына көмектеседі; б) басқа бала (кезекші емес) кезекшіге шашылған заттарды жинауға көмектеседі. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**	Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; - әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**
Кестеге сәйке ҰІӘ	**1.Сөйлеуді дамыту** Әжесін кім жақсы көреді **Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Тәрбиеші түсіндіруі : – Балалар, сендер әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? – Әже бізге не үйретеді? (Жақсылыққа, қамқорлыққа,	**1 .Сауат ашу негіздер** Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз **Міндеті:** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу. Тәрбиешінің түсіндіруі – Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз сөзді буынға бөліп, оны сызба түрінде көрсетуді үйренеміз. – Алдымен «буын» деген не екенін еске түсірейік. Түсіндіру: – Сөз айтылғанда, біз дауысты дыбыстарды естиміз.	**1.Сауат ашу негіздері** Буынға бөлейік **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз сөздерді буынға бөліп үйренеміз. Буын — бұл сөздің дыбыстар тобы, яғни бір дауысты дыбысы бар бөлшек. Мысалы: Ана — 2 буыннан тұрады (А-на) Бала — 2 буыннан тұрады (Ба-ла) Қарбыз — 2 буыннан	**1.Сауат ашу негіздері** Ойнай отырып оқимыз **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз сөздерді буынға бөліп үйренеміз. Буын — бұл сөздің дыбыстар тобы, яғни бір дауысты дыбысы бар бөлшек. Мысалы: Ана — 2 буыннан тұрады (А-на) Бала — 2 буыннан тұрады (Ба-ла) Қарбыз — 2 буыннан тұрады (Қар-быз) Алма — 2 буыннан тұрады (Ал-ма) Мектеп — 2 буыннан тұрады (Мек-теп)	1.**Көркем әдебиет** Отан **Міндеті.** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Тәрбиешінің түсіндіруі -Біздің Отанымыз қалай аталады? -Бізқай елде тұрамыз? -Біздің ұлтымыз қалай аталады? -Біз қай тілде сөйлейміз? Біздің туған еліміз, Отанымыз – кең-байтақ Қазақстан. Отан дегеніміз – туған жеріміз, Отан өз отбасыннан басталады. Сен алысқа кетсең, үйіңді сағынасың. Туған жердің

	еңбекке үйретеді.) – Әже немересін қалай еркелетеді? – Әжеміз бізге тәтті тағамдар пісіреді, ертегі айтып береді. – Біз де әжемізге көмектесеміз, жақсы сөз айтамыз. -Қазір «Әжесін кім жақсы көреді?» әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. 1. «Әже не істеп жатыр?» Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілін дамыту, қимылдарды сипаттап айтуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді (әже қамыр илеп жатыр, әже жіп иіріп отыр, әже немересін сипап отыр). Балалар: – Әже қамыр илеп жатыр. – Әже жіп иіріп отыр. – Әже немересін жақсы көріп отыр «Жақсы сөз айт!» Мақсаты: Балаларды мейірімді сөз айтуға, жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Барысы: Балалар допты бір-біріне лақтырып, «Әжеме айтамын...» деп жақсы сөз айтады: – «Әжеме рахмет!» – «Әжеме гүл берем!» – «Әжем мейірімді!» Күтілетін нәтиже: сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді. **<u>2.Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады? **Міндеті:** Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау,олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. **1.** «Неден жасалған?»	– Әр дауысты дыбыс – бір буын құрайды. Мысалы: ба-ла – екі буын. ал-ма – екі буын. мы-сық – екі буын. күн – бір буын. – Демек, сөздің буын саны – онда қанша дауысты дыбыс бар екеніне байланысты. Сызба түрінде көрсету: Тәрбиеші тақтада көрсетеді: Сөз Буынға бөлу Сызбасы Алма ал-ма○–○ балаба-ла○–○ гүл гүл○ қоян қо-ян○–○ кітап кі-тап○–○ Дидактикалық ойындар: 1. «Буынға бөл де, сыз!» Мақсаты: Сөзді буынға бөлу және сызба жасау дағдысын қалыптастыру. Барысы: Тәрбиеші сурет көрсетеді (алма, қоян, гүл, кітап). Балалар сөзді атайды, буынға бөледі, тақтаға сызбасын салады. Мысалы: – «Ал-ма» – ○–○ – «Гүл» – ○ 2. «Қанша буын бар?» Мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырата білу. Барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: «Ана», «Бала», «Күн», «Құс», «Алма». Балалар қол соғып немесе шапалақтап буын санын көрсетеді. Мысалы: – «Ана» – екі шапалақ – «Күн» – бір шапалақ	тұрады (Қар-быз) Алма — 2 буыннан тұрады (Ал-ма) Мектеп — 2 буыннан тұрады (Мек-теп) Тәрбиеші буындарды қол шапалақтап, сөйлемей, ырғақпен айту арқылы түсіндіреді. Мысалы: «А-на» — екі рет шапалақтаймыз. «Балапан» — үш рет шапалақтаймыз (Ба-ла-пан). Дидактикалық ойындар: 1. «Қанша буын бар?» Мақсаты: Сөздің буын санын анықтау. Ойын барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді (мысалы, алма, қоян, қарға, мектеп). Балалар сөзді атайды және шапалақ арқылы буынға бөледі. Кім дұрыс және тез айтады, сол жеңімпаз. 2. «Буындарды тап!» Мақсаты: Сөзді құрайтын буындарды сәйкестендіру. Көрнекілік: Карточкаларда жазылған буындар: (ба, ла, ма, на, ме, ке, теп, пан, тық т.б.) Ойын барысы: Балалар буындардан сөз құрайды: Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындайды Күтілетін нәтиже: Сөздерді буынға бөлуді меңгереді. **2.Математика негіздері** 9 саны және цифры **Міндеті:** Көрнекілік арқылы 9 санының пайда болуымен таныстыру. Тәрбиешінің түсіндіруі әрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, өткен сабақта біз	Тәрбиеші буындарды қол шапалақтап, сөйлемей, ырғақпен айту арқылы түсіндіреді. Мысалы: «А-на» — екі рет шапалақтаймыз. «Балапан» — үш рет шапалақтаймыз (Ба-ла-пан). «Буындар әлеміне саяхат» Мақсаты: Буыннан сөз құрау қабілетін жетілдіру. Барысы: Тәрбиеші әр балаға түрлі буын жазылған шарик немесе карточка береді. Балалар жұптасып, өз буындарынан мағыналы сөз құрастырады. Мысалы: «ал» және «ма» — «алма». 4. «Кім тез бөледі?» Мақсаты: Сөзді тез және дұрыс буынға бөлуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады, балалар жарысып буынға бөледі Қарбыз – Қар-быз Терезе – Те-ре-зе Құмырсқа – Құ-мырс-қа Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже:Буыннан сөз құрай алады,сөздерді буынға бөле алады. **2.Математика негіздері** 0 саны және цифры **Міндеті:** 0 саны және цифрымен таныстыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз 0 саны мен оның цифрымен танысамыз. Қане, бәріміз бірге 1-ден 10-ға дейін санайық: 1, 2, 3, 4, 5,6,7,8,9,10 Ал енді егер заттар мүлде болмаса, нешеу болады? – Ештеңе жоқ! Міне, осындайда біз 0 дейміз. Яғни, 0 саны — ештеңе жоқ дегенді білдіреді. Мысалы: Себетте 3 алма болды. Егер бәрін	топырағы, гүлдері, ойнаған жерлерің есіңе түседі. Туған жерсіз адамның күні жоқ.Қазақстанның жері кең, табиғаты бай, ормандары, таулары мен көлдері, шексіз даласы,қалалары–біздіңмақтанышымыз.25қазан–Қазақстан Республикасының құрылған күні. Бұл – біз үшін үлкен мереке, қуанышты күн! Бүгін ақын Мұқағали Мақатаевтың«Отан»өлеңімен танысамыз. М.Мақатаев «Отан» өлеңін оқып беру Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем, Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған, Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған Жаным менің, Кеудемді жарып шық та, Бозторғайы бол оның шырылдаған! Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем Қазақстан Республикасы,көрікті жерлері туралы кітаптар көрсету Күтілетін нәтиже: Өлеңнің бір-екі шумағын жаттайды,кітаптардағы суреттерді тақырыппен байланыстырады. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Менің мекен жайым **Міндеті:** Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

	Мақсаты: Балалардың ойлауын, байқағыштығын дамыту. Тәрбиеші суреттер немесе нақты заттар көрсетеді: орындық, үстел, киім, кесе, доп. Балалар жауап береді: — Орындық – ағаштан. — Кесе – әйнектен. — Киім – матадан. — Қасық – металдан. 2. «Артық затты тап» Мақсаты: Топтастыруға үйрету. 3 ағаштан жасалған зат (орындық, үстел, есік) және 1 темір зат (қасық) көрсетіледі. Балалар артық затты табады. 3. «Не сынғыш? Не сынбайды?» Мақсаты: Материалдардың қасиеттерін түсіну. Балаларға суреттер көрсетіледі: әйнек стакан, темір қасық, пластмасса доп, ағаш таяқ. Сұрақ: «Қайсысы сынғыш? Қайсысы сынбайды?» Күтілетін нәтиже: Заттардың қандай материалдардан жасалғанын біледі. **<u>3.Көркем әдебиет</u>** **«**Шаруа мен аю» **Міндеті**: Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. 1. Ертегіні мәнерлеп оқып беру. 2. Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру.	3. «Буынды тап!» Мақсаты: Сөзден берілген буынды табу. Барысы: Тәрбиеші айтады: – Қай сөзде «ма» буыны бар? (алма, мама) – Қай сөзде «ба» буыны бар? (бала, бауырсақ) Балалар қол көтеріп, дұрыс сөзді атайды. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже:Сөзді буынға бөліп үйренеді. **2.Математика негіздері** 9 саны және цифры **Міндеті:** 9 саны және цифрымен таныстыру. Тәрбиешінің түсіндіруі – Балалар, өткен сабақта біз қай санмен таныстық? (8) – Дұрыс! Ал бүгін біз жаңа санмен танысамыз. Ол – 9 саны. Тәрбиеші заттарды көрсетеді: – Мына үстелде 9 алма бар. Қане, бірге санайық: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9. – Егер бір алманы алсақ, неше қалады? (8) – Ал біреуін қосқанда, неше болады? (9) Түсіндіру: – Демек, 9 саны – 8-ден кейін, 10-нан бұрын келеді. – 9 саны 8-ге 1-ді қосқанда пайда болады: – Ал 9-дан 1-ді алсақ, 8 қалады: Цифрды таныстыру: – Бұл – 9 цифры. – Ол дөңгелек және сызықтан тұрады. – 9 цифрын жазу үшін	қандай санмен таныстық? (9) – 9 саны неден кейін, ненің алдында келеді? (8-ден кейін, 10-ның алдында.) – Қане, бәріміз бірге 1-ден 9-ға дейін санайық! Балалар: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9! – Дұрыс! Ал енді 9 цифрын есімізге түсірейік. – 9 цифрының үсті дөңгелек, асты сызық түрінде жазылады. Тәрбиеші: – менде 9 шар бар. Біреуін алып тастасам, неше қалады? (8) – Біреуін қосып қойсам, неше болады? 1. «Сандарды орнына қой» Мақсаты: 1-ден 9-ға дейінгі сандарды ретімен орналастыру. Барысы: Тәрбиеші аралас цифр карточкаларын таратады. Балалар оларды дұрыс ретімен орналастырады: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9. 2. «9 санының көршілері» Мақсаты: 9 санының көршілерін бекіту. Барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: – 9-дың алдында кім тұр? (8) – Кейін ше? (10) Балалар сан қатары арқылы көрсетеді. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже: 9 ға дейін санайды ,9 цифрын таниды. **3.Сөйлеуді дамыту.** Үлгілі бала **Міндеті**. Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес	жесек, себетте не қалады? Дұрыс, 0 алма! Яғни, 0 — ештеңе жоқ, бос деген сөз. Цифр 0 осылай жазылады — 0 (дөңгелек сияқты). Ол әрқашан басқа сандардың жанында да тұра алады: 10, 20, 30 — мұнда 0 бар, бірақ басқа санмен бірге тұрғанда мағынасы өзгереді. Сұрақ-жауап: 0 саны нені білдіреді? Егер ойыншықтар жоқ болса, нешеу дейміз? 0 саны басқа сандардың жанында бола ала ма? 0 қандай пішінге ұқсайды? Дидактикалық ойындар: 1. «Қай себет бос?» Мақсаты: 0 санының мәнін түсіндіру. Көрнекілік: суреттер — ішінде алмасы бар және бос себеттер. Ойын барысы: Тәрбиеші бірнеше сурет көрсетеді: — Бір себетте 3 алма, екіншісінде 1 алма, ал үшіншісі бос. Балалар сұраққа жауап береді: — Қай себетте 0 алма бар? — Бос себетте! 2. «Сана да айт» Мақсаты: 0-ге дейінгі кері санауды үйрету. Ойын барысы: Балалар 10-нан бастап 0-ге дейін кері санайды:10,9,8,7,6, 5, 4, 3, 2, 1, 0! (Соңында бәрі бірге айтады: «Ештеңе жоқ!») Мысалы, ойыншықтар «жасырынып қалғандай» көрсетіледі. 3. «Жоғалған ойыншық» Мақсаты: 0 санының мағынасын тәжірибе арқылы бекіту. Ойын барысы: Үстелде бірнеше ойыншық тұрады. Тәрбиеші оларды біртіндеп алып тастайды:	Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, әрқайсымыздың өз үйіміз бар. Біз сол үйде ата-анамызбен, бауырларымызбен тұрамыз. Біздің үйіміз белгілі бір көше мен елді мекенде орналасады. Міне, осының бәрін бірге «мекенжай» деп атаймыз. Мысалы: Менің мекенжайым: Қала — Алматы қаласы Көше — Достық көшесі Үй — №10 үй Пәтер — №5 Тәрбиеші тақтадан немесе сурет арқылы қала, ауыл, көше, үй суреттерін көрсетеді. Балалардан сұрайды: Сен қай көшеде тұрасың? Үйің қандай? (бір қабатты, көп қабатты) Үйіңнің жанында не бар? (ағаш, дүкен, мектеп, балабақша т.б.) Тәрбиеші балалардың жауаптарын мақтап, әрқайсысының өз мекенін атай алуына көмектеседі. 1. «Менің үйім қайда орналасқан?» Мақсаты: Балаларды өз мекен-жайын атауға және бағытты түсінуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші балаларға түрлі суреттер көрсетеді (қала, ауыл, көше, үй, мектеп). Балалар өз үйлерінің суретіне ұқсас суретті таңдайды және былай дейді: «Мен ауылда тұрамын», «Менің үйім биік үй», «Біздің көше таза және кең». 2. «Жол ережесін есінде сақта» Мақсаты: Мекен-жайға бару жолында қауіпсіздік ережелерін үйрету. Барысы: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: Үйден мектепке қалай

	3. Ертегіні рөлдерге бөліп саханалату. «Аюға берме!» қимылды ойыныМақсаты: Шапшаңдық пен қимыл дағдысын дамыту. Балаларға «шаруа» мен «аю» рөлдері беріледі. «Жер асты жемісі» дегенде балалар отырып қолдарын төмен көрсетеді. «Жер үсті жемісі» дегенде қолдарын жоғары көтереді. Аю шатасып қимылды қайталаса – ойыннан шығады. Күтілетін нәтиже: Ертегі мазмұнын түсінеді,рөлдерге бөліп ойнайды. **4.Дене тәрбиесі** Жүгіру **Міндеті:** Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы20метр) жүгіру. Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз «Жүгіру» жаттығуын орындаймыз. Жүгіру – денемізді шымыр, аяқтарымызды мықты етеді. Бірақ жүгірудің де түрлері бар: Баяу қарқынмен жүгіру – дем алып, тыныс алу үшін. Орташа қарқынмен жүгіру – төзімділікті арттыру үшін. Жылдам жүгіру – күш пен ептілікті дамыту үшін. – Жүгіру кезінде неге назар аудару керек? Арқаны тік ұстау; Алға қарау; Қолды дұрыс сермеу; Бір-біріне соғылмау; Белгі бойынша бастау және тоқтату. Дайындық бөлімі (жылыну):	алдымен кішкене дөңгелек, одан кейін төменге түскен сызық сызамыз. Дидактикалық ойындар: 1. «Сана да ата» Мақсаты: 9 санына дейінгі заттарды санауға үйрету. Барысы: Тәрбиеші түрлі суреттер көрсетеді (алма, гүл, доп). Балалар санайды: – «1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.» – «Барлығы – 9 гүл.» 2. «Көршісін тап!» Мақсаты: 9 санының көршілерін анықтау. Барысы: Тәрбиеші сұрайды: – 9-дың алдындағы сан қандай? (8) – 9-дың кейінгі саны қандай? (10) Балалар сан қатары бойынша көрсетіп айтады. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже: 9 цифрымен танысады. **3.Қазақ тілі** Күз **Міндеті:** Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Балалар, жылдың неше мезгілі бар? (Балалар: «Төрт мезгіл!») – Дұрыс айтасыңдар! Олар: қыс, көктем, жаз және күз. – Ал бүгін біз күз мезгілімен танысамыз. Тәрбиеші сурет көрсетеді: – Мына суретке қараңдаршы. Табиғатта қандай өзгерістер болып жатыр? (Балалар: «Жапырақтар	қолдануға көмектесу. Тәрбиешінің түсіндіруі – Балалар, «үлгілі бала» деген кім деп ойлайсыңдар? (Балалардың жауаптары тыңдалады: «жақсы оқитын», «ұқыпты», «сәлемдесетін» т.б.) – Дұрыс айтасыңдар. Үлгілі бала – үлкенді сыйлайды, кішіні құрметтейді, өтірік айтпайды, тәртіпті болады. – Ол мектепке, балабақшаға уақытында келеді, тапсырмасын орындайды, достарына көмектеседі. – Үлгілі баланың жүзінен күлкі кетпейді, сөзі сыпайы, киімі таза болады. Мен сендерге «Нағыз дос» деп аталатын әңгіме оқып беремін. -Балалар, Ерлан мен Дидардың оқиғасын өз ойынмен жалғастырыңдар. Әрі қарай не болды деп ойлайсыңдар? Оқиға қалай аяқталуы мүмкін? -Дидардың орнында болсаң, сен не істер едің? 1. «Жақсы – жаман» Мақсаты: Жақсы және жаман қылықтарды ажырата білуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші түрлі суреттер көрсетеді (баланың қоқыс тастауы, гүлге су құюы, ұрып жатқаны т.б.) Балалар айтады: – Бұл жақсы қылық. – Бұл жаман қылық. Ойын соңында жақсы қылық жасаған бала бейнесін мадақтайды. 2. «Мен үлгілі баламын» Мақсаты: Баланың өзін-өзі дұрыс бағалауын дамыту. Барысы: Балалар кезекпен айтады: – Мен үлгілі баламын, өйткені…	— Ал енді нешеу қалды? — Біреу қалды. Ал енді ше? – 0! (Ештеңе қалмады.) Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже 0 саны мен цифрын біледі. **3.Қазақ тілі** Арыстан **Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез- құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз жыртқыш аң — арыстанмен танысамыз. Арыстан — ормандағы жануарлардың патшасы деп аталады. Ол өте күшті, батыл, әрі ержүрек аң. Арыстанның үлкен жалы бар, дауысы қатты ақырады. Ол өз отбасы мен мекенін қорғайды. Сөздікпен жұмыс: Арыстан — жыртқыш аң. Жалы — мойнындағы ұзын түгі. Батыл — қорықпайтын. Патша — бәріне басшылық ететін. Балалар, менің артымнан қайталаңдар: арыстан, ары-стан, арыстан – жыртқыш аң. «Арыстан мен тышқан» (қысқаша нұсқасы) Бір күні арыстан ұйықтап жатқанда, бір кішкентай тышқан үстінен жүгіріп өтеді. Арыстан оны ұстап алып, ашуланады. Тышқан жалбарынады: – Мені	келесіңдер? Жолдан қалай өтесіңдер? Балалар жауап береді, тәрбиеші суретпен толықтырып түсіндіреді: «Жолдан тек жаяу жүргінші өткелінен өтеміз», «Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда жүреміз» Күтілетін нәтиже:өз тұратын мекен -жайы туралы түсінік қалыптасады. **3.Сурет/мүсіндеу/жапсыру/ құрастыру** Су көліктері **Сурет салу** **Міндеті:** Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). **Мүсіндеу:** **Міндеті.** Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. **Жапсыру:** **Міндеті:** Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Құрастыру:** **Міндеті:.** Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. 1.Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз теңізде жүзіп жүрген кемелер мен қайықтарды сурет саламыз. Кеме судың бетімен жүреді, оның корпусы, трубасы, желкені, терезелері болады. Алдымен көк түспен су мен аспанды саламыз, сосын кеме

	(2–3 минут) Қолды жоғары-төмен сермеу; Иықты айналдыру; Белге айналмалы қозғалыс жасау; Тізені, табанды қыздыру; Жеңіл жүріс → баяу жүгіру. Тәрбиешінің сөзі: – Денеміз қызды, енді кедергілерден өтеміз! 1-тапсырма: «Кедергілерден өту арқылы жүгіру» Мақсаты: Ептілік пен үйлесімділік дамыту. Барысы: Балалар кезекпен: Шеңбердің ішінен секіріп өтеді; Таяқшадан аттайды; Төсеніштен жүгірумен өтеді. Барлығы 1,5–2 минут тоқтамай орындайды. Тәрбиешінің нұсқауы: – Бірде баяу, бірде жылдам жүгіріңдер. – Кедергіден өтсең, тепе-теңдікті сақта! 2-тапсырма: «Жүгіру мен жүруді алмастыру» Мақсаты: Төзімділік пен тыныс алу ырғағын дамыту. Барысы: Балалар 100–120 метр арақашықтықты жүгірумен және жүрумен алмастыра өтеді. Мысалы: 20 м – жүгіру → 10 м – жүру → 20 м – жүгіру → 10 м – жүру. Тәрбиеші: – Тыныс алыңдар, дем шығаруды ұмытпаңдар. – Баяу жүгіріп, кейін жылдамдық қосыңдар. 3-тапсырма: «20 метрге дейін жылдамдыққа жүгіру» Мақсаты: Жылдамдық пен күшті дамыту. Барысы: Балалар белгіленген сызықтан бастап ысқырық белгісімен 20 метрге дейін жарыса жүгіреді. Тәрбиеші: – Кім бірінші жетеді?	сарғайған», «Жаңбыр жауады», «Құстар жылы жаққа ұшады».) – Дұрыс! Күзде күн салқындап, жел соғады. – Ағаштардың жапырақтары сарғайып, түседі. – Адамдар егін жинайды, бақшадан көкөніс, жеміс тереді. – Күз айларын кім айтады? (Балалар: қыркүйек, қазан, қараша.) – Жарайсыңдар! Күз – береке, молшылық мезгілі. «Ауа райын тап!» Мақсаты: Күз мезгіліндегі ауа райын ажырата білу. Барысы: Тәрбиеші түрлі суреттер көрсетеді (күн, жаңбыр, қар, жел). – Қай сурет күзге тән? Балалар жауап береді: – «Жаңбырлы», «Желді», «Бұлтты». «Күзгі сөздер» Мақсаты: Күз туралы сөздік қорды бекіту. Барысы: Тәрбиеші доп лақтырады, бала күзге қатысты бір сөз айтады: – Жапырақ, жаңбыр, жел, егін, алма, күз, суық т.б. **4.Музыка** «Күзгі жаңбыр» **Міндеті:** Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, күз мезгілінде күн салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі, көбінесе жаңбыр жауады. Бүгін біз күзгі жаңбырдың әуенін тыңдап, оның ырғақтарын қимыл арқылы көрсетеміз. Музыкада жаңбыр кейде баяу	(мысалы: «Мен бөлмемді жинаймын», «Мен үлкендерге көмектесемін», «Мен амандасамын») 3. «Кім не істейді?» Мақсаты: Еңбекке баулу және тәртіптілікке үйрету. Барысы: Тәрбиеші айтады: – Үлгілі бала не істейді? Балалар жауап береді: – Үлгілі бала үстелін жинайды. – Үлгілі бала достарына көмектеседі. – Үлгілі бала сабырлы болады. Күтілетін нәтиже: сөздерді мағынасына сәйкес қолданады. **4.Дене тәрбиесі** Ұлттық қимылды ойындарды **Міндеті:** Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біздің халқымыз ежелден ойынға бай. Қазақ халқы ұлттық ойындар арқылы балаларды батылдыққа, ептілікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа үйреткен. Бүгін біз осындай қызықты ұлттық ойындарды ойнап көреміз. Ойын кезінде бір-бірімізге сыйластық танытамыз, ережені сақтаймыз, және адал ойын көрсетеміз.	жібер, мен де бір күні саған көмектесермін! — дейді. Арыстан күліп, оны босатады. Бір күні аңшылар арыстанды торға түсіреді. Тышқан келіп, торды кеміріп, арыстанды босатады. Сонда арыстан: – Рахмет, кішкентай досым, енді мен саған әркашан сенемін! — дейді. Тәрбиешінің қорытынды сөзі: Кішкентай болса да, әркімнің көмегі пайдалы болуы мүмкін. Адамды да, жануарды да құрметтеу керек. Дидактикалық ойындар: 1. «Кім қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Жануарлардың атауын және олардың дыбыстарын ажырату. Ойын барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: арыстан, ит, мысық, құс, сиыр. Балалар дыбыстап көрсетеді: Арыстан — «р-р-р» Ит — «ау-ау» Мысық — «мяу» 2. «Арыстанның орманында» Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, сөз тіркесі құрастыру. Ойын барысы: Тәрбиеші: «Арыстан орманда не істейді?» Балалар жауап береді: — Арыстан жүреді. — Арыстан ұйықтайды. — Арыстан ақырады. — Арыстан аң ұстайды. 3. «Кімнің көлеңкесі?» Мақсаты: Зейін мен қиялды дамыту. Көрнекілік: Аңдардың көлеңке суреттері (арыстан, қоян, аю, түлкі). Балалар көлеңкеге қарап, қай аң екенін табады. — Бұл қай аң? — Бұл — арыстан! Күтілетін нәтиже: Ертегіммазмұны бойынша жабайы жануарлар тіршілігімен танысады.	пішінін сызамыз. Қаласаңдар, айналасына толқын мен күн де қосуға болады. Жұмыс түрі: Балалар гуашь немесе түрлі-түсті қарындашпен сурет салады; Кемелерді өз қиялымен безендіреді. 2. Тәрбиешінің түсіндіруі: Қайықтың пішіні ұзынша, екі ұшы үшкір келеді. Біз пластилиннен қайық жасап, үстіне кішкентай желкен орнатамыз. Алдымен қайықтың денесін домалақтап, кейін ұзынша созамыз. Ортасын саусақпен басып, ішін шұңқыр қыламыз. Қаласаңдар, үстіне кішкентай адам, жалау, немесе ескі таяқ қосуға болады. 3. Тәрбиешінің түсіндіруі: Кемені тік төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер сияқты пішіндерден жасауға болады. Мысалы: корпусы — тік төртбұрыш, желкені — үшбұрыш, терезесі — кішкентай шеңбер. Біз алдымен пішіндерді қиып аламыз, сосын дұрыс ретпен жабыстырамыз. Судың түсі көк, аспан ашық, ал кеме қызыл немесе сары түсті болуы мүмкін. 4. Тәрбиешінің түсіндіруі: Кеме мен қайық бірнеше бөліктен тұрады. Біз бүгін сол бөліктерден өз кемемізді құрастырамыз. Кім конструктордан, кім қағаздан, ал кім картоннан жасайды — өз еріктеріңде. Кеме су бетінде жүзіп тұру үшін төменгі бөлігі жалпақ, үсті жеңіл болуы керек. Ендеше, өз кемемізді берік, әдемі етіп құрастырайық. Жұмыс түрі: Балалар жеке немесе шағын

	– Бірақ қауіпсіздікті сақтаймыз, итерісу болмайды! Күтілетін нәтиже: Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жүгіредң	тамшылап, кейде қатты жауып тұрғандай әсер береді. Сендер соны қимылдарыңмен, қолдарыңмен, дене қимылыңмен бейнелейсіңдер. Музыкалық тыңдау: П. Чайковскийдің «Жаңбыр» әуені (немесе басқа жеңіл, баяу жауын әуені). Тәрбиеші: «Музыка қандай көңіл күйде?» «Жаңбырдың дыбысы қандай?» «Қай кезде жаңбыр жай жауады, ал қай кезде қатты жауады?» Балалар музыка тыңдай отырып, саусақтарымен жаңбыр тамшыларын бейнелейді: «Тып-тып-тып...» — деп саусақтарымен үстелге немесе алақандарына тықылдатады. Қимылды ойындар: 1. «Жаңбыр жауды» Мақсаты: Қимыл үйлесімділігін дамыту. Барысы: Музыка ойнағанда балалар алақандарымен тып-тып қағады (жаңбыр жауғандай). Музыка күшейгенде — қолдарын жоғары көтеріп, қатты жаңбырды көрсетеді. Музыка бәсеңдесе — жаңбыр басылып, балалар «күн шыққандай» қуана билейді. Тәрбиеші: «Жаңбыр жауып тұр... енді тоқтады... күн шықты!» — деп бағыт береді. Күтілетін нәтиже:Музыка жанрында күз мезгілінің сипатын түсінеді.	1 «Асық ату» (жеңілдетілген нұсқасы) Мақсаты: Көз мөлшерін, қол дәлдігін дамыту. Барысы: Балалар шеңберге отырып, кезекпен асық атады. Кім дәл тигізсе — сол жеңімпаз. Тәрбиеші қауіпсіздік ережесін түсіндіреді: «Асықты тек белгіленген жерден атамыз.» 2. «Арқан тарту» Мақсаты: Күш пен бірлікті дамыту. Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Белгі бойынша арқанды екі жаққа тартады. Қай топ қарсыласты өз жағына тартып әкелсе — сол жеңеді. Бұл ойын бірлікті, күшті, батыл болуды үйретеді. Күтілетін нәтиже: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысады.	**4. Дене тәрбиесі** Ұлттық қимылды ойындарды **Міндеті**: Қимылды ойындар Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біздің халқымыз ежелден ойынға бай. Қазақ халқы ұлттық ойындар арқылы балаларды батылдыққа, ептілікке, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа үйреткен. Бүгін біз осындай қызықты ұлттық ойындарды ойнап көреміз. Ойын кезінде бір-бірімізге сыйластық танытамыз, ережені сақтаймыз, және адал ойын көрсетеміз. 1.«Соқыр теке» Мақсаты: Ептілік пен кеңістікте бағдар табуды дамыту. Барысы: Бір бала «соқыр теке» болады, көзі байланады. Қалғандары шеңбер құрып айнала қашады. «Соқыр теке» бір баланы ұстап, атын табуы керек Балалар айқайлап: «Соқыр теке, кімді ұстайсың?» – деп қызықтырады 2. «Ақ серек, көк серек» Мақсаты: Шапшаңдық пен топтық ойын дағдысын дамыту. Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Топтар бір-біріне қарап тұрып, әндетіп айтады: «Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?» Сонда қарсы топ бір баланың атын айтады, ол жүгіріп келіп, тізбекті	топпен жұмыс жасайды. Конструктор, LEGO немесе түрлі түсті қағаз пайдаланылады Күтілетін нәтиже:Балалар қалауы бойынша шығармашылық жұмысты қызыға орындайды. **4.Музыка** «Күзгі жаңбыр» **Міндеті:** Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, күз мезгілінде күн салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі, көбінесе жаңбыр жауады. Бүгін біз күзгі жаңбырдың әуенін тыңдап, оның ырғақтарын қимыл арқылы көрсетеміз. Музыкада жаңбыр кейде баяу тамшылап, кейде қатты жауып тұрғандай әсер береді. Сендер соны қимылдарыңмен, қолдарыңмен, дене қимылыңмен бейнелейсіңдер. 1.«Бұлттар мен күн» Мақсаты: Музыкаға сай қозғалыс жасауға үйрету. Барысы: Тәрбиеші балаларды екі топқа бөледі: бір топ – «бұлттар», екіншісі – «күн». Музыка баяу болса — бұлттар жүзіп өтеді. Музыка көңілді болса — күн шығып, балалар қолдарын жайып, секіреді. 2. Дыбыс тыңдау ойыны «Тамшының үні» Мақсаты: Музыкалық дыбысты ажырата білу. Барысы: Тәрбиеші әртүрлі аспаптан

				бұзуға тырысады. Бұза алса – өз тобына жеңіс ұпайы келеді 3. «Кім жылдам?» (жарыс ойыны) Мақсаты: Жылдамдық, тепе-теңдік, қимыл үйлесімділігін дамыту. Барысы: Балалар қатарға тұрады. Белгі бойынша жүгіреді, кедергіден өтеді немесе белгіленген жерге дейін секіреді. Кім бірінші жетсе — сол жеңімпаз. Күтілетін нәтиже: Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысады	немесе таяқшамен үстелге соғып, дыбыстар шығарады. Балалар «бұл қандай жаңбыр?» деп табуы керек: баяу дыбыс — «жай жаңбыр», қатты дыбыс — «нөсер жаңбыр». 3. «Жаңбыр биі» Мақсаты: Би арқылы табиғат құбылысын сезінуге үйрету. Барысы: Музыка ырғағымен балалар жаңбыр тамшыларындай баяу қозғалып, қолдарын жоғары-төмен сермейді, айналады. Кейін музыка баяулап, балалар «күн шыққандай» күлімдеп тұрады. Күтілетін нәтиже: Музыка жанрында күз мезгілінің сипатын түсінеді. Күтілетін нәтиже: Күз мезгілінің ерекшелігін біледі.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету **Өз-өзіне қызмет ету** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айту.**	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. **Өз-өзінеқызмет ету** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айту.**	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. **Өз-өзінеқызмет ету** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айту.**	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. **Өз-өзінеқызмет ету** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айту.**	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. **Өз-өзіне қызмет ету** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айту.**

Серуен	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «** Таза алаң » . **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов « Күшік » .** **Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек** : Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей	**Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: « Жылғадан қарғып өтеміз » , « Қоян мен қасқыр » . Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. **Еңбек** : « Таза алаң »	**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау. **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. « Қыстың қамын жаз ойла » . **Еңбек** : Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын:** « Таяқшадан аттап өт » , « Қуаласпақ » Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек** : Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . « Бағдаршам » **Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру

	Е.Өтетілеуов. « Күшік » . Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Ойын:** « Қасқыр мен қаздар » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Қимылдық ойын:** « Тымпи-тымпи » . **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: « Тым-тырыс, тымпи-тымпи » ,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай « өнерімен » ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау **.** **Тренинг:** « Біз біргеміз » . **Экология мәдениеті** **Қарым- қатынас іс- әрекеті,**	**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын:** « Аю жүрген орманда » . **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын :** « Монданақ » . **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Экология мәдениеті** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. **Жеке жұмыс: « Отбасы мүшелері »** **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Қимылдық ойын:** « Көрші » . Мақсаты:Балалардыңептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. **Дербес ойындар.** **Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Экология мәдениеті**	**Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.** **Мақсаты:** « Суға түкірме « , « Нанды баспа » , « Дастархан басында кекірме » т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **Қимылдық ойын:** **« Итеріспек »** **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. **Экология мәдениеті** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы « Бағдаршам » Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал « тілін » Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай. **Қимылдық ойын: « Үрпек төбет »** **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** **1.Төбешіктен-төбешікке секір.** **2.Күн мен түн** **Экология мәдениеті** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**

	танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)				
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс** Нұраймен суретпен әңгіме құрастыру **Мақсаты:** грамматикалық құрылымды және үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру **Қарым- қатынас іс- әрекеті (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	**Жеке жұмыс** Нұрайым «Шаңырақ» қимылды **ойыны** **Мақсаты:** қозғалыстарды үйлестіруді, реакциялардың жылдамдығын дамыту **Дене тәрбиесі****	**Жеке жұмыс** Әрсен «Алдымен не, содан кейін не болады?» **дид ойыны** **Мақсаты:** себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, қоршаған әлемдегі өсімдіктердің маңыздылығын түсіндіру қабілетін дамыту **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, (қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Жеке жұмыс** Таир «Көршіңді ата» дидактикалық ойыны **Мақсаты:** сандар туралы білімді, олардың сандық қатардағы орнын бекіту **Танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті (математика негіздері)**	**Жеке жұмыс** Нұрай «Қиып ал да, жапсыр» дидактикалық ойыны **Мақсаты**: қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын бекіту, аппликация элементтерін қағаз парағына орналастыру мүмкіндігі **Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс- әрекеті**
Балалард ың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары , бейнелеу әрекеті, кітаптард ы қарау және басқалар)	**Ойын:** «Керсінше айт» «Бір сөзбен ата» Мақсат-міндеттер Суретке қарап бір сөзді керісінше атауға жаттықтыру **Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс әрекеті (математика негіздері)** **«Қоқысты сұрыпта» ойыны** Мақсаты: қайта өңдеу туралы ұғым беру **Экологиялық білім беру**	**«Жұбын тап».** Мақсат-міндеттер. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары. Жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойынды бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді **Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс әрекеті (математиика негіздері, сөйлеуді дамыту)**	**Үстел ойыны.** «Сурет бойынша жинастыр». Мақсат-міндеттер. Танымдық қабілеттерін дамыту. **Танымдық іс әрекет, зерттеу іс әрекеті** (математика негіздері) **«Дүкенге саяхат» ойыны** Мақсаты: керекті затты таңдай білу дағдыларын қалыптастыру **Қаржылық сауаттылық**	ЖЖЕ «Көліктер» Мақсаты: жол көліктері, түрлері туралы білімдерін дамыту. **Ойын:** «Ұзын-қысқа» «Кім епті» Мақсат – міндеттер Ұзын –қысқа ұғымдарын үйрету Ұзын дегенде шапшаң ұзын қарындашты, қысқа дегенде қысқа қарындашты шапшаң алуға жаттықтыру **Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті (математика негіздері)**	**Қимылды ойын «Үйсіз қоян».** **Мақсаты**: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа Тәрбиелеу **Дене тәрбиесі**** **«Сатып ал немесе үнемде» ойыны** Мақсаты: балалардың үнемдеу түсінігін қалыптастыру. **Қаржылық сауаттылық**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** «Балаларға қандай кітаптар оқып беру керек?» Ата-аналарға кеңес	**Өнегелі 15 минут** Балалардың тәртіптері жайлы әңгімелесу.	**Өнегелі 15 минут** Ата- аналармен балаларын телефонға әуес қылмау жайлы кеңесу.	**Өнегелі 15 минут** Ата- аналармен үйде балаларының еңбегін ұйымдастыру туралы әңгімелесу.	**Өнегелі 15 минут** Демалыс күндері балаларына уақыт бөліп, серуендеуге кеңес беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ісі меңгерушісі: Л. Т. Елисеева

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»» КММ
Мектепалды «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **1V-апта** 20 - 24 қазан 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие «Тәуелсіздік және Отаншылдық » айы
«Апта дәйексөздері»- «Отаным-алтын бесігім!»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 20.10**	**Сейсенбі 21.10**	**Сәрсенбі 22.10**	**Бейсенбі 23.10**	**Жұма 24.10**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Күй әуенін қосу. Күй күмбірі Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, ауа райы туралы сөйлесу, айналадағы өзгерістерді әңгімелеу **Музыка****** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс-әрекеті (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту)**	**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі** «Достарым» әнімен қарсы алу . **Музыка******	**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі** Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу . **Музыка****** **Қарым- қатына іс- әрекет (сөйлеуді дамыту)**	**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі** Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **Музыка******	**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі** Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу **Музыка****** **Қарым- қатына іс-әрекеті (қазақ тілі***)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Айдапсал.** Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек.Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар	**«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** **Шертпек.** Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді,	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ойын: «Оюларды құрастыр»** **Мақсаты**: Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін үйрету.Танымдық қабілеттерін арттыруБалалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау.	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Тақия тастамақ** **Мақсаты**: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту**.** **Шарты**: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Көтермек** **Мақсаты**: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. **Шарты**: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады **Дене тәрбиесі****

	көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді **Дене тәрбиесі******	ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. **Дене тәрбиесі******	Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері Ойын шарты: Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау. - **Дене тәрбиесі******	көрсетеді. **Дене тәрбиесі******	
Ертеңгілік жаттығу	І Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып тұру. ІІ 1б.қ аяқ бірге қол төмен1-қолды алға созу, 2 оңға қарай қолды айқастыру, 3 солға қарай қолды айқастыру. 4б.қ оралу 4-5рет 2. б.қ аяқтың расы алшақ, қол белде.1-оң жаққа қарай ийілу,2б.қ оралу 3сол жаққа қарай иілу 4б.қ оралу. 4-5рет қайталау. 3. б.қ аяқтың арасы ашық, қол иықта1-2 алға қолды сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу 4-5рет 4. б.қ аяқтың арасы алшақ, қол белде.1-қолды алға созу, 2 отыру,3 тұру, 4б.қ оралу 4-5рет 5. Аяқты алмастырып секіру. 7-8секунд ІІІ Еркін тыныс алу жаттығулары **Дене тәрбиесі******				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Менің Қазақстаным»** **ҚР гимні** «Табиғатым тамаша» Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. **Қарым- қатынас іс-әрекеті (көркем әдебиет)**	**Адалдық әліппесі** **«Мақтау сөздер айту»** ***Ойынның мақсаты:*** достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды. **Қарым- қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- әрекет (Қазақ тілі***, сөйлеуді дамыту)** «Қасқырлар мен қояндар» ойыны Мақсаты: жабайы жануарлар туралы білімдерін дамыту.	**Адалдық әліппесі** **«Құпия заттар»** *Ойынның мақсаты:* қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі. **Қарым- қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- әрекет (Қазақ тілі***, сөйлеуді дамыту)**	**Адалдық әліппесі** **«Достық көмек»** *Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. **Қарым- қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет (Қазақ тілі***, сөйлеуді дамыту)**	**Адалдық әліппесі** **«Досыңды тауып ал»** *Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады. Дене тәрбиесі **

Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Сөйлеуді дамыту** «Кітап- білім бұлағы» **Міндеті:** Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз кітап туралы сөйлесеміз. Кітап — біздің ең жақын досымыз. Кітап арқылы біз көп нәрсені үйренеміз: жануарлар, табиғат, елдер мен адамдар туралы білеміз. Кітап бізге ақыл, білім, тәрбие береді. Кітап дүкенінен немесе кітапханадан алуға болады. Кітапты ұқыпты ұстау керек: жыртпау, шимайламау, таза ұстау — әр баланың міндеті. Мақал бар: «Кітап — білім бұлағы, Білім — өмір шырағы.» Сұрақ-жауап (балалармен әңгіме) Кітап деген не? Кітаптан не үйренеміз? Кітапты қалай ұстау керек? Сенің сүйікті кітабың бар ма? Дидактикалық ойындар: 1. «Кітапхана» Мақсаты: Кітап түрлерін ажырату, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші түрлі кітаптарды (ертегі, өлең, әліппе, суретті кітап) көрсетеді. Балалар кітаптың атауын айтып, қандай кітап екенін табады. Мысалы: – Бұл қандай кітап? – Бұл ертегі кітабы. 2. «Жоғалған бет» Мақсаты: Назар мен ойлау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші кітаптың суретін немесе бетін көрсетіп, бір бетті	**1 .Сауат ашу негіздер** Дыбыстық талдау **Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, біздің халқымызда көптеген әдемі салт-дәстүрлер бар. Салт-дәстүр дегеніміз – ата-бабамыздан келе жатқан жақсы әдеттер мен ғұрыптар. Мысалы: Шілдехана – бала туғандағы қуаныш. Ат қою – жаңа туған балаға ат беру. Тұсау кесу – бала жүре бастағанда жасалатын дәстүр. Бесікке салу – сәбиді бесікке бөлеу рәсімі. Бұлардың бәрі халқымыздың мейірімі мен даналығын көрсетеді. Дыбыстық талдау бөлімі: Бүгін біз «дәстүр» сөзін талдаймыз. Қане, бірге айтайық: дәстүр. Сөзде неше буын бар? → Екі буын: дә – стүр. Ал неше дыбыс бар? → Алты дыбыс: д, ә, с, т, ү, р. Дыбыстарды ажыратып көрейік: Д – дауыссыз Ә – дауысты С – дауыссыз Т – дауыссызҮ – дауысты Р – дауыссыз Қорытынды: Сөзде 6 дыбыс, 2 буын бар. Буындар: дәс-түр 2.«Дыбысты тыңда» Мақсаты: Дыбыстық талдау дағдыларын бекіту.	**1.Сауат ашу негіздері** Дыбыстық талдау **Міндеті:** Сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, әрбір сөз дыбыстардан тұрады. Біз сөзді айтқанда дыбыстарды естиміз, ал жазғанда – әріптермен белгілейміз. Дыбыстар екіге бөлінеді: Дауысты дыбыстар – созылып, әуенменайтылады (мысалы: а, о, е, і). Дауыссыз дыбыстар – кедергі арқылы айтылады, созылмайды (мысалы: м, н, с, т, к). Мысал арқылы түсіндіру: Сөз: «ат» Талдау: 1- дыбыс – [а] (дауысты) 2- дыбыс – [т] (дауыссыз) Сөзде екі дыбыс бар: біреуі дауысты, біреуі дауыссыз. Сөз: «гүл» [г] – дауыссыз [ү] – дауысты [л] – дауыссыз Барлығы үш дыбыс. Дидактикалық ойындар: 1. «Дыбысты тап» Мақсаты: Дауыссыз дыбыстарды ажырату. Барысы: Тәрбиеші бір сөзді айтады: бал, тау, нан, ат. Балалар сол сөздің дауыссыз дыбыстарын атап шығады. Мысалы: бал – [б], [л]. 2. «Дыбыс санын тап» Мақсаты: Сөздегі дыбыс санын анықтау. Барысы: Тәрбиеші сурет көрсетеді. (мысалы: күн, гүл, тау). Балалар сөзді дыбыстарға	**1.Сауат ашу негіздері** Дыбыстық талдау **Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі: — Балалар, біз сөйлегенде сөз айтамыз. Әр сөз бірнеше бөліктен тұрады. Сол бөліктерді буын деп атаймыз. Мысалы: Ана – (А-на) – екі буын. Ат – бір буын. Ал-ма – екі буын. Ба-ла-пан – үш буын. Буын дегеніміз — дауысты дыбыспен айтылатын сөздің бөлшегі. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Дыбыстық талдау үлгісі: Сөз: алма 1- бөлім: А – дауысты 2- бөлім: Л – дауыссыз бөлім: М – дауыссыз4- бөлім: А – дауысты Буынға бөлеміз: ал-ма (2 буын) 1. «Буын санын тап» Мақсаты: Сөздегі буын санын анықтау. Шарты: Тәрбиеші сөз айтады, балалар алақандарымен буын санын шапалақтайды. Мысалы: ба-ла (2 шапалақ) ат (1 шапалақ) ал-ма (2 шапалақ) ме-ке (2 шапалақ) 2. «Буындарды құрастыр» Мақсаты: Буыннан сөз құрастыру дағдысын дамыту. Шарты: Тәрбиеші буындарды айтады:	**1.Көркем әдебиет** «Елордамыз–Астана» **Міндеті.** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Тәрбиешінің түсіндіруі – Балалар, біздің сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстанның бас қаласы – Астана деп аталады. Астана – әсем де көрікті қала. Мұнда әдемі ғимараттар, биік үйлер, саябақтар, Бәйтерек, «Бейбітшілік пен келісім сарайы», Президент резиденциясы сияқты көптеген маңызды нысандар бар. Астана – еліміздің жүрегі, барлық мемлекеттік мерекелер осы жерде аталып өтеді. Балаларға суреттер немесе қысқа бейнеролик көрсетуге болады (Бәйтерек, Ақорда, т.б.). Көркем әдебиет бөлімі: Өлең: Елордам – Астана Ару қала, әсем ел, Сәніне көз тоймайды. Бәйтерегің биік боп, Аспанменен бойлайды. Астанам – жүрегім, Болашаққа сенемін! Туған елдің бақыты, Жарқыраған келбетін! Балалармен бірге өлеңді қайталап, мәнерлеп оқыту. Дидактикалық ойын: 1.«Мен Астананы білемін» Мақсаты: Балалардың елорда

	"жоғалтқандай" етіп жабады. Балалар сол бетте не болғанын еске түсіріп айтады. Күтілетін нәтиже:Сөздерді мағынасына қарай қолдану дағдылары дамиды. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Көшедегі қауіпсіздік **Міндеті:** Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін,жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, біз күн сайын көшеге шығамыз: мек тепке келеміз, дүкенге барамыз, ата-анамызбен серуендейміз. Көшеде жаяу адамдар, көліктер, велосипедтер жүреді. Сондықтан көшеде әркім қауіпсіздік ережесін сақтау керек. Көшеде бізге бағдаршам көмектеседі. Ол үш түстен тұрады:  Қызыл – тоқта! Сары – дайындал! Жасыл – жүруге болады! Тәрбиеші үлкен сурет немесе макет арқылы бағдаршамды, жолды, жаяу жүргінші жолын көрсетіп, әр түстің мағынасын түсіндіреді. Сондай-ақ, тәрбиеші сұрақтар	Ойын барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: дәстүр, салт, той, бала, бесік. Балалар әр сөздің бірінші дыбысын атайды. Мысалы: Дәстүр – д Салт – с Той – т 3. «Буынға бөл» Мақсаты: Буын санын анықтауды үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші дәстүрлердің аттарын айтады: Шіл-де-ха-на (4 буын), Тұ-сау (2 буын), Бе-сік (2 буын). Балалар буынға бөліп шапалақтайды. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындауКүтілетін нәтиже:Дыбыстық талдау жасайды,салт- дәстүрлер туралы біледі. **2. Математика негіздері** 10 саны және цифры **Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Тәрбиешінің түсіндіруі – Балалар, бүгін біз 1-ден 10-ға дейін және 10-нан 1-ге дейін санап үйренеміз. Тура санау дегеніміз – кішіден үлкенге қарай, кері санау – үлкенненкішіге қарай санау. Мысалы: Тура санау: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 Кері санау: 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1 Тәрбиеші саусақпен, санау таяқшалармен немесе кубиктермен көрсетіп түсіндіреді. Дидактикалық ойындар: 1. «Сандар поезды» Мақсаты: Сандардың ретін	бөледі және қанша дыбыс барын саусақпен немесе текшелермен көрсетеді. Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже:дыбыстық талдау жсайды. **2.Математика негіздері** 10 саны **Міндеті:** Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен таныстыру. Тәрбиешінің түсіндіруі — Балалар, бүгін біз жаңа санмен – 10 санымен танысамыз. — Ал енді 9-ға тағы бір зат қоссақ, не болады екен? Тәрбиеші тақтаға 9 алма қояды, кейін тағы 1 алма қосады: — Ендеше, 9-дың қасына тағы 1 алма қосқанда 10 алма болды. – Демек, жаңа сан – 10 саны. Тоғыздан кейін – он! Дидактикалық ойындар: 1. «Сана және тап» Мақсаты: 10 санына дейін тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. Барысы: Тәрбиеші үстелге түрлі ойыншықтар қояды. – «10 доп санап көрейік!» Балалар санайды: 1, 2, 3... 10. Сосын кері: 10, 9, 8... 2. «Кімде 10 зат бар?» Мақсаты: 10 санының нақты мағынасын ұғындыру. Барысы: Балаларға түрлі заттар таратылады (түстер, пішіндер, кішкентай ойыншықтар). Тәрбиеші:	ба, ла, ма, са, на Балалардан осы буындардан сөз құрастыру сұралады. Мысалы: ба-ла, ма-ма, са-на Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже:Сөздерге дыбыстық талдау. жасайды,буынға бөледі. **2.Математика негіздері** Қанша? Реті бойынша нешінші? **Міндеті:** «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Тәрбиешінің түсіндіруі : – Балалар, «Қанша?» деп сұрасақ, біз заттың санына жауап береміз. Мысалы: Үстелде 3 алма бар. – Ал «Нешінші?» деп сұрасақ, біз заттың ретін айтамыз. Мысалы: Бірінші алма, екінші алма, үшінші алма. Ойын 1: «Санайық та табайық» Мақсаты: Заттардың санын анықтап, «Қанша?» сұрағына жауап беру. Барысы: Тәрбиеші үстелге бірнеше ойыншық қояды. Сұрақ: «Үстелде қанша ойыншық бар?» Балалар санайды: «Бес ойыншық!» Ойын 2: «Кім нешінші тұр?» Мақсаты: Реттік сандарды бекіту, «Нешінші?» сұрағына жауап беру. Барысы: Балалар қатарға тұрады. Тәрбиеші сұрайды: «Айша нешінші тұр?» Балалар: «Айша – үшінші!» Жұмыс дәптерден тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже: Балалар «Қанша?» және	туралы білімін бекіту, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын шарты: Тәрбиеші сұрақтар қояды, балалар жауап береді. Сұрақтар үлгісі: Қазақстанның елордасы қай қала? Астанада қандай әсем ғимараттар бар? Бәйтерек неге ұқсайды? Астанада кімдер тұрады? «Суретті сәйкестендір» Тәрбиеші Астананың ғимараттары мен рәміздердің суреттерін көрсетеді (Бәйтерек, Ту, Елтаңба, Ақорда). 3.астанның көрікті жерлері бейнеленген кітаптар,фотолра көрсету Күтілетін нәтиже: Елорда туралы біледі,кітапр мен суреттерден астананың бейнесін көреді. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Менің туған өлкем **Міндеті:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер,еліміздің рәміздері,оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Тәрбиешінің түсіндіруі Балалар, біздің бәріміздің туған жеріміз, Отанымыз

	қояды: Бағдаршамның түсін кім біледі? Қай кезде жүреміз, қай кезде тоқтаймыз? Жолдан қалай өтеміз? Балалар жауап береді, тәрбиеші дұрыс жауапты нақтылап, әр ережені іс жүзінде көрсетеді. Мысалы:"Жолдан өтпес бұрын екі жаққа қараймыз: алдымен солға, кейін оңға!" Дидактикалық ойындар: 1. «Бағдаршам не дейді?» Мақсаты: Бағдаршам түстерін дұрыс ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші бағдаршам суретін көрсетеді. Түстерді ауыстырып көрсеткен сайын балалар қимылмен жауап береді: Қызыл жанса – тоқтайды (қолын созып тоқтайды) Сары жанса – дайындалады (қолын беліне қояды) Жасыл жанса – жүреді (жүру қозғалысын жасайды) 2«Кім дұрыс айтады?» Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілін дамыту, қауіпсіздік ережесін бекіту. Барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: Жолдан қалай өтеміз? Бағдаршам не үшін керек? Қай түсте жүруге болмайды? Балалар жауап береді, дұрыс жауап айтқан балаларға жұлдызша немесе стикер беріледі. 3. «Қауіпсіз және қауіпті» Мақсаты: Дұрыс және қате әрекеттерді ажырату. Көрнекілік: Суреттер (балалар жолда ойнап жүрген, жолдан дұрыс өтетін, бағдаршам алдында тоқтаған т.б.) Барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді. Балалар айтады «Бұл дұрыс» немесе «Бұл қауіпті». Мысалы:	дұрыс орналастыруға үйрету. Барысы: Тәрбиеші үстелге 1–10 дейінгі сандар жазылған карточкаларды араластырып қояды. Балалар оларды ретімен тізіп, «поезд вагондары» сияқты орналастырады. Кері бағытта да орналастырып көреді. 2. «Кім тез санайды?» Мақсаты: Тура және кері санауды бекіту. Барысы: Тәрбиеші белгі береді: — «Алға!» дегенде балалар 1-ден 10-ға дейін санайды. — «Артқа!» дегенде 10-нан 1-ге дейін кері санайды Кім қателеспей, тез айтса – сол жеңімпаз. 3. «Санның көршісін тап» Мақсаты: Көрші сандарды анықтау дағдысын қалыптастыру. Барысы: Тәрбиеші айтады: — 5 санының көршілері кімдер? Балалар жауап береді: — 4 және 6! Осылай басқа сандармен де жалғастырылады. Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау Күтілетін нәтиже: 1-ден 10 ға дейін тура және кері санайды. **3.Қазақ тілі** Қасқыр **Міндеті**: Сөздік қор. Аңшылық кәсіпке (аң,аңшы,орманшы,қорықшы),мал өсіруге байланысты(қора,жайлау,қыстау,жем,астау,соғым,сыбаға), сөздермен	— «Кімде 10 зат бар? Санап көр!» Бала санайды, көрсетеді. — «Дұрыс! Бұл – 10!» Жұмыс дәптердегі тапсырмаларды орындау Тәрбиеші балалардан сұрайды: 9-дан кейін қай сан келеді? 10 саны нешеден пайда болады? 10 саны қандай сандардан тұрады? Күтілетін нәтиже: 10 санымен танысады. **3.Сөйлеуді дамыту** «Мен білімді баламын» **Міндеті:** Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиешінің түсіндіруі әрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз «Мен білімді баламын» деген тақырыпта әңгімелесеміз. — Білімді бала қандай болады? — Ол не істейді, қандай сөздер айтады? Балалар жауап береді (мысалы: оқиды, үйренеді, сұрайды, көмектеседі, тыңдайды, жазады). Тәрбиеші жалғастырады: — Дұрыс айтасыңдар! Білімді бала — ізденімпаз, әдепті, ұқыпты. — Енді біз заттарды сипаттайық. Мысалы: Кітап — пайдалы, түрлі түсті, білім көзі. Дәптер — ақ, жолды, оған	«Нешінші?» сұрақтарын ажыратады; Заттардың санын және ретін дұрыс анықтай алады; **3.Қазақ тілі** Түлкі **Міндеті:**. Байланыстырып сөйлеу.Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Ойын:Атауын айту, буындау, қазақ тіліне тән «Y», «I» дыбысының орнын, жетіспей тұрған дыбыстарды толықтыру жолдары көрсетіледі Сюжетті рөлді ойын:»Ертегіні сахналайық» Барысы:Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіріп рөлдерге бөліп сахналауға үйрету, ертегі кейіпкерлерінің жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін ажыратып көруге, олардың іс- әрекеттерін бағалауға үйрету, әсіресе ертегілерде түлкі қандай? Оны қалай атайды? Жұмыстары жасалады; Тәрбиеш:Қандай орман тұрғындары бар екенін түсіндіріледі; Күтілетін нәтиже:Ертегі арқылы балаларды қайырымдылыққа, адамгершілікке ұғымдарын түсінеді.	бар. Ол — Қазақстан Республикасы. Біздің еліміз кең, әдемі, табиғаты бай, халқы тату. Қазақстанда түрлі ұлт өкілдері тұрады, олар достықта және бірлікте өмір сүреді. Біздің елімізде ерекше мемлекеттік рәміздер бар: Ту — көк түсті, ортасында күн мен қыран бар. Ол бейбітшілік пен еркіндіктің белгісі Елтаңба — шаңырақ бейнесінде, ол бірліктің нышаны. Әнұран — еліміздің басты әні, ол орындалғанда бәріміз тік тұрып құрмет көрсетеміз. Сондай-ақ елімізде жыл сайын атап өтетін мерекелер бар: Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан) Жеңіс күні (9 мамыр) Наурыз мерекесі (22 наурыз) Бірлік күні (1 мамыр) Конституция күні (30 тамыз) Бұл мерекелерде халық шаттанып, елге деген сүйіспеншілік сезімін білдіреді. Сұрақ-жауап: Біздің еліміз қалай аталады? Туымыздың түсі қандай? Елтаңбада не бейнеленген? Әнұран айтылғанда не істеу керек? Қай мерекені жақсы көресің? Дидактикалық ойындар: 1. «Рәмізді тап!»

	– Балалар жаяу жүргінші жолымен өтсе → дұрыс – Балалар жолда доп ойнаса → қауіпті Күтілетін нәтиже:жол ережесін сақтаудың маңызын түсінеді. **3.Көркем әдебиет** Түлкі мен қоян **Міндеті:** Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз өте қызықты «Түлкі мен қоян» ертегісін тыңдаймыз. Бұл ертегіде айлакер түлкі мен момын қоянның бастан кешкен оқиғасы баяндалады. Ертегінің қысқаша мазмұны: Бір күні түлкі мен қоян үй салыпты. Қоян өзіне ағаштан жылы үй тұрғызады, ал түлкі мұздан үй жасайды. Күн жылынып, түлкінің мұз үйі еріп кетеді, сонда ол қоянның үйіне келіп: – Үйіңнен шық! – деп қуып жібереді. Қоян орманға қашып, ренжіп жүреді. Кейін оған ит, аю, бұқа көмекке келеді, бірақ түлкіден қорқып, ешқайсысы көмектесе алмайды. Соңында кішкентай әтеш келіп, қоянды қорғап, түлкіні қуып шығады. Қоян өз үйіне қайта оралады. Тәрбиеші қорытындылайды: – Міне, балалар, түлкі айлакер, бірақ өтірік пен зұлымдық жеңіске жетпейді. Ал батыл, әділ, мейірімді жан – әрқашан жеңімпаз болады! Тәрбиешінің түсіндіруі (сұрақ-жауап арқылы): Ертегіде кімдер бар? Түлкі қандай? Қоян не істеді? Қоянға кім көмектесті?	толықтыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз орман жануары — қасқырмен танысамыз Қасқыр – жыртқыш аң. Ол орманда, тауда, далада өмір сүреді. Қасқыр өте айлакер, жылдам және күшті аң. Тәрбиеші қасқыр суретін көрсетеді. — Қасқыр нені жейді? Қасқырдан кім қорқады? Балалар жауап береді (қой, ешкі, бұзау т.б.). Жаңа сөздермен таныстыру: Аңшылық кәсіпке байланысты сөздер: Аң – орманда өмір сүретін жабайы жануар. Аңшы – аң аулайтын адам. Орманшы – орманды күтіп-баптайтын адам. Қорықшы – табиғатты, жануарларды қорғайтын адам. Мал шаруашылығына байланысты сөздер: Қора – мал ұстайтын орын. Жайлау – жаз айында малды жайып баққан жер. Қыстау – қыста тұратын ауыл, қорасы бар жер. Жем – малға арналған азық. Астау – малға су не жем салатын ыдыс. Соғым – қысқа арналған ет. Сыбаға – құрметті қонаққа берілетін ет үлесі. Сөздік жұмыс: Балалармен бірге қайталау Қасқыр – аң. Аңшы – аң аулайды. Қорықшы – аңды қорғайды. Мал – қорада тұрады. Жайлау – жазғы мекен. Қыстау – қыстағы мекен	жазамыз. Қалам — көк түсті, жазады. Балалар тәрбиешіге ілесіп, өздері де сипаттайды. Сөздік жұмыс: Жаңа сөздер: білімді, ұқыпты, әдепті, еңбекқор, ізденімпаз. Түсіндіру: Білімді – көп білетін бала. Ұқыпты – заттарын ретпен ұстайтын бала. Ізденімпаз – білгісі келетін, сұрайтын бала. Дидактикалық ойындар: 1. «Затты сипатта» Мақсаты: Сипаттаушы сөздерді белсенді қолдануға үйрету. Барысы: Тәрбиеші суретті көрсетеді (мысалы: кітап, қалам, сөмке). Бала сипаттайды: Бұл — кітап. Ол үлкен, әдемі, ішінде әріптер бар. 2. «Қай зат білім әкеледі?» Мақсаты: Білімге қатысты заттарды ажырата білу. Барысы: Тәрбиеші түрлі суреттерді (доп, кітап, дәптер, қасық, телефон) араластырып көрсетеді. Балалар білімге қатысы бар заттарды таңдайды. «Мен білімді баламын» (рөлдік ойын) Барысы: Бір бала – мұғалім, басқалары – оқушылар. Мұғалім сұрақ қояды: — Қалам не үшін керек? — Кітаптан не үйренеміз? Балалар жауап береді. Күтілетін нәтиже: қажетті сөздерді қолдану және түсіну дағдылары қалыптасады.	4**. Дене тәрбиесі** Жүгіру **Міндеті:** Жүгіру. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру Тәрбиешінің түсіндіруі: Шеңберге тұрып, жеңіл жүру, Денені қыздыру жаттығулары (қол, иық, тізе, аяқ). Тәрбиеші: «Бүгін біз нағыз спортшылар сияқты жарысамыз!» 1. "Жарыс жолы" эстафетасы Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші бала конустар арасымен жүгіреді, шеңбер ішіне секіреді, арқаннан өтеді → келесі балаға қол соғады. Жеңімпаз – бірінші болып келген топ. 2. 20 метрге жылдамдыққа жүгіру Әр бала жеке жүгіреді, Тәрбиеші секундомермен уақыт өлшейді. Кім тез — марапатталады (жұлдызша, мадақ сөздер). 3. Қимылды ойын: «Жел мен көбелек» Бір бала – «жел», екіншісі – «көбелек». «Жел» артынан қуып жетуге тырысады, «Көбелек» кедергілер арасымен қашады. Қорытынды бөлім Баяу жүру, тыныс алу жаттығулары. Күтілетін нәтиже: баяу,	Мақсаты: Мемлекеттік рәміздерді ажырата білу. Көрнекілік: Ту, Елтаңба, Әнұран суреттері. Ойын барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді, балалар рәміз атауын және мағынасын айтады. Мысалы: — Бұл не? — Бұл Ту. — Тудың түсі көк, ол бейбіт аспанды білдіреді. 2. «Менің Отаным – Қазақстан» Мақсаты: Балалардың туған ел туралы білімін бекіту. Ойын барысы: Тәрбиеші сұрақтар қояды, балалар жауап береді: — Біздің елдің аты кім? (Қазақстан) — Астанамыз қай қала? (Астана) — Президент кім? 3. Біз қандай халықпыз? (Қазақ халқы, қонақжай, мейірімді) «Мерекені тап!» Мақсаты: Мемлекеттік және халықтық мерекелерді ажырата білу. Ойын барысы: Тәрбиеші мерекенің сипаттамасын айтады, балалар оның атын табады. Мысалы: — Бұл күні адамдар дастарқан жайып, наурыз көже ішеді. → Бұл – Наурыз мерекесі! — Бұл күні еліміздің тәуелсіздігі туралы

	Сендерге ертегі ұнады ма? Тәрбиеші балалардың жауаптарын толықтырып, мінез-құлықтарды салыстырады: Түлкі – айлакер, жаман әрекет жасады. Қоян – момын, адал, бірақ қорқақ. Әтеш – батыл, достықты бағалай білетін жан. Дидактикалық ойындар: 1. «Кім не істеді?» Мақсаты: Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекетін есте сақтау. Барысы: Тәрбиеші айтады: – Кім мұздан үй салды? – Кім ағаштан үй салды? – Кім түлкіні қуды? Балалар жауап береді: Түлкі – мұздан үй салды. Қоян – ағаштан үй салды. Әтеш – түлкіні қуды. 2. «Ертегі кейіпкерлері» Мақсаты: Кейіпкерлерді ажырату, мінездерін сипаттау. Барысы: Тәрбиеші суреттер (түлкі, қоян, аю, ит, әтеш) таратады. Балалар суретке қарап, айтады: «Бұл түлкі – айлакер», «Бұл қоян – момын», «Бұл әтеш – батыл» 3. «Кім көмектесті?» Мақсаты: Жақсылық пен достықты түсіндіру. Барысы: Тәрбиеші кейіпкерлердің атын атап, балалар «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді: – Ит көмектесті ме? (жоқ) – Аю көмектесті ме? (жоқ) – Әтеш көмектесті ме? (иә!) 4. «Ертегіні сахналау» Мақсаты: Балалардың сөйлеу және шығармашылық қабілетін дамыту. Барысы: Балалар түлкі, қоян, әтеш рөлдерін бөлісіп алады. Тәрбиеші жеңіл костюм немесе маска береді.	1. «Кім немен айналысады?» Мақсаты: Кәсіп пен адамды сәйкестендіру. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді. Балалар сәйкестендіреді: Аңшы – мылтық ұстайды. Орманшы – ағаш күтеді. Қорықшы – аң мен құсты қорғайды. Малшы – мал бағады. 2. «Қорада не бар?» Мақсаты: Мал шаруашылығына байланысты сөздерді бекіту. Барысы: Тәрбиеші: Қорада не бар? Балалар: -Қорада сиыр, қой, жылқы бар. -Мал астаудан су ішеді. — Малға жем береміз. Күтілетін нәтиже:Сөздік қорлары дамиды. — **4.Музыка** «Елтаңбасы елімнің» **Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Тәрбиешінің түсіндіруі – Балалар, біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Оның өз мемлекеттік рәміздері бар: Туы, Елтаңбасы және Әнұраны. Бүгін біз солардың бірі — Елтаңба туралы сөйлесеміз. Елтаңба — елдің айшығы, нышаны. Онда шаңырақ бейнеленген, ол — отбасының, бірліктің белгісі. Оның екі жағында	**4.Дене тәрбиесі** Жүгіру Міндеті: Жүгіру. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100- 120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру. Жаттығулар: Бас пен иықты айналдыру; Қолды айналдыра сермеу; Тізені жоғары көтеріп жүру; Өкшемен жүру; Жай секіру. 1 -тапсырма: Әртүрлі жылдамдықпен жүгіру (1,5–2 минут) Балалар алаңның айналасын баяу, орташа, жылдам қарқынмен жүгіріп өтеді. Тәрбиеші белгі беріп тұрады: «Баяу!» – баяу жүгіру «Орташа!» – орташа «Жылдам!» – тез қарқынмен Уақыт: 1,5–2 минут тоқтамай. 2-тапсырма: Кедергілер арқылы жүгіру (100–120 метр) Тәрбиеші жолды белгілейді: Конустардан айналу, Таяқшаның үстінен секіру, Арқадан еңкейіп өту. Балалар жүгіру мен жүруді алмастыра отырып, кедергілерден өтеді. Мақсат — жылдам және дәл өту. 3-тапсырма: 20 метрге жылдамдыққа жүгіру Белгіленген сызықтан екінші сызыққа дейін қысқа қашықтыққа жарыс ұйымдастырылады.	жылдам, орташа қарқынмен жүгіруді меңгереді	айтамыз. → Бұл – Тәуелсіздік күні! Күтілетін нәтиже: Мемлекеттік рәміздер туралы біледі. **3.Сурет/мүсіндеу/ жапсыру/құрастыру** Менің ойыншығым **Сурет салу** **Міндеті:** Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). **Мүсіндеу** **Мідеті:** Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. **Жапсыру** **Міндеті:** Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Құрастыру** **Міндеті:** Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Тәрбиешінің кіріспе әңгімесі: — Балалар, сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма? (Балалар жауап береді: қуыршақ, машина, доп, аю және т.б.) — Дұрыс айтасыңдар! Әр ойыншық бізге қуаныш сыйлайды. Бүгін біз өз ойыншықтарымызды түрлі

	Балалар қысқа диалогтар арқылы ертегіні сахналайды. Күтілетін нәтиже:Ертегінің мазмұнын түсінеді,рөлдерге бөліп сахналайды. **<u>4.Дене тәрбиесі</u>** Ұлттық қимылды ойындар **Міндеті:** Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз қазақ халқының ұлттық қимылды ойындарын ойнаймыз. Біздің ата-бабаларымыз бұл ойындарды денені шыныықтыру, күш пен ептілікті арттыру үшін ойнаған. Ұлттық ойындар тек көңіл көтеру емес, сонымен бірге тәрбие мен денсаулықтың көзі. Ұлттық қимылды ойындар: 1. «Теңге ілу» Мақсаты: Ептілік пен иілу, қолдың қимыл- қозғалысын дамыту. Ойын барысы: Балалар қатармен тұрады. Еденге немесе жерге «теңге» (дөңгелек қағаз, таспа) қойылады. Белгі берілгенде әр бала «жылқы міниіп келе жатқандай» жүгіріп барып, еңкейіп теңгені іледі. Кім тез және дәл ілсе –сол жеңімпаз. 2. «Қой қуу» Мақсаты: Шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігін дамыту.	қанатты пырақтар (аттар) бейнеленген — бұл ерлік пен тәуелсіздікті білдіреді. Жоғарғы жағында жұлдыз, төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Балаларға елтаңбаның суретін көрсетіп, бөліктерін ажыратуға үйрету. Ән: «Елім менің» (Ә. Еспаевтың әні) Сөздері: Н. Назарбаевтан Әні: Ә. Еспаев Желбірейді туымыз, Жарқырайды таңымыз. Болашаққа бастайды, Біздің елдің даңқы біз. Қайырмасы: Елім менің – Қазақстан, Жерім менің – Қазақстан! Балалармен бірге әнді тыңдау, кейін қайырмасын қосылып айту. Қимылмен сүйемелдеуге (қолды көкке көтеру, жүректі ұстап ән айту) болады. «Рәміздерді тап» Мақсаты: Ел рәміздерін ажырату, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы:Тәрбиеші Ту, Елтаңба, Әнұран суреттерін араластырып қояды. Балалар әрқайсысын атап, не білдіретінін айтады. Күтілетін нәтиже: музыка жанрларын ажыратады.	Балалар 3–4 баладан кезекпен жүгіреді. Тәрбиеші: «Кім бірінші жетеді?» деп қызықтырады. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Жылдамдық пен ептілікті дамыту. Барысы: Алаңда түрлі түсті шеңберлер немесе таяқшалар қойылады. Тәрбиеші: — «Қызылға жет!» — «Жасылға жүгір!» Балалар белгіленген түске қарай жүгіріп, тиіп қайтады. Қорытынды бөлім Мақсаты: Денені тыныштандыру, жаттығудан кейін дем алу. Барысы: Терең дем алу, баяу жүру. Күтілетін нәтиже: Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жүгіреді		тәсілмен бейнелейміз: сурет саламыз, мүсіндейміз, жапсырамыз және құрастырамыз. 1.Балалар өз ойыншығын елестетіп немесе суретке қарап бейнелейді. – Тәрбиеші: «Ойыншығың қандай түсті?», «Қай материалдан жасалған?» деп сұрайды. – Балалар суретті бояп, атын жазады 2. Балалар пластилиннен өз ойыншығының бейнесін мүсіндейді (мысалы, доп, аю, қоян, машина). – Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. 3. Балалар қағаздан ойыншықтардың пішіндерін қиып, қағаз бетіне жапсырады. – Әр бала өз ойыншығын таныстырады: «Бұл – менің допым, ол секіреді.» «Бұл – менің аюым, ол жұмсақ.» 4. Балалар кубиктер мен конструкторлардан ойыншықтарға арналған үй, гараж немесе алаңша құрастырады. – Құрастырған соң, өз жұмыстары жайлы әңгімелейді. **<u>4.Музыка</u>** «Елтаңбасы елімнің» **Міндеті**: Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. «Елтаңбаны сипатта» Мақсаты: Балалардың сөйлеу дағдысын дамыту, ел рәміздерінің бөліктерін ажырата білуге үйрету. Барысы:

	Ойын барысы: Бір бала – «қой», қалғандары – «қойшылар». «Қой» белгіленген аумақ ішінде қашады, ал «қойшылар» оны ұстауға тырысады. Ұстаған бала келесі «қой» болады. 3. «Арқан тарту» Мақсаты: Күш пен ұйымшылдықты дамыту. Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Тәрбиеші белгі береді – топтар арқанды өз жағына тартады. Қай топ арқанның белгілеген сызығын өз жағына өткізіп алса, сол топ жеңеді. Күтілетін нәтиже: жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысады				Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Елтаңбада не бейнеленген? Шаңырақ нені білдіреді? Пырақ қандай жануар? «Қазақстан» деген жазу қайда орналасқан? Жауап берген балаға шағын жұлдызша не туша сыйланады. 2. «Кім жылдам табады?» Мақсаты: Назарын дамыту, есте сақтау қабілетін жетілдіру. Барысы: Үстелге әртүрлі суреттер қойылады (Бәйтерек, Елтаңба, Ту, табиғат, гүл, кітап т.б.). Тәрбиеші: — «Маған елтаңбаны көрсет!» – дейді. Бала тез тауып, ұстап көрсетеді. Кім бірінші тапса, сол жеңімпаз атанады. 3. «Рәміздер әуені» Мақсаты: Музыканы есту, рәміздік әндерді ажырату. Барысы: Тәрбиеші түрлі әуендер қосады (мысалы: Әнұран, «Елім менің», «Атамекен»). Балалар тыңдап, қай ән екенін табады. Тапқан соң – сол әннің қайырмасын бірге орындайды. Күтілетін нәтиже: Мемлекеттік рәміздерді біледі.

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. **Өз-өзіне қызмет ету** **Серуен кезіндегі сақтық шараларын естен шығармау.**				
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)*	***Сюжеттік - рөлді ойын:*** **«Көше»** ***Мақсаты:***Балаларға бағдаршам ның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету. ***Жағдаят:*** **Бағдарламалық мазмұны:** 1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту. 2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды уйрету. **Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы. Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар. 	**ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ** **«Қымбат-арзан»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру; тауарды талдауға, арзан заттан қымбат затқа қарай (немесе керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету. Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар. **Барысы:** 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін өсу ретімен арзаннан қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет. 2-нұсқа. Балаларға азық-түлік өнімдері бейнеленген карточкалар беріледі, бағаны азық-түлікпен сәйкестендіру қажет. **(Танымдық, зерттеу әрекеттері)**	***Саусақ ойыны:*** **«Не өзгерді?»** ***Мақсаты:*** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мульяжы. **Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады. **(Танымдық, зерттеу әрекеттері)**	**Психологиялық ойын:** **Ойын: «Атомдар мен молекулалар»** **Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДҢҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген. ***Ойын шарты:*** «Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».  **(Танымдық, зерттеу әрекеттері)**	**Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары** **Ойын:** ***«Дыбыстарды анықта» жаттығуы*** ***Мақсаты:*** Балалардың фонетикалық дыбыстарды менгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. ***Ойын шарты:*** Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.  **Қазақ тілі***

Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** **Ата-аналарға кеңес: «Баланы дос болуға қалай үйрету керек?»** Ұялшақ, ұялшақ балаға құрдастарымен танысуға қалай көмектесуге болады? Алдымен сіз баланың өзін-өзі бағалауын көтеруіңіз керек, оған көмек босатылады. Ол үшін сізге қажет: 1. Кез келген ыңғайлы жағдайда балаңызды мадақтаңыз, оны өте жақсы көретініңізді көрсетіңіз. 2. Балаңызға тым көп талап қоймауға тырысыңыз, сонда ол өзін қажетсіз сезінбейді және сіз оны сол қалпында қабылдамайсыз деп шешпейді. 3. Қарым-қатынас кезінде әрқашан мейірімді тонды сақтаңыз, бала сезінуі керек оны жақсы көретінін және құрметтейтінін. Сондықтан оған сынды өз атына қабылдау оңайырақ болады. 4. Баланы өзіңіздің беделіңізбен және әрқашан бәрінде дұрыс болуға деген ұмтылысыңызбен итермеңіз. Кейде балаға өз қателіктерінен үйренуге және өз шешімін қабылдауға мүмкіндік беру керек. 5. Оған кейбір «бланкілерді» үйретіңіз бұл оған құрдастарымен кездесуге көмектеседі. Мысалы, «Менің атым Арман! Ал сенің атың кім? Менде доп бар, менімен ойнағың келе ме?»

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л. Т. Елисеева

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ
Мектепалды «А» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі **2-апта** 10 - 14 қараша 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

Адал азамат біртұтас тәрбие «Әділдік және жауапкершілік» айы
«Апта дәйексөздері»- «Тура биде туған жоқ!»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 10.11**	**Сейсенбі 11.11**	**Сәрсенбі 12.11**	**Бейсенбі 13.11**	**Жұма 14.11**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау Тазалық шараларын жүргізу. Еңбек тапсырмасы:Гүлдердіңшаңын сүрту «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу. Д/о:Бұл құрал қай мамандық иесінікі?	**Адалдық әліппесі** **«Мейірімді адамдар»** ***Ойынның мақсаты:*** «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту. Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды**.**		Суретке қарап әңгімеге тарту «Кім жоқ?» ойыны. Балаларға мамандықтар суреті көрсетіледі. Көздерін жұмуды ұсынып, бір суретті жасырады. Қандай мамандық жоқ екенін табады. Еңбек тапсырмасы: Шығармашылық бұрышын жинастыру,қарындаштарды ұштау	Үстел үсті Қысқыштармен ойналатын ойын «Балабақшада кім еңбек етеді» тақырыбында мазмұнды суреттер ұсыну. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық сөрелерін жинау,сүрту,сынған ойыншықтарды қоқысқа тастау
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналармен әңгіме **Енді баланы дос болуға үйрету үшін бірнеше пайдалы кеңестер:** 1. Баланы жаңа балалар қоғамына әкелгенде, балаға қысым жасамауға тырысыңыз және сұрамаңыз, тіпті бәрімен достасуға мәжбүрлемеңіз. 2. Кейде дос болу үшін бірге ойнау жеткілікті. Балаға мүмкіндігінше демалуға, бейімделуге және балалардың біреуімен ойнауға мүмкіндік беріңіз. 3. Досыңыздың ойыншығын сұрау керек емес, жай ғана сыпайы түрде сұрау керек екенін түсіндіру кере 4. Балалардың қарым-қатынасына немесе ойынына араласпауға тырысыңыз. Өзіңізді тек сыни жағдайларда еске түсірген жөн: айқын қақтығыс туындаған кезде. Балаларға эмоцияларды бақылау қиынға соғады, сондықтан кез-келген жағдай қатты реакция тудыруы мүмкін.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** Бөрік жасырмақ Ойынғақатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек.Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі.Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады.Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады.Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып,бөрікке жібермеуге тырысады.Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып,		**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Күзетші** Ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ойыншылылардың арасынан екі бала шығарылып, көздері орамалмен байланады да, қолдарынан ұстап, араларын ашып, қарама-қарсы тұрады. Олар күзетшілер. Қалғант ойыншылар білдіртпей олардың қолдарының астынан еңбектеп өтуге тырысады. Ал күзетшілер өтіп бара жатқан ұрыны сезіп қалса, қолдарымен баса қоюлары керек. Ұсталған ұры күзетші болады. Ойын осылайша жалғаса береді		

	бөрікке жібермеуге тырысады.Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды.Қайткендеде алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек.Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да , ойынаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.				
Ертеңгілік жаттығу	I.Бір саппен тұру. Денені тік ұстау. Аяқтың ұшымен жүру, қол жоғарыда. Өкшемен жүру, қол белде. Жүгіру. Үш топқа бөлініп тұру. II.1. Б.қ. Тік тұру, қол белде. Қолды екі жанынан жоғары көтеру. Созылу, орнына келу. 5 рет. 2.Б.қ. Аяқ иық деңгейінде. Қол артта. 1-қол екі жаққа созу. 2-оңға иілу., қолды жоғары созу. 3.-тік тұру, қолды екі жаққа созу. 4-орнына келу. Сол жаққа қайталау.4-5 рет. 3.Б.қ.қолымызды алдымызға ұстап қайшылаймыз. 4-5 рет 4.Б.қ. Аяқ алшақ, қолды екі жаққа созу.Бір, екі терең отырып, тізені құшақтау, басты түсіру, үш, төрт орнына келу.5-6 рет 5.Б.қ. аяғымыз сәл ашамыз оң қолымызды сол аяққа тигіземіз, сол қолымызды оң жаққа тигіземіз б.қ. келу 5-6 рет 6.Б.қ. Тік тұру қол белде. Орнында қос аяқтап секіру. 7-8 рет III. Бір саппен жүріп, терең демалу. «Шар үру» уф-уф-уф				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҰІӘ)	**« Менің Қазақстаным»** **ҚР гимні** **Мақсаты**:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу	**«Ақ тілек»** Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	**«Нанға біз тоямыз»** Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	**«Көлбең, көлбең, көлеңкем»** Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>** Біздің қанатты достарымыз **<u>Міндеті:</u>** Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, құстар – біздің қанатты достарымыз. Олар табиғатты көркейтеді, ұясын салып, балапанын асырайды. Құстарды қорғау керек. Бүгін біз құстар туралы әңгімелеп, түбірлес сөздер жасап үйренеміз (құс – құстар, құсшы, құсхана), сөйлем құраймыз. Ойындар: 1. «Құс қалай сайрайды?» Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту, сөйлеуге қызығушылық ояту. Барысы: Тәрбиеші түрлі	**<u>1 .Сауат ашу негіздері</u>** Дыбыстық талдау және буынға бөлу **Міндеті:** Буындардан сөздер құрастыруға(ауызша)үйрету. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, сөз дыбыстардан және буындардан құралады. Әр сөздің ішінде дыбыстар бар, біз оларды естіп, бөліп айта аламыз. Мысалы: «Ана» деген сөзде екі буын бар: а-на. Ал «доп» сөзінде бір буын бар. Бүгін біз сөздерді буынға бөліп, буындардан жаңа сөздер құрауды үйренеміз. Ойындар: 1. «Қанша буын бар?» Мақсаты: Сөздерді буынға бөлуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: ата, бала, мысық, гүл, қоян. Балалар сөздерді буынға бөліп шапалақтайды. Мысалы: ба-ла (2 шапалақ), мысық (1 шапалақ). 2. «Буыннан сөз құра» Мақсаты: Буындардан сөз	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Дыбыстық талдау **<u>Міндеті:</u>** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, әр сөз дыбыстардан тұрады. Дыбыстарды тыңдап, олардың ретімен айта білу керек. Кейбір дыбыстар – дауысты (созылып айтылады), ал кейбірі – дауыссыз (қысқа айтылады). Мысалы: күн сөзінде 3 дыбыс бар: [к]-дауыссыз, [ү]-дауысты, [н]-дауыссыз. Ойындар: 1. «Дыбысты тап» Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: алма, тас, гүл, үй). Балалар сол сөздегі дауысты дыбысты атап, оны қол көтеріп көрсетеді. 2. «Қай дыбыс бірінші?» Мақсаты: Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: доп, үй, бала). Балалар сөздің бірінші дыбысын айтады: «д»,	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Дыбыстық талдау **<u>Міндеті</u>** Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі: Сөз дыбыстардан тұрады. Дыбыстарды дұрыс естіп, ажырата білу — дұрыс сөйлеудің негізі. Кей дыбыстар — дауысты (созылып айтылады), ал басқалары — дауыссыз (қысқа айтылады). Мысалы: күн – [к] дауыссыз, [ү] дауысты, [н] дауыссыз. Ойындар: 1. «Дыбысты тап» Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Барысы: Тәрбиеші сөздер айтады: гүл, алма, тас, үй. Балалар сөздің ішінде қандай дауысты дыбыс бар	**<u>1.Көркем әдебиет</u>** Ақымақ қасқыр **<u>Міндеті</u>.** Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз «Ақымақ қасқыр» ертегісін тыңдаймыз. Бұл ертегіде айлакер, ақылды кейіпкерлер мен ақымақ қасқыр бейнеленген. Біз кейіпкерлердің не істегенін және олардың ісі дұрыс па, бұрыс па екенін бірге талқылаймыз. Ойындар: 1. «Кім не істеді?» Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетін есте сақтап, өз сөзімен айтуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: «Қасқыр не істеді?», «Оның ісі дұрыс па?» Балалар қысқаша жауап береді. 2. «Кейіпкерге көмек бер» Мақсаты: Әдеби кейіпкердің ісіне

	құстардың атауын атайды, балалар сол құстардың дауысын келтіреді: – Торғай – «шиқ-шиқ», – Қарға – «қар-қар», – Әтеш – «кукареку». Кейін сөйлем құрайды: «Торғай сайрайды», «Қарға қарқылдайды». 2. «Қанатты достарды тап» Мақсаты: Түбірлес сөздерді табу, қолдану. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді: құс, құсшы, ұя, балапан. Балалар түбірлес сөздерді атайды және сөйлеммен қолданады. Күтілетін нәтиже: Балалар құстар туралы әңгімелеп айта алады, түбірлес сөздерді жасайды, сөйлемді дұрыс құрайды. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Ауаның қасиеттері **Міндеті:** Табиғатпен таныстыру**.** «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.Тірі және өлі табиғат,табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Тәрбиешінің түсіндіруі: «Балалар, бүгін біз ауа мен оның қасиеттері туралы үйренеміз. Табиғатта тірі заттар (өсімдіктер, жануарлар) және өлі заттар бар (су, тастар, жел, жаңбыр). Кейде заттар бізге ұқсайды, бірақ олар тірі	құрауға дағдыландыру. Барысы: Тәрбиеші буындарды айтады: ба–ла, ме–ктеп, гүл–дер. Балалар буындарды қосып, толық сөзді айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар сөздерді буынға бөле алады, буындардан сөз құрастырады, дыбыстық талдауға қызығушылық танытады. **2.Математика негіздері** Дөңгелек пен сопақша **Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз жаңа пішінмен – сопақшамен танысамыз. Сопақша пішін дөңгелекке ұқсайды, бірақ созылыңқы болады. Мысалы, жұмыртқа немесе қауын сопақша пішінді. Ал дөңгелек – домалақ, мысалы, доп сияқты. Кәне, бірге салыстырайық: дөңгелек пен сопақша пішіндердің айырмашылығы неде? Ойындар: 1. «Тап та салыстыр» Мақсаты: Дөңгелек пен сопақшаны ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші балаларға түрлі пішіндегі суреттер (доп, жұмыртқа**,** тәрелке, қауын, сағат) көрсетеді. Балалар әр суреттің пішінін анықтап айтады: «Бұл дөңгелек», «Бұл сопақша». 2. «Пішіндер дүкені» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді есте сақтау және салыстыру. Барысы: Балалар «дүкенге» келіп, тәрбиеші айтқан пішінді «сатып алады»: – «Маған дөңгелек керек!» – «Маған сопақша керек!» Тәрбиеші балалардан неге сол	«ү», «б». Күтілетін нәтиже: Балалар сөздерді дыбыстық талдай алады; дауысты мен дауыссыз дыбыстарды ажыратады; сөздегі дыбыстардың ретін анықтайды. **2.Математика негіздері** **Дөңгелек пен сопақша** **Міндеті:** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біз дөңгелек пішінді жақсы білеміз. Ал бүгін сопақша пішінмен танысамыз. Сопақша дөңгелекке ұқсайды, бірақ сәл ұзындау. Мысалы, жұмыртқа – сопақша, ал доп – дөңгелек. Ойындар: 1. «Тап та ата» Мақсаты: Дөңгелек пен сопақша пішіндерді ажырату. Барысы: Тәрбиеші әртүрлі суреттер көрсетеді (доп, жұмыртқа, сағат, қауын, тәрелке). Балалар қандай пішінге ұқсайтынын айтады. 2. «Пішіндер әлемінде» Мақсаты: Қоршаған ортадан пішіндерді табуға үйрету. Барысы: Балалар сыныптан немесе бөлмеден дөңгелек және сопақша пішінді заттарды іздейді: сағат – дөңгелек, айна – сопақша, т.б. Күтілетін нәтиже: Балалар дөңгелек пен сопақшаны ажырата алады, заттардың пішінін салыстырады, пішіндерді қоршаған ортадан таба біледі. **3.Сөйлеуді дамыту** Судың да сұрауы бар **Міндеті**: Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Тәрбиешінің түсіндіруі:	екенін айтады және оны қолмен көрсетеді. 2. «Қай дыбыспен басталады?» Мақсаты: Сөздің басындағы дыбысты анықтау. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді (үй, бала, алма, мысық). Балалар әр сөздің бірінші дыбысын атайды: ү, б, а, м. Күтілетін нәтиже: Балалар сөзді дыбыстық талдауға үйренеді, дыбыстардың ретін анықтайды, дауысты мен дауыссыз дыбыстарды ажырата алады. **2.Математика негіздері** Бүтін мен фигуралардың бөліктері **Міндеті:** Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалармен бірге шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, шаршы пішіндерін қайталау. Қоршаған ортадан ұқсас заттарды табады (мысалы: доп – шеңбер, терезе – төртбұрыш). Ойындар: «Қай пішінге ұқсайды?» Мақсаты: пішіндерді тану және қоршаған заттармен сәйкестендіру. Барысы: Тәрбиеші фигура көрсетеді, балалар сол пішінге ұқсас затты атайды. Мысалы: шеңбер – күн, үшбұрыш – шатыр, төртбұрыш – кітап. «Бөлшектерден бүтін құрастыр» Мақсаты: бөлшектерді біріктіріп тұтас фигура жасау. Барысы: Балалар түрлі түсті	өз көзқарасын білдіру. Барысы: Тәрбиеші: «Егер сен қасқыр болсаң, не істер едің?» – деп сұрайды. Балалар өз ойларын айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар ертегі мазмұнын түсінеді; кейіпкерлердің ісіне баға бере алады; өз ойын еркін айта алады. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Қазақстанда өсетін өсімдіктер Міндеті: Өсімдіктер әлемі.. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біздің елімізде түрлі өсімдіктер өседі: ағаштар, гүлдер, бұталар, шөптер. Өсімдіктерге өсу үшін су, жарық, жылу және күтім қажет. Егер өсімдікке су құймасақ, ол солып қалады. Күн түссе – өсіп, гүлдейді. 2. «Өсімдіктер әлеміне саяхат» Мақсаты: Өсімдіктердің атауларын ажырату, байқағыштықты дамыту. Барысы: Балалармен бірге дала немесе бөлме өсімдіктерін қарап, атауларын айтады: гүл, ағаш, шөп, кактус, раушан. Тәрбиеші сұрайды: «Қайсысы суда өседі?», «Қайсысы күнді жақсы көреді?» Күтілетін нәтиже: Балалар өсімдіктердің тірі табиғатқа жататынын біледі; олардың өсуіне жарық, су, жылу керек екенін түсінеді. **3.Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру** **Сурет салу** Үй құсы (балапандар) **Міндеті:**. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым

	емес. Мысалы, желді көре алмаймыз, бірақ оны сеземіз, ал су мен мұзды көре аламыз». Ойындар / әрекеттер: Ойын 1: «Өлі және тірі табиғатты тап» Мақсаты: Тірі және өлі табиғатты ажырата білу. Барысы: Тәрбиеші балаларға суреттер немесе ойыншықтар көрсетеді: ағаш, гүл, тас, жел, жаңбыр, ойыншық, кішкентай машина. Балалар суреттерді екі топқа бөледі: Тірі табиғат және Өлі табиғат. Әр бала өз таңдауын айтып, неге солай бөлгенін түсіндіреді. Ойын 2: «Ауаның қасиеттерін сез» Мақсаты: Ауаның қасиеттерін тәжірибе арқылы көрсету. Барысы: Балаларға желдің, жаңбырдың немесе су ағысының әсерін сездіретін тәжірибелер ұйымдастырылады: Желді желдеткішпен сездіру. Суға қалам немесе қағаз салу арқылы су қозғалысын көрсету. Мұздың ерігенін байқату. Балалар тәжірибеден кейін әр құбылыстың сипаттамасын айтып, сұрақтарға жауап береді: «Су суық па? Жел жылдам ба?» Күтілетін нәтиже: Балалар өлі табиғат заттарын және тірі табиғатты ажырата алады. **3.Көркем әдебиет** Бәрі де риза	пішінді таңдағанын сұрайды. Күтілетін нәтиже: Балалар дөңгелек пен сопақша пішіндерді ажырата алады; қоршаған ортадан осы пішіндерге ұқсас заттарды таба біледі. **3.Қазақ тілі** Әнұран **Міндеті**: Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. ӘНҰРАН жайында ақпарат беу; - Әнұран– Қазақстан - Республикасы рәміздерінің бірі екенін түсіндіру -әнұранның маңызы мен қасиетін түсіндіру Кел шырқайық ойыны: Әуенге қосылып ырғағымен айтып көрсету Ойын:Кім зейінді Әнұранның сөздерін бөліп-бөліп, әр балаға беріп, ойнап отырып жаттатамын. **4.Музыка** **«Жомарт өлкем»** **Міндеті:** Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. **Тәрбиешінің түсіндіруі:** Балалар, біздің жеріміз – кең, әсем, бай өлкеміз. Қазақ халқы өз жерін, табиғатын, өнерін қадірлейді. Қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра мен қобыз. Домбыраның үні – нәзік, көңілді; қобыздың үні – терең, мұңды. Бүгін осы аспаптардың	Балалар, су — тіршіліктің көзі. Су болмаса, өсімдік те, адам да, жануар да өмір сүре алмайды. «Судың да сұрауы бар» деген мақал суды үнемдеп, таза ұстау керектігін білдіреді. Бүгін біз су туралы сөйлесіп, , сөйлем құраймыз. Ойындар: 1. «Су туралы сөздер» Мақсаты: Түбірлес сөздерді табуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші «су» сөзінен түбірлес сөздер шығартқызады: су, суық, сулу, суару, сусын, суат. Балалар әр сөзбен сөйлем құрайды: – «Суық су ішпе!» – «Анам гүлдерді суарды.» 2. «Судың пайдасы» Мақсаты: Сөйлеу мәдениетін дамыту, жай және жайылма сөйлемдер құрау. Барысы: Балалар суреттерге қарап, судың не үшін керек екенін айтады: су ішуге, жуынуға, егін суаруға, табиғатқа. Тәрбиеші балаларды толық сөйлеммен жауап беруге бағыттайды. Күтілетін нәтиже: Балалар түбірлес сөздерді дұрыс таба алады, судың маңызын түсінеді, жай және жайылма сөйлем құрай алады, сөйлеу әдебін сақтайды. **4.Дене тәрбиесі** Көңіл күйім **Міндеті:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктері мен таныстыру,олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, адамның көңіл-күйі әртүрлі болады: қуанышты, көңілді, сабырлы, кейде мұңды. Денсаулық пен жақсы көңіл-күй – адамның ең үлкен байлығы. Егер біз денемізді шынықтырсақ, таза ауада ойнасақ, жақсы көңіл-күйде боламыз. Бүгін біз денемізді жаттықтырып, эмоцияны қозғалыс арқылы	фигуралар бөліктерінен бүтін сурет (үй, ағаш, гүл т.б.) құрастырады. Күтілетін нәтиже: Балалар геометриялық пішіндерді таниды және атайды; Фигуралардың бөліктерін ажырата алады; Қоршаған ортадағы заттарды пішініне қарай сипаттай алады. **Міндеті:** қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. **3.Қазақ тіл** Туған күн **Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,-өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға,ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттау. Балалардың туған күндері жайлы ойларын тыңдау; «Сенің туған күніңде ойыны Болған оқиғаны айту дағдыларын байқау «Тілек айту» ойыны Мақсаты:Сөйлегенде толықтырып сөйлеу керек екенін түсіндіру «Бұл мен» ойыны Өзі жайында қаншалықты сөйлей алатынын бақылау Күтілетін нәтиже: Балалар қарапайым диалог жүргізе алады; Сурет бойынша 5–6 сөйлеммен әңгіме құрастырады;Сөздік қоры кеңейеді. **4. Дене тәрбиесі** Секіру	пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. **Мүсіндеу** **Міндеті**.:Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану **Жапсыру:** **Міндеті:**. Композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. . **Құрастыру:** **Міндеті:**. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. **Тәрбиешінің түсіндіруі**: Балапандар – кішкентай, сүйкімді үй құстарының балалары. Бүгін біз балапандардың суретін саламыз. Оны түрлі түсті салфеткаларды қиып,шиыршықтап жапсырамыз.Ал көзін аяғын ермексаздан жасап жапсырамыз. Дөңгелек, сызық, нүкте Ойындар: «Қай балапан?» Мақсаты: Түсті және пішінді ажыратуға үйрету.барлық дағды бойынша жұмыс жасап,қиялдарын дамыту Барысы: Тәрбиеші түстерді атайды, балалар сол түспен балапанды әдемілейді,қияды,жапсырады,мүсін дейді(сары, қоңыр, ақ). **4.Музыка** «Жомарт өлкем» **Міндеті**: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.

	Міндеті: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Тәрбиешінің түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз «Бәрі де риза» атты әңгімені тыңдаймыз. Бұл әңгімеде адамдардың бір-біріне көмектесіп, ризашылық білдіруі туралы баяндалады. – Әрқайсымыз әңгімені тыңдап, өзімізге ұнаған жерлерді айтып, алған әсерімізбен бөлісеміз. Ойын: «Мен де ризамын» Мақсаты: Балалардың алған әсерлерімен бөлісу дағдыларын дамыту. Барысы: Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші сұрақ қояды: – «Әңгімеде кімге көмек көрсетілді?» – «Сізді қандай жағдай риза етті?» Балалар бір-бірімен кезекпен бөліседі: – «Мен де риза болдым, өйткені...» Әр бала өз ойын айтады, тәрбиеші қосымша түсіндіру жасайды. **Күтілетін нәтиже:** Балалар әңгіменің мазмұнын түсінеді; Өз ойларын, алған әсерлерін еркін жеткізеді. **<u>4.Дене тәрбиесі</u>** Өрмелеу **<u>Міндеті</u>**: Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан	үнін тыңдап, ән айтамыз. **Ойындар:** **1. «Қай аспаптың үні?»** **Мақсаты**: Домбыра мен қобыз үнін ажырату. Барысы: Тәрбиеші кезекпен домбыра мен қобыздың үнін қосады (жазба не аспап). Балалар тыңдап, қай аспап екенін табады. **2. «Домбыра мен қобыз»** **Мақсаты**: Музыкалық ырғақ пен есту қабілетін дамыту. Барысы: Балалар шеңбермен тұрады. Домбыраның үні естілсе – қолдарын шапалақтайды, қобыздың үні естілсе – баяу тербеледі. Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды; олардың үнін ажырата алады; музыкаға қызығушылық танытады.	білдіреміз. Ойындар: 1. «Көңілді қимылдар» Мақсаты: Эмоцияны қимылмен көрсетуге, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Барысы: Тәрбиеші көңіл-күйді атайды (қуанышты, мұңды, көңілді, таңданған). Балалар сол көңіл-күйге сай қимыл көрсетеді: секіру, қол сермеу, күлу, баяу жүру т.б. 2. «Көңіл-күй айнасы» Мақсаты: Эмоцияны түсіну және бейнелеу. Барысы: Бір бала – «айна», екіншісі – «көрініс көрсетуші». Бірі түрлі көңіл-күй қимылын көрсетеді, екіншісі оны қайталайды. Күтілетін нәтиже: Балалар өз көңіл-күйін қимыл және мимика арқылы жеткізе алады; салауатты өмір салтының маңызын түсінеді; белсенді қозғалысқа қызығушылық танытады.	**<u>Міндеті:</u>** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), Тәрбиешінің түсіндіруі: Секіру – денемізді шынықтыратын, күш пен епті лікті дамытатын қимыл. Бүгін біз екі аяқпен алға секіреміз, кедергілерден өтеміз және ойын арқылы секіруді жаттығамыз. Ойындар: 1. «Қояндар секірісі» Мақсаты: Қос аяқпен секіру дағдысын дамыту. Барысы: Балалар қоян болып бейнеленеді, екі аяқпен қатар секіріп, сәбізге «жетеді». Қай бала алысқа секірсе, сол жеңімпаз. 2. «Қапшықпен жарыс» Мақсаты: Тепе-теңдік пен епті лікті дамыту. Барысы: Балалар екі тізесінің арасына қапшық қысып алып, белгіленген сызыққа дейін қос аяқпен секіреді. **Күтілетін нәтиже:** Балалар секірудің әртүрлі түрін орындай алады (орнынан, алға, кедергіден), дене қимылдарын үйлестіреді, епті лік пен батылдық танытады.	Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, біздің жеріміз – кең, бай, жомарт өлке. Қазақ халқы табиғатты, жерін, елін сүйген. Бүгін біз «Жомарт өлкем» әнін тыңдап, қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра мен қобыздың үнін ажыратуды үйренеміз. Домбыраның үні — жеңіл, көңілді, ал қобыздың үні — терең, мұңды. Ойындар: 1. «Қай аспаптың үні?» Мақсаты: Музыкалық есту қабілетін дамыту, аспаптардың үнін ажырату. Барысы: Тәрбиеші домбыра мен қобыздың үнін тыңдатады. Балалар тыңдап, қай аспап екенін айтады және қимылмен бейнелейді. 2. «Домбыра мен қобыз биі» Мақсаты: Музыкалық ырғақ сезімін дамыту. Барысы: Домбыра үні естілгенде – балалар шапалақтайды, қобыз үні естілгенде – жай тербеліп билейді. Күтілетін нәтиже: Балалар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды; олардың үнін ажырата алады; музыкаға қызығушылық танытады; ән мен қимылды үйлестіре біледі.

	еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, бүгін біз өрмелеуді және еңбектеуді үйренеміз. Өрмелеу денемізді шынықтырады, күш пен тепе-теңдікті дамытады. **Ойындар:** **1. «Тосқауылдан өт»** Мақсаты: Ептілік пен батылдықты дамыту. Барысы: Тәрбиеші түрлі кедергілер (скамейка, құрсау, орындық) қояды. Балалар кезекпен еңбектеп, өрмелеп өтеді. 2. «Жануарлар қалай қозғалады?» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Барысы: Тәрбиеші айтады: «Аю сияқты жүр», «Қоян сияқты секір», «Мысық сияқты еңбекте». Балалар қимылды орындайды.				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Күнді бақылау** Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша	**Ағаштарды бақылау** Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс** Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап	**Шықты бақылау** Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа - райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) **Жеке жұмыс**	**Күзгі аспанды, бұлтты** бақылау Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).	**Аула тазалаушыны бақылау** Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс** Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды ҚаранДаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек

	күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) **Жеке жұмыс**: Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев **Қимылды ойын: «Қоңыздар»** **Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту. **Еркін ойындар** **Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету	Тамшы жерге секірді Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. **Қимылды ойын: «Өз жұбынды тап»** Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту **Алаңдағы еңбек**: «Кім көп жапырақ жинады?» **Еркін ойындар** **Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету	Жұмбақ: Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық) Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық) **Қимылды** ойын: «Мысық пен торғайлар» **Алаңдағы еңбек**: қураған өсімдіктерді жинау. **Еркін ойындар** **Мақсаты**:баланың жан –жақты дамуына әсер ету	Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса-күннің суытқаны. **Жеке жұмыс** Жұмбақтар: Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр) Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз) Жұмбақ: Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. (бұлт) **Қимылды** ойын: «Орамал тастау». **Алаңдағы еңбек**: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау) **Еркін ойындар** **Мақсаты:** баланың жан –жақты дамуына әсер ету	етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. **Қимылды** ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді. **Еңбек** алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау **Еркін ойындар** **Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс	Нұрай Дид ойын:«Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді.	Ерасыл Дид ойын: «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.	Таир Дид ойын:«Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді.	Нұрай Дид ойын:«Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады.	Алтын Дид ойын «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады.
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталды қ,еңбек,қимыл,бе йнелеу,дербес және басқалары)*	**Аз қимылды ойын :«Кім алысқа»** **Мақсаты :** Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. **Ойын шарты:** Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар	**Сюжетті-рөлді ойын:** **« Құрылысшы »** **Мақсаты**: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Тәрбиешінің іс-әректі: Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.		**Қаржылық сауаттылық** **«Банк» сюжетті-дидактикалық ойын** **Мақсаты:** банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету**.** **Материал:** ойыншық ақша: монеталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар. Барысы: тәрбиеші балаларға банктегі жағдаятты ойнауды ұсынады. Балалар рөлдерге бөлінеді. Банк қызметкерлері өз орындарына отырады.	

	арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды. **Дене тәрбиесі****	 **(Тілдік қарым- қатынас,танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу)**	Қалған балалар-клиенттер болады. Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиентке карталар дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады. Сондай-ақ банкте банкомат бар. Банкоматтан келушілер жинақ картасы арқылы ақша алады. Картаны арнайы терезеге қойып, пинкодты тереді, белгілі бір функцияларды орындайды (қолма-қол ақшаны алу), содан кейін картаны және терезедегі ақшаны алады. Сондай-ақ, банкте басқарушы бар. Банк басқарушысы қызметкерлерге міндеттерін ескертеді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, оларды жұмыс істеуге ынталандырады. Ойын барысында әртүрлі жағдяттар ойналады **(Тілдік қарым- қатынас,танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу)**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналармен әңгіме **Енді баланы дос болуға үйрету үшін бірнеше пайдалы кеңестер:** 1. Егер бала ойыншықтармен бөлісуге дайын болса, онда сіз оған құмсалғышты ойынға шақырып, жеке ойыншықтармен бірге ойнауды ұсынуыңыз керек. 2. Балаңызға басқа балаларды сізге қонаққа шақыруға рұқсат етіңіз. Үйдегі жағдай достық қарым-қатынастың дамуына жағымды әсер етеді. 3. Балаңызға өзін – өзі иронялауға үйретіңіз-бұл жағдайда ол ренжімейді және оның мекен-жайына жағымсыз нәрсе естігеннен кейін жыламайды		

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л. Т. Ешкова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ

Мектепалды «А» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жа

Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта 17 - 21 қараша 2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

Адал азамат біртұтас тәрбие «Әділдік және жауапкершілік» айы
«Апта дәйексөздері»- «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 17.11**	**Сейсенбі 18.11**	**Сәрсенбі 19.11**	**Бейсенбі 20.11**	**Жұма 21.11**
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Адалдық әліппесі Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	**Адалдық әліппесі** Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру	**Адалдық әліппесі** Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	**Адалдық әліппесі** «Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын:	**Адалдық әліппесі** «Мейірімділік гүлін» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналармен кеңес: «Балалар агрессиясы» Агрессивтіліктің алдын алу Балада шамадан тыс агрессивтіліктен аулақ болудың ең жақсы жолы-оған сүйіспеншілік таныту. Өзін жақсы көретін бала жоқ, ол агрессивті болар еді. - Ата-аналар баланың агрессивті мінез-құлқының себептерін түсінуге және оларды жоюға тырысуы керек. - Балаңызға өз энергиясын төгуге мүмкіндік беріңіз. Ол жалғыз немесе досымен көңіл көтерсін. Шамадан тыс белсенді баланың отыруына жол бермеңіз. Оның энергиясы «бейбіт» мақсаттарға жұмсалсын: спорт, ғылыми үйірмелер, «шеберлер» және т. б. - Зорлық-зомбылық пен қатыгездік көріністері бар фильмдер мен телешоуларды көруді болдырмаңыз. - Балаға достар табуға көмектесіңіз, оны құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйретіңіз. Бірлескен сабақтарда балалар жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын тезірек үйренеді. - Физикалық жазаға жүгінбеңіз. - Балаңызға тиімді мейірімді мінез-құлықтың жеке мысалын көрсетіңіз. Оған ашуланшақтық пен ашуланшақтықты, әріптестеріңізді қорлауды, жоспар құруды,кек алуды болдырмаңыз.				

Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық ,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа	**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Тақия тастамақ** **Мақсаты:** Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап ,	**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Омпы** **Мақсаты:** Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс	**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Тақия тастамақ** **Мақсаты:** Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап ,	**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Түйілген орамал** **Мақсаты:** Ойын ойнау барысында балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойын жүргізу үшін ақ орамал	**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Түйілген орамал** **Мақсаты:** Ойын ойнау барысында балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойын жүргізу үшін ақ орамал

ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.	алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді . Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді.	жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.	керек. Орамалды ортасынан түйеді. Ойынға қатынасушылар алаңға жиналады да шеңбер жасап айнала тұрады. Ойынды басқарушы тағайындалады. Басқарушы ортаға шығады да, қолындағы орамалды кез келген бір ойыншыға тастайды, сонан соң оны өзі қуады. Орамалды алған ойыншы дереу оны басқарушының қолына тигізбей басқа ойыншыға беріп үлгеруі керек. Сөйтіп, ойыншылар орамалды біріне-бірі өткізе береді. Орамалдан айырылып, қалған ойыншы басқарушының орнына шығады. Немесе орамалды ұстап алған басқарушы өз орнына басқа біреуді тағайындап, өзі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын соңында орамалды ұстатпаған тез, тапқыр ойыншы атап өтіледі. Қолына орамал тиген ойыншы оны тек басқа ойыншыға жоғарыдан ғана лаңтырып бере алады	керек. Орамалды ортасынан түйеді. Ойынға қатынасушылар алаңға жиналады да шеңбер жасап айнала тұрады. Ойынды басқарушы тағайындалады. Басқарушы ортаға шығады да, қолындағы орамалды кез келген бір ойыншыға тастайды, сонан соң оны өзі қуады. Орамалды алған ойыншы дереу оны басқарушының қолына тигізбей басқа ойыншыға беріп үлгеруі керек. Сөйтіп, ойыншылар орамалды біріне-бірі өткізе береді. Орамалдан айырылып, қалған ойыншы басқарушының орнына шығады. Немесе орамалды ұстап алған басқарушы өз орнына басқа біреуді тағайындап, өзі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын соңында орамалды ұстатпаған тез, тапқыр ойыншы атап өтіледі. Қолына орамал тиген ойыншы оны тек басқа ойыншыға жоғарыдан ғана лаңтырып бере алады
Ертеңгілік жаттығу	I.Сапта екі-екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша «тырна» дегенде бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде қос аяқтап, алға секіру. Жүгіру, үш сапқа тұру. II. 1.Б.қ.Аяқ алшақ, кубик оң қолда. 1-қолды екі жаққа созу. 2-кубик алға, кубикті сол қолға ауыстыру.3-қолды екі жаққа созу. 4-орнына келу. 5 рет. 2.Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда. 1- алға еңкею, кубикті аяқ арасына қою. 2-орнына келу, қол белде. 3-алға еңкейіп, кубикті сол қолмен алу. 4-орнына келу. 5-6 рет. 3.Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда, кубик түсірулі. 1-отыру, қолды алға созып, сол қолға кубикті ауыстыру. 2-тұру. Сол қолмен қайталау. 5-6 рет. 4. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда. 1-қолды екі жанға созу. 2-қол артта, кубикті сол қолға ауыстыру. 3-қолды екі жанға созу. 4-орнынан келу. 5-6 рет. 5. Б.қ. Аяқ алшақ, кубикті еденге қою, айналып секіру.5-6 рет. III. Саппен жай жүру. Қолымызды екі жанға созып, терең демалып жоғары көтеріп демді шығарып төмен түсіру. Уф-уф-уф. (Мәдени- гигиеналықдағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі***)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҰІӘ)	**Менің Қазақстаным ҚР гимні** «Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	**Адалдық әліппесі** Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	**Адалдық әліппесі** **« Менің досым»ойыны** Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал-мәтел, тақпақ сұрайды.	**Адалдық әліппесі** «Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	**Адалдық әліппесі** - Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ-жауап
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>** Алматы-әсем қала **<u>Міндеті:</u>** Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді	**<u>1 .Сауат ашу негіздер</u>** Дыбыстық талдау **<u>Міндеті:</u>** Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің түсіндіруі:	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу **<u>Міндеті:</u>** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Тәрбиешінің түсіндіруі:	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу **<u>Міндеті</u>** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Тәрбиешінің түсіндіруі:	**<u>1.Көркем әдебиет</u>** Әдептілік әлемі **<u>Міндеті</u>**. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.

	дамыту. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға Алматы қаласы туралы қысқаша әңгімелеп береді. Суреттер көрсетеді: биік ғимараттар, әсем табиғат, тау бөктері. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырады. Мысалы: – Бұл – Алматы қаласы. (хабарлы сөйлем) – Алматы қай қала? (сұраулы сөйлем) – Қараңдаршы, қандай әдемі қала! (лепті сөйлем) Ойындар: «Қай сөйлем?» Мақсаты: сөйлемнің түрлерін ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші сөйлем айтады, балалар оның қандай сөйлем екенін анықтайды (хабарлы, сұраулы, лепті). Мысалы: «Бүгін күн жылы.» – хабарлы «Бүгін күн қандай?» – сұраулы «Күн қандай керемет!» – лепті «Сөйлем құрастыр» Мақсаты: сөздерді байланыстырып, сөйлем құрауға дағдыландыру. Барысы: Тәрбиеші бірнеше сөз айтады (мысалы: қала, әсем, үлкен), балалар сол сөздермен сөйлем құрастырады. Күтілетін нәтиже: Балалар сөйлем түрлерін ажырата алады; Интонацияны дұрыс қолданады; Алматы қаласы туралы 2–3 сөйлеммен әңгімелей алады. **<u>2.Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** Көлік	Тәрбиеші балаларға дыбыс пен әріптің айырмашылығын түсіндіреді. Мысалы: Ана сөзіне дыбыстық талдау жасайды: А – дауысты, Н – дауыссыз, А – дауысты. Ойындар: «Дыбысты тап!» Мақсаты: сөздің басындағы немесе соңындағы дыбысты анықтау. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады (мысалы: алма, бала, гүл), балалар сол сөздің алғашқы дыбысын атайды. – «Алма» – қандай дыбыстан басталады? – «А!» «Дауысты мен дауыссызды бөл» Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші әріптер жазылған карточкаларды көрсетеді, балалар дауысты болса – қол шапалақтайды, дауыссыз болса – тізесін ұрады. Күтілетін нәтиже: Балалар сөзді дыбыстық талдауға үйренеді; Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; Сөздегі дыбыстардың ретін дұрыс анықтайды. **<u>2. Математика негіздері</u>** Заттардың өлшемі бойынша салыстыру **<u>Міндеті:</u>** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға әртүрлі өлшемдегі заттар көрсетіледі (қарындаштар, ленталар, кубиктер, таяқшалар). Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа? – Бұл мұнара биік пе, әлде аласа ма? Балалар салыстырып, жауап береді.	Балаларға сурет пен сызбалар көрсетіледі (мысалы: алма – екі буын, балапан – үш буын). Тәрбиеші сөзді буынға бөліп көрсетеді: – Ал-ма, ба-ла, ба-ла-пан. Буын санына қарай шеңбер не таяқшалармен белгі қойылады. Ойындар: «Қанша буын?» Мақсаты: сөздерді дұрыс буынға бөлу дағдысын қалыптастыру. Барысы: Тәрбиеші сурет көрсетеді, балалар сөзді буынға бөліп, буын санына қарай қол шапалақтайды. – Ал-ма (2 рет шапалақ). «Суреттен сөз құрастыр» Мақсаты: сөздің мағынасын түсіну және дыбыстық есту қабілетін дамыту. Барысы: Балалар сызбадағы суреттерге қарайды (мысық, гүл, орындық) және әрқайсысын буынға бөліп атайды. Күтілетін нәтиже: Балалар сөздің мағынасын түсінеді; Сөздерді буынға дұрыс бөледі; Буын ұғымын қолдана алады. **<u>2.Математика негіздері</u>** Заттардың өлшемі бойынша салыстыру **Міндеті:** Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Ойын 1. «Қай таяқша ұзын?» Мақсаты: Заттардың ұзындығын анықтап, салыстыруға үйрету; «Ұзын – қысқа», «ұзындау – қысқалау» ұғымдарын меңгерту; Көзбен мөлшерлеу және салыстыру дағдысын дамыту. Барысы: Тәрбиеші үстелге бірнеше таяқша	Кіріспе әңгіме: Тәрбиеші балаларды жылы шеңберге жинайды: – Балалар, сендер сөйлегенде сөздер айтасыңдар, иә? Ал сөздер неден тұрады деп ойлайсыңдар? – Дыбыстардан! – Дұрыс! Бірақ дыбыстар буындарға бірігеді. Бүгін біз сөздерді буынға бөлуді үйренеміз. Сызба арқылы түсіндіру: Тәрбиеші тақтаға буын сызбасын салады: бір дөңгелек – бір буын. Мысалы: «Құс» — ○ (бір буын), «Тү-лкі» — ○ ○ (екі буын), «Ба-лық» — ○ ○ (екі буын). Тәрбиеші: – Мына сызбадағы әрбір дөңгелек – бір буын. Біз сөздерді осылай бөліп үйренеміз. Жеке және топтық жұмыс: Балаларға жеке суреттер таратылады. Әр бала өз сөзін айтып, буынға бөліп, сызба бойынша көрсетеді. Мысалы: «Ал-ма» – екі буын, «Қа-лам» – екі буын, 2. Ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Сөздің буындық құрылымын тез әрі дұрыс анықтауға дағдыландыру, зейін мен ептілікті дамыту. Барысы: Тәрбиеші үстелге бірнеше сурет қояды: құс, балық, кітап, алма, ит, машина. Белгі берілгенде (шапалақ немесе қоңырау үні) балалар кезекпен бір суретті таңдап алып, сөзді буынға бөледі. Мысалы: – «Кі-тап» (екі буын), – «Ма-ши-на» (үш буын). Кім бірінші әрі дұрыс атаса, сол бала жұлдызша алады. Күтілетін нәтиже:	**Тәрбиешінің түсіндіруі:** Тәрбиеші балалармен бірге әдептілік туралы өлең, әңгіме оқиды (мысалы: «Сәлемдесу» немесе «Жақсы бала»). Мақал-мәтелдер талданады: – «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала». Балалар өз ойларын айтады: «Әдепті бала қандай болады?» **Ойындар:** **«Жақсы мен жаман қылық»** Мақсаты: жақсы және жаман іс-әрекеттерді ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші жағдаят айтады, балалар дұрыс не бұрыс екенін айтады. – Баланы итеріп жіберді. (Бұрыс) – Үлкенге сәлем берді. (Дұрыс) **«Мақалдың жалғасын тап»** **Мақсаты**: мақал-мәтелдерді есте сақтап, сөйлеуде қолдануға үйрету. Барысы: Тәрбиеші мақалдың басын айтады, балалар жалғасын табады. –«Кішіпейілділіктен...» (үлкендік туады). – «Жақсы сөз...» (жарым ырыс). **Күтілетін нәтиже:** Балалар әдептілік ұғымын түсінеді; Мақал-мәтелдерді қолдана алады; Өз пікірін еркін білдіреді. **<u>2.Қоршаған әлеммен таныстыру</u>** Жеті ата **<u>Міндеті:</u>** Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыстарды түсіну(өз жұрты,атасы мен әжесі,жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға жеті ата ұғымын түсіндіреді: әке, ата, баба, арғы ата, ұлы ата, т.б. Туыстық атауларды суреттер мен үлгілер арқылы көрсетеді. Мысалы: мен – баламын, менің әкем – Асқар, менің атам – Ержан. Ойындар: «Кім кімге кім болады?» Мақсаты: туыстық байланыстарды дұрыс атауға үйрету.

	Міндеті: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, көлік біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады. Көліктердің түрлері көп: жер көлігі (автобус, машина, пойыз), әуе көлігі (ұшақ, тікұшақ), су көлігі (кемелер, қайықтар), арнайы көліктер (жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция көлігі). Әр көлік белгілі бір жұмыс атқарады. Ойындар: 1. «Көлік түрін тап» Мақсаты: Көліктердің түрлерін ажырата білуге үйрету. Барысы: Тәрбиеші көліктің атын немесе дыбысын айтады, балалар қандай көлік екенін табады. Мысалы: «Ву-ву!» – өрт сөндіру көлігі, «пиу-пиу» – ұшақ. 2. «Кім жылдам?» Мақсаты: Көліктердің қызметін есте сақтауға, ойлау қабілетін дамыту. Барысы: Балалар шеңбер бойымен тұрады. Тәрбиеші көліктің атын атайды, балалар сол көліктің не үшін керек екенін айтады: – «Жедел жәрдем» – науқастарды тасиды, – «Өрт сөндіру» – өртті сөндіреді. Күтілетін нәтиже: Балалар көлік түрлерін ажырата алады, олардың қызметін түсінеді, арнайы көліктердің маңызын біледі. 3. **Көркем әдебие** Жұлдызды сәт **Міндеті:** Әдеби кейіпкердің	Ойындар: «Кімнің мұнарасы биік?» Мақсаты: заттардың биіктігін салыстыруға үйрету. Барысы: Балалар кубиктерден мұнара құрастырады. Тәрбиеші салыстырады: – Кімнің мұнарасы биік? Кімнің мұнарасы аласа? «Ұзын мен қысқаны тап» Мақсаты: ұзындықты анықтау және салыстыру дағдыларын бекіту. Барысы: Тәрбиеші түрлі ұзындықтағы ленталарды көрсетеді. Балалар «ұзын», «қысқа» деп ажыратады және бір-бірімен салыстырады. Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, жуан-жіңішке) салыстыра алады; Заттардың айырмашылығын сөзбен сипаттайды; Өлшем ұғымдарын іс жүзінде қолдана алады. **3.Қазақ тілі** Қарлығаш **Міндеті** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ғ, ң, h дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісін көру ,балалар ертегіні айтып береді; «Буынға бөлу» ойыны Атауын айтып, буынға бөліп,әріптерді толықтырып, дыбыстарды белгілейді; «Ертегі кейіпкерін ата» ойыны Маса,айдаhар,бесік кітапшаға неге қойылғанын айтылады; “ h” дыбысының орнын	қояды: біреуі ұзын, біреуі қысқа, біреуі орташа. Тәрбиеші сұрайды: – Балалар, қай таяқша ең ұзын? Қайсысы ең қысқа? Балалар жауап береді, таяқшаларды қатарлап қояды. Кейін тәрбиеші жеке тапсырма береді: – Мына ұзын таяқшаға ұқсасын тап. – Қысқасын тауып, жанына қой. Балалар өз бетімен салыстырып, қорытынды жасайды. Нәтиже: Балалар заттардың ұзындығын ажырата біледі, салыстырып, дұрыс сөз тіркестерімен сипаттайды. Ойын 2. «Қайсысы биік, қайсысы аласа?» Мақсаты: Заттардың биіктігін салыстыруға үйрету; «Биік – аласа», «биіктеу – аласадау» ұғымдарын қолдануға дағдыландыру; Бақылағыштық пен сөздік қорды дамыту. Қажетті құралдар: Әртүрлі биіктіктегі ойыншықтар (қуыршақ, аю, піл, қоян т.б.) немесе тұрмыстық заттар. Барысы: Тәрбиеші үстелге бірнеше ойыншық қояды. – Мына жерде аю, қоян және қуыршақ тұр. Қайсысы биік, қайсысы аласа? Балалар салыстырады: – Аю биік, қоян аласа. Кейін тәрбиеші ойыншықтардың орнын ауыстырады: – Енді қарап көріңдер, қайсысы биіктеу, қайсысы аласадау? Балалар жеке немесе жұппен жұмыс істейді: өз ойыншықтарын әкеліп салыстырады. **Күтілетін нәтиже:** Балалар заттардың ұзындығы мен биіктігін көзбен салыстыра алады; «ұзын – қысқа», «биік – аласа»	Балалар сөздің мағынасы бар екенін түсінеді; Сөздерді буынға дұрыс және анық бөледі; Буынмен айту кезінде қол соғу, сызба пайдалану тәсілдерін меңгереді. **2.Математика негіздері** Ұзындық.Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру **Міндеті:** Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Бүгін біз заттарды ұзындығына қарап салыстыруды үйренеміз. Ол үшін «ұзын», «қысқа», «биік», «аласа» деген сөздерді қолданамыз. Ойын 1: «Қайсысы ұзын?» Мақсаты: Екі затты ұзындығы бойынша салыстыру. Барысы: Балаларға екі таяқша, қарындаш немесе жолақ беріледі. Олар қайсысының ұзын/қысқа екенін айтады. Ойын 2: «Ұзындығы бойынша ретте» Мақсаты: 3–4 затты ұзындығына қарай ретімен орналастыру. Барысы: Балаларға бірнеше түрлі ұзындықтағы лента немесе жолақ таратылады. Балалар оларды «ең қысқа – қысқалау – ұзындау – ең ұзын» ретімен қояды. Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды ұзындығына қарап салыстырады. «Ұзын», «қысқа», «биік», «аласа» сияқты терминдерді дұрыс қолданады.	Барысы: Тәрбиеші сұрақ қояды: – Әкеңнің әкесі кім? (Ата) – Анаңның анасы кім? (Әже) – Әкеңнің інісі кім? (Аға/көке) «Туыстар шеңбері» Мақсаты: балаларды өз отбасын тани білуге, сыйлауға тәрбиелеу. Барысы: Балалар шеңбер құрып тұрады. Әр бала өз туысының атын атап, шеңбер ортасындағы суретке (отбасы ағашы) орналастырады. Күтілетін нәтиже: Балалар туыстық байланыстарды біледі; Өз отбасындағы мүшелерді атай алады; Жеті атасын білуге қызығушылық танытады, үлкенге құрметпен қарайды. **3. Сурет/мүсіндеу/жапсыру/құрастыру** **Сурет салу** Дала құсы (торғай) **Міндеті:**. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. **Мүсіндеу** **Міндеті**. Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. **Жапсыру:** **Міндеті:**. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. **Құрастыру:** **Міндеті:**. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты,

	белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Балалар, бүгін біз «Жұлдызды сәт» атты әңгіме тыңдаймыз. Бұл шығармада кейіпкерлер өз еңбегі мен өнерін көрсетеді. кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылап, олардың неге солай жасағанын түсінеміз. Ойындар: 1. «Кім қандай кейіпкер?» Мақсаты: Әдеби кейіпкерлердің әрекетін түсіну, есте сақтау. Барысы: Тәрбиеші кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттайды, ал балалар қай кейіпкер екенін табады. Мысалы: «Ол еңбекқор, ән айтады, достарын қуантады» – «Бұл Әли!» 2. «Менің жұлдызды сәтім» Мақсаты: Өз ісіне баға беріп, ойын еркін жеткізуге үйрету. Барысы: Әр бала өздері бір кейіпкерлді таңдап сол кейіпкерді ссомдайды. Күтілетін нәтиже: Балалар кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай алады; өз ойларын еркін жеткізеді; әдеби кейіпкердің жасырын ойын түсіне бастайды. **4.Дене тәрбиесі** Секіру **Міндеті** Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр). Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға секірудің дұрыс	анықтайды. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән ғ, ң, h дыбыстарын дұрыс айтады. **4.Музыка** **«Біздің рәміздер»** **Міндеті:** Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Тәрбиеші балалармен бірге әдептілік туралы өлең, әңгіме оқиды (мысалы: «Сәлемдесу» немесе «Жақсы бала»). Мақал-мәтелдер талданады: – «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала». Балалар өз ойларын айтады: «Әдепті бала қандай болады?» Ойындар: «Жақсы мен жаман қылық» Мақсаты: жақсы және жаман іс-әрекеттерді ажыратуға үйрету. Барысы: Тәрбиеші жағдаят айтады, балалар дұрыс не бұрыс екенін айтады. – Баланы итеріп жіберді. (Бұрыс) – Үлкенге сәлем берді. (Дұрыс) «Мақалдың жалғасын тап» Мақсаты: мақал-мәтелдерді есте сақтап, сөйлеуде қолдануға үйрету. Барысы: Тәрбиеші мақалдың басын айтады, балалар жалғасын табады. –«Кішіпейілділіктен...» (үлкендік туады). – «Жақсы сөз...» (жарым ырыс). Күтілетін нәтиже: Балалар әдептілік ұғымын түсінеді Мақал-мәтелдерді қолдана алады; Өз пікірін еркін білдіреді. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, Әнұраны туралы қысқаша түсінік береді.	ұғымдарын дұрыс қолданады; **1.Сөйлеуді дамыту** Қонақ келсе құт **Міндеті:** Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Тәрбиешінің түсіндіруі: Тәрбиеші балалармен әңгіме жүргізеді: – Қонақ келгенде не істейміз? Қалай қарсы аламыз? Сурет бойынша қонақ күту мәдениетін талқылайды. Сөйлем түрлерін мысалмен түсіндіреді: Қонақ келді. (хабарлы) Кім келді? (сұраулы) Қош келдіңіздер! (лепті) Ойындар: «Қай сөйлем түрі?» Мақсаты: сөйлем түрлерін ажырату және дұрыс интонациямен айту. Барысы: Тәрбиеші сөйлем айтады, балалар оның түрін (хабарлы, сұраулы, лепті) анықтайды. «Қонақ күтеміз» (рөлдік ойын) Мақсаты: сөйлеу мәдениетін, сыпайылықты және дұрыс интонацияны қалыптастыру. Барысы: Балалар топпен қонақ күту көрінісін ойнайды (қонақ, үй иесі, бала). Сәлемдесу, шақыру, қоштасу сөздерін қолданады. Күтілетін нәтиже: Балалар сөйлем түрлерін ажырата алады; Интонацияны дұрыс қолданады; Сыпайы сөйлесіп, қонақ күту мәдениетін меңгереді. **4.Дене тәрбиесі** Секіру **Міндеті:** Секіру: Оң және сол	**3.Қазақ тілі** Түйе **Міндеті:**. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Бүгін біз түйе туралы әңгімелесеміз. Қазақ тіліндегі қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға үйренеміз және сөздегі дыбыстың орнын анықтаймыз. Ойын 1: «Қай жерде дыбыс естіледі?» Мақсаты: қ, ү, і дыбыстарының сөздегі орнын анықтау. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады: түйе, құм, ірімшік, қант. Балалар дыбыс басы, ортасы, соңы екенін көрсетеді. Ойын 2: «Дыбысты тап!» Мақсаты: Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. Барысы: Балаларға суреттер таратылады (қой, күміс, ит, үтік). Балалар суретті атап, ішіндегі ерекше дыбысты тауып айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы, соңы) анықтай алады. **4. Дене тәрбиесі** Секіру **Міндеті:** Секіру: Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);	бастаманы қолдау. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға торғайдың суреті немесе бейнежазба көрсетіледі. Тәрбиеші әңгімелейді: – Торғай – ең кішкентай, мейірімді дала құсы. Ол адамдарға жақын өмір сүреді, қыста ұшып кетпейді. Торғайдың дене бөліктерін талқылайды: басы, қанаты, тұмсығы, құйрығы. Сурет салғанда немесе мүсіндеуде пішінді дұрыс бейнелеуді көрсетеді. Ойын 1. «Торғайды тап!» Мақсаты: Құстарды ажырата білу, бақылағыштықты дамыту. Барысы:Тәрбиеші әртүрлі құстардың суреттерін көрсетеді (торғай, қарға, көгершін). Балалар торғайды көрсетіп, сипаттайды: – Бұл торғай, ол кішкентай, сұр түсті, секеңдеп жүреді. Күтілетін нәтиже: шығармашылықпен жұмыс жасайды. **4.Музыка** «Біздің рәміздер» **Міндеті**. Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы және Әнұраны туралы қысқаша мәлімет беріледі. Әр рәміздің мағынасы түсіндіріледі. Әнұран тыңдалады, кейін балалар бірге айтады. Ойындар: «Рәміздерді таны» Мақсаты: мемлекеттік рәміздерді тану және атау. Барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді, балалар қай рәміз екенін айтады. – Бұл не? – Ту.

	тәсілін көрсетеді: екі аяқ бірге, қолмен сермеп, жұмсақ жерге түсу. Ойындар: «Қояндар жарысы» Мақсаты: қимыл-қозғалысты жетілдіру, жылдамдық пен тепе-теңдік сақтау. Барысы: Балалар қоян болып секіріп, мәреге дейін (6 м) жарысады. «Қапшықпен секіру» Мақсаты: тепе-теңдік пен үйлесімді қимыл жасауға үйрету. Барысы: Балалар екі тізенің арасына қапшық қысып, белгіленген аралықты қос аяқтап секіріп өтеді. Күтілетін нәтиже: Балалар секірудің бірнеше түрін орындай алады; Тепе-теңдікті сақтайды, қимылдарды үйлестіреді; Дене сымбаты мен төзімділігі дамиды	Ту түсін, бейнелерін сипаттайды, Әнұранды тыңдату және бірге орындау. Ойындар: «Рәміздерді таны» Мақсаты: мемлекеттік рәміздерді тану және атауға үйрету. Барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетеді, балалар қай рәміз екенін айтады: – «Бұл не?» – «Бұл Ту!» – «Бұл не?» – «Бұл Елтаңба!» «Әнұранды орындайық» Мақсаты: Әнұранды құрметпен орындауға баулу, музыкалық есту қабілетін дамыту. Барысы: Балалар шеңберде тұрып, музыка сүйемелдеуімен Әнұранды немесе патриоттық әнді бірге айтады. Күтілетін нәтиже: Балалар Қазақстан рәміздерін біледі және ажырата алады; Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындай алады; Рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиеленеді.	аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпенқұрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр). Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға секіру ережесін көрсетеді: екі аяқ бірге, қолмен сермеп, алға қарай секіру. Қауіпсіздік ережесін еске салады: бір-бірін итермеу, ретімен орындау. Ойындар: «Қояндар жарысы» Мақсаты: қимыл белсенділігін арттыру, секіру техникасын жетілдіру. Барысы: Балалар қоян бейнесінде алға қарай қос аяқтап секіріп, мәреге дейін жарысады. «Қапшықпен секіру» Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және үйлесімді қимыл жасауға үйрету. Барысы: Балалар тізелерінің арасына қапшық қысып, белгіленген аралықты қос аяқтап секіріп өтеді. Күтілетін нәтиже: Балалар секірудің бірнеше түрін орындай алады; Тепе-теңдікті сақтайды, жылдамдық пен ептілікті көрсетеді; Қозғалыс дағдылары дамиды.	бір аяқпен және қос аяқпенқұрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр). Тәрбиешінің түсіндіруі: Балаларға секіру ережесі түсіндіріледі: – Секірер алдында екі аяқ иық деңгейінде, қол белде; – Қолды артқа сермеп, алға қарай итерілу керек; – Түскенде екі аяқпен бірге жерге түсу. Ойын 1. «Қояндар мен түлкі» Мақсаты: Секіру дағдысын дамыту, шапшаңдық пен қимыл үйлесімін қалыптастыру. Барысы: Балалар – қояндар, ал тәрбиеші – түлкі. Қояндар шеңбер ішінде секіріп жүреді. «Түлкі келеді!» деген белгіде қояндар орындарына секіріп қашады. Ойын 2. «Кім тез өтеді?» Мақсаты: Қос аяқпен кедергілер арасынан секіріп өту арқылы төзімділікті дамыту. Барысы: Еденге шеңберлер немесе жолақтар қойылады. Балалар кезекпен қос аяқтап секіріп өтеді. Күтілетін нәтиже: Балалар секірудің дұрыс техникасын меңгереді; Қимыл шапшаңдығы, ептілігі артады; Тепе-теңдікті сақтай біледі.	– Бұл не? – Елтаңба. «Әнұранды орындаймыз» Мақсаты: музыкалық есту қабілетін дамыту, Әнұранды құрметпен орындауға баулу. Барысы: Балалар шеңберге тұрып, музыка сүйемелдеуімен Әнұранды немесе патриоттық әнді орындайды. Күтілетін нәтиже: Балалар Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін біледі және ажыратады; Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындай алады; Рәміздерге құрметпен қарайды.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	**Күзгі желді бақылау** Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын	**Гүлзарларды бақылау** Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .	**Күзгі жәндіктерді бақылау** Мақсаты: күздегі жәндіктедің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті?	**Маусымдық өзгерістерді бақылау** Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын	**Жаңбырды бақылау** **Мақсаты**: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жаңбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады.

	бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардын желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапрырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен. **Жеке жұмыс**: Көркем сөз: - Бұлт-ау көктен төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мухит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін! **Қимылды ойын «Ұшақтар».** Мақсаты : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру. **Алаңдағы еңбек** . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау. **Еркін ойындар** **Мақсаты:** баланың жан –жақты дамуына әсер ету	Бақылау Күн жылы болып, кун сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. **Жеке жұмыс** Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов **Қимылды ойын «Мысық пен торғайлар».** Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау. **Еркін ойындар** **Мақсаты** баланың жан –жақты дамуына әсер ету	Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу **Жеке жұмыс**: Көркем сөз: «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой. **Қимылды ойын: «Инеліктің әні»** Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. **Еңбек алаңында жұмыс істе** **Еркін ойындар** **Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету	болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. **Жеке жұмыс**: Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев **Қимылды ойын: «Ұшақтар».** Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау. **Еркін ойындар** **Мақсаты:** баланың жан –жақты дамуына әсер ету	Ал күзде жаңбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жаңбырлы күнді терезеден бақылау. Жаңбырдың терезені тарсылдатқаның тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққаның тамашалау. Жолдарда кандай шалшық сулар пайда болғаның көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген? **Жеке жұмыс** Тақпақ Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер! Сенен бақша, бауөнер Жадырасын туған жер Күміс моншақтама бер **Қимылды ойын: «Соқыр теке қоңырауымен»** Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру. **Алаңдағы еңбек**: құстарға жемсалғыш жасау. **Еркін ойындар** **Мақсаты**: баланың жан –жақты дамуына әсер ету
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету.				
Балалармен жеке жұмыс	**Таир** ертегі оқу. Суретпен жұмыс	**Нұрай** суретке қарап отырып әңгіме құрастыру	Қылқаламмен жұмыс. **Нұрайым** қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету	Таир қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын дұрыс атауға үйрету.	**Ерасыл** бірнеше бөліктен тұратын суреттерді құрастырту.

Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)*	**Қимылды ойын:** **« Күн мен түн »** **Мақсаты**: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. **Дене тәрбиесі****	**Қимылды ойын:« Көги-гөк »** **Мақсаты**: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көги көк, Гөк, гөк, көги гөк. Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріндi алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді. **Дене тәрбиесі****	**Қаржылық сауаттылық «Дүкен» дидактикалық ойын** **Мақсаты:** балаларда өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандыру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. **Материал**: дүкенге арналған атрибуттар: ақша, тауарлардың бағалары, чектер, көкөністер мен жемістердің муляждары, ойыншықтар. Барысы: 1-нұсқа. Балаларға дүкеннің атауын ойлап табу, дүкенде не сатылатыны және дүкеннің ашылуы туралы жарнама ойластыру ұсынылады. Балалар жарнамалардың суретін салады және ұсынады. 2-нұсқа. Балаларға белгілі бір купюра беріледі және осы ақшаға дүкеннен қандай да бір тауар сатып алу тапсырылады. Балалар тауарларды таңдайды және бағасын есептейді.	**Қимылды ойын:** **« Шарлармен алмасу »** **Мақсаты**: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады **Дене тәрбиесі****	**Қимылды ойын:** **« Кішкене өзен арқылы »** **Мақсаты**: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойының шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі. **Дене тәрбиесі****
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналармен кеңес: «Балалар агрессиясы» **Агрессивтілікті емдеу** Агрессивтілікті емдеу үшін алдын-алу сияқты әдістер қолайлы. Мұндай типтегі бала үшін тек мейірімді сөздер оның ашуын жоя алады. Мұндай баланы бүлінген деп санамаңыз. Егер сіз осылай ойлай бастасаңыз, сізде иеліктен кету, баланы қабылдамау сезімі болуы мүмкін. Ол мұны міндетті түрде сезінеді, ал ең жақын адамдар арасында жалғыздық сезімі баланың өте қиын болуына әкелуі мүмкін. Баланың өзі агрессивтіліктен көп зардап шегеді: ол ата-анасымен жанжалда, достарынан айырылады, үнемі тітіркенуде және жиі қорқыныштта өмір сүреді. Мұның бәрі баланы бақытсыз етеді. Мұндай балаға қамқорлық пен жылулық-бұл ең жақсы дәрі. Ол әр сәтте ата-анасының оны жақсы көретінін, бағалайтынын және қабылдайтынын сезінсін. Бала сізге қажет және маңызды екенін көрсін.				

Mamen geometriczny czy ir. mechaniczni opracowali: [illegible] J. M. [illegible]

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Салықов атындағы орта мектеп»КММ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі V1 апта 24 - 28 қараша 2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

Адал азамат біртұтас тәрбие «Әділдік және жауапкершілік» айы

«Апта дәйексөзі»- «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 24.11**	**Сейсенбі 25.11**	**Сәрсенбі 26.11**	**Бейсенбі 27.11**	**Жұма 28.11**
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» **Ойын. Шарты**:Балалар оларды лақтырмаймыз сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді. Еңбек тапсырмасы: Қуыршақтардың киімдерін жуу		**Адалдық әліппесі** **«Құрметтеуді үйренеміз»** *Ойынның мақсаты:* құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.		
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** **Ата-аналарға кеңес: «Балалар агрессиясы»** Агрессия дегеніміз не? Агрессия-бұл біреуге зиян келтіруге бағытталған физикалық немесе ауызша (ауызша) мінез-құлық. Агрессивтілік балаларда қалай көрінеді? - Баланың үмітсіз жылауындағы ашуланшақтық пен ашуланшақтық, оның себебі қарапайым: баланың физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылмаған. Бұл жағдайда агрессивті реакция-бұл өмір сүру үшін күрес реакциясы. -5 жасар баланың «зерттеу инстинктінің» шектелуімен, тойымсыз қызығушылық пен ата-ананың «мүмкін емес» арасындағы қақтығыспен байланысты айқайлау, жылау, тістеу, аяғын басу. - Ұлдың керісі, жылау, мектеп жасына дейінгі қыздардың айқайы. Бұл жастағы ұлдар қыздарға қарағанда агрессивті тенденцияларды көрсетеді, өйткені соңғысы жазадан қорқып, олардың көріністерінен қорқады. Ал қоршаған орта ер балалардың агрессиясына мейірімді және төзімді.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	.**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Көтермек** **Мақсаты**: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойыдары арқылы балаларға тәрбие беру. Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие** **Дене тәрбиесі****		**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** **Түйілген орамал** **Мақсаты:** Ойын ойнау барысында балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойын жүргізу үшін ақ орамал керек. Орамалды ортасынан түйеді. Ойынға қатынасушылар алаңға жиналады да шеңбер жасап айнала тұрады. Ойынды басқарушы тағайындалады. Басқарушы ортаға шығады да, қолындағы орамалды кез келген бір ойыншыға тастайды, сонан соң оны өзі қуады. Орамалды алған ойыншы дереу оны басқарушының қолына тигізбей басқа ойыншыға беріп үлгеруі керек. Сөйтіп, ойыншылар орамалды біріне-бірі өткізе береді. Орамалдан айырылып, қалған ойыншы басқарушының орнына шығады. Немесе орамалды ұстап алған басқарушы өз орнына басқа біреуді тағайындап, өзі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын соңында орамалды ұстатпаған тез, тапқыр ойыншы атап өтіледі. Қолына орамал тиген ойыншы оны тек басқа ойыншыға жоғарыдан ғана лаңтырып бере алады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие** **Дене тәрбиесі****		
Ертеңгілік жаттығу	І.Сапта екі-екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша «тырна» дегенде бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде қос аяқтап, алға				

	секіру. Жүгіру, үш сапқа тұру. II. 1.Б.қ.Аяқ алшақ, кубик оң қолда. 1-қолды екі жаққа созу. 2-кубик алға, кубикті сол қолға ауыстыру.3-қолды екі жаққа созу. 4-орнына келу. 5 рет. 2.Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда. 1- алға еңкею, кубикті аяқ арасына қою. 2-орнына келу, қол белде. 3-алға еңкейіп, кубикті сол қолмен алу. 4-орнына келу. 5-6 рет. 3.Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда, кубик түсірулі. 1-отыру, қолды алға созып, сол қолға кубикті ауыстыру. 2-тұру. Сол қолмен қайталау. 5-6 рет. 4. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда. 1-қолды екі жанға созу. 2-қол артта, кубикті сол қолға ауыстыру. 3-қолды екі жанға созу. 4-орнынан келу. 5-6 рет. 5. Б.қ. Аяқ алшақ, кубикті еденге қою, айналып секіру.5-6 рет. III. Саппен жай жүру. Қолымызды екі жанға созып, терең демалып жоғары көтеріп демді шығарып төмен түсіру. Уф-уф-уф.				**Дене тәрбиесі****
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҰІӘ)	**Менің Қазақстаным** **ҚР гимні** «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.	«Ойыншықтар айтысы»әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап	**«Не жоқ?»** ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	*«Дидактикалық тапсырма» « Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/*
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**<u>1.Сөйлеуді дамыту</u>** Ойыншықтар дүкенінде **<u>Міндеті:</u>** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, ж-ш, р-л, н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Бүгін біз «Ойыншықтар дүкеніне» барамыз. Дүкендегі ойыншықтардың атын дұрыс, анық айтуға үйренеміз. Кейбір дыбыстар бір-біріне ұқсайды, сондықтан оларды таза айту маңызды. Ойын 1: «Қай дыбыспен басталады?» Мақсаты: Дыбыстарды ажырату, сөз басындағы дыбысты дұрыс айту. Барысы: Тәрбиеші ойыншық көрсетеді (піл, қоян, барабан, шана). Балалар ойыншықтың атын атап, оның қандай дыбыстан басталатынын айтады. Ойын 2: «Дұрыс дүкенге сал» Мақсаты: Ұқсас дыбыстарды дұрыс айту (б-п, ж-ш, р-л). Барысы: Үш «сөре»	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Дыбыстың сөздегі орны **<u>Міндеті:</u>** Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Бүгін біз сөздің тек дыбыстардан тұрмай, өз мағынасы болатынын үйренеміз. Сондай-ақ сөздегі дыбыстың орны – басында ма, ортасында ма, әлде соңында тұрғанын анықтаймыз. Ойын 1: «Қай дыбыстан басталады?» Мақсаты: Сөздің басындағы дыбысты анықтау. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді (алма, кітап, нан). Балалар сол сөздің бастапқы дыбысын атайды. Ойын 2: «Орнын тап!» Мақсаты: Дыбыстың сөздегі орнын (басы, ортасы, соңы) ажырату. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады: төсек, дала, орын. Балалар қандай дыбысты естігенін және қай жерінде тұрғанын көрсетеді. Күтілетін нәтиже:	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Ойнай отырып оқимыз **<u>Міндеті:</u>** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Педагог доп, шар сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Екі бала тақтада доп, шар сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп, қателерін түзейді. – Шар сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударыңдар. – Шар сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс Ойын : «Мен не ойладым?» Мақсаты: Ойды толық әрі түсінікті жеткізу. Барысы: Тәрбиеші бір затты сипаттайды, атын айтпайды. Мысалы: «Бұл дөңгелек, қызыл, жылдам жүреді». Балалар қандай зат екенін табады (доп, машина). Сосын балалар өздері сипаттайды.	**<u>1.Сауат ашу негіздері</u>** Дыбыстық талдау **<u>Міндеті</u>** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Дыбыстық талдау – сөзді дыбысқа бөліп, әр дыбыстың түрін анықтау. Дауысты дыбыстар – созылып айтылады, дауыссыз дыбыстар – кедергімен айтылады. Ойын 1: «Сөзді бөліп үйренейік» Мақсаты: Сөзді дыбыстарға бөлу. Барысы: Тәрбиеші сөз айтады: аспан, кітап, бота. Балалар әр дыбысты созып айтады және санын көрсетеді. Ойын 2: «Дауысты ма, дауыссыз ба?» Мақсаты: Дыбыстардың түрін ажырату. Барысы: Тәрбиеші бір дыбыс айтады (а, н, қ, о, р). Балалар қол шапалақтап: – Дауысты болса – екі рет – Дауыссыз болса – бір рет шапалақтайды. Күтілетін нәтиже: Сөзді дыбыстарға бөліп, дыбыс	**<u>1.Көркем әдебиет</u>** Айтыс **<u>Міндеті:</u>** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі:** – Айтыс – қазақтың сөз өнері. Онда адамдар өлеңмен сөйлейді. Біз бүгін жаңылтпаш айтып, жұмбақ шешіп, шағын айтыс құрастырып көреміз. Ойын 1: «Жаңылтпашты жалғастыр» Мақсаты: Тілдің анықтылығын, сөзді дұрыс айту дағдысын дамыту. Барысы: Тәрбиеші қысқа жаңылтпаш айтады, балалар оны қайталайды. Сосын балалар өздері жылдам айтып көреді. Ойын 2: «Кім жылдам айтады?» (шағын айтыс) Мақсаты: Суырыпсалмалықты дамыту. Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ тақырып бойынша (ойыншық, жануар, табиғат) екі жол өлең айтады. Екінші топ жауап береді. Күтілетін нәтиже: Балалар жаңылтпаш, санамақ,

	(мысалы: б-п, ж-ш, р-л). Балалар суреттегі ойыншықтарды дұрыс дыбысы бар сөреге орналастырады. Күтілетін нәтиже: Балалар ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық, дұрыс айтады. Сөздің басындағы дыбысты ажыратып, оны дұрыс дыбыстайды. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Қазақстанда мекендейтін жануарлар **Міндеті:** Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар,аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң);қозғалу тәсілі (жүгіру,ұшу, секіру,жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық,пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. Тәрбиешінің түсіндіруі: Тәрбиеші балаларға Қазақстанның табиғатында кездесетін жануарлардың суреттерін немесе ойыншықтарын көрсетеді: қоян, түлкі, аю, қасқыр, бүркіт, аққу, шортан, жылан т.б. Тәрбиеші: – Балалар, мына жануарлардың бәрі қайда өмір сүреді екен? – Қоян мен түлкі орманда, ал шортан суда өмір сүреді. – Ал аққу ше? – Ол көлде өмір сүреді. Тәрбиеші олардың қозғалысын да көрсетеді: – Аю қалай жүреді? (балалар аюша жүріп көрсетеді) – Құс қалай ұшады? (қанат қағады)	Балалар сөздің мағынасы болатынын түсінеді. Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс ажыратады. **2.Математика негіздері** Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру **Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Балалар, бүгін біз ұзындықты өлшеуді үйренеміз. Шынайы сызғыш емес, шартты өлшеуіш қолданамыз. Мысалы, бірдей таяқша, кубик немесе жіп. Осы өлшеуішпен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеп, салыстырамыз. Ойын 1: «Қанша өлшеуіш сыяды?» Мақсаты: Шартты өлшеуішпен заттың ұзындығын өлшеу. Барысы: Балаларға бірдей ұзындықтағы таяқша беріледі. Үстелдегі әртүрлі затты (китап, қорап, жолақ) таяқшамен өлшеп, «3 таяқша», «5 таяқша» деп айтады. Ойын 2: «Ұзын – қысқа – биік – аласа» Мақсаты: Өлшенген нәтижелерді салыстыру. Барысы: Балалар екі-үш затты өлшейді. Сосын оларды: ең ұзын, қысқарақ, ең қысқа, биік, аласа деп реттеп	Күтілетін нәтиже: Балалар дыбыстық талдау жасай алады. **2.Математика негіздері** Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру **Міндеті:** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Бүгін біз заттарды өлшеуді үйренеміз. Сызғыш емес, шартты өлшеуіш қолданамыз: таяқша, кубик, таспа. Солар арқылы заттың қанша өлшеуішке тең екенін анықтап, салыстырамыз. Ойын 1: «Неше өлшеуіш болды?» Мақсаты: Ұзындықты шартты өлшеуішпен анықтау. Барысы: Балалар үстелдегі заттарды (жолақ, кітап, қорап) таяқшамен өлшеп, нәтижесін айтады: «4 өлшеуіш», «2 өлшеуіш». Ойын 2: «Кім ең ұзын?» Мақсаты: Өлшеу нәтижесін салыстыру. Барысы: Балалар үш затты өлшейді. Содан соң: ең ұзын, орташа, ең қысқа деп ретке қояды. Күтілетін нәтиже: Балалар заттарды шартты өлшеуішпен өлшейді (ұзындық, биіктік, ен). Бірнеше затты өлшем нәтижесі бойынша салыстырады. **3.Сөйлеуді дамыту** Жануарлар қайда тұрады? **Міндеті:** Сөйлеудің	ретін анықтай алады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. **2.Математика негіздері** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру **Міндеті:** Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Әлия (қуыршақ) түрлі түсті 3 шарф әкелді. Педагог ленталарды немесе түрлі түсті кесінділерді көрсетеді. Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады.Ең алдымен оны «көзбен» салыстырады, бірінші екеуден, одан соң үшеуін бірге салыстырады. Олар: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзынырақ, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқалау. Педагог көзбен салыстырудан шыққан нәтижелерді тексеруді ұсынады. — Оларды салыстыру үшін осылай қоюға бола ма? (Беттестірудің қате үлгісін көрсетеді). Балалар тыңдайды және жауап береді, оларды бір-біріне беттестіру керек екенін айтады. — Олардың бір жақ ұштары бір-біріне сәйкес келуі керек. — Заттардың ұзындығын өлшеудің, оларды салыстырудың басқа қандай тәсілдері бар? Ойын- жаттығу: «Кімнің бойы ұзын? Кімнің бойы аласа?»	жұмбақ айтады. Сөз өнеріне қызығып, қысқа айтысқа қатысады. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Мен кезекшімін **Міндеті:**. Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Сыныпта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: -Балалар отбасында үлкендерге қалай көмектесетіндерін әңгімелейді. –Мектепте қалай еңбектенесіңдер? – Сыныпта кезекші боламыз, серуенге шыққанда аулада еңбектенеміз. – Жарайсыңдар, балалар, кезекші міндеттерін тағы бір қайталау үшін, бүгін біз «Ол не?» ойынын ойнаймыз – Балалар, барлық затты дұрыс сипаттадыңдар, дұрыс жауабы айтылды, енді осы заттарды не үшін жұмбақтап шештік? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Бұл заттар арқылы біз бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы топтағы кезекшілік екенін хабарладық. Қасық – асханадағы кезекшілік. Кітап

	Тек тышқанды ұстайды. *(Мысық)* Өзі айлакер, өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу. *(Түлкі)* – Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер? – Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз). Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар қою.. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлдерге бөлінеді. Қуыршақты қалай киюді көрсетеді. Бос карточка алған балалар көрермен болады. Балалар жеке шығармашылық қабілетін таныта отырып, қуыршақ театры арқылы ертегіні сахналайды. Сахналау аяқталған соң көрермендерге қарап, бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды. Күтілетін нәтиже: қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындайды. **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден	Д/о: «Үй жануарлары» Мақсаты: үй жануарларын тану, аттарын дұрыс атау. Пайдасын айту. Үй жануарлары туралы бейнебаян қарау. Мал шаруашылығы туралы әңгіме. Суреттер бойынша жұмыс. Қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға сөздерімен таныстыру, мағынасын түсіндіру. «Не артық?» д/о Мақсаты: мал өсіруге байланысты сөздерді есте сақтауға баулу. Ермексаздан й жануарларын мүсіндеу. Күтілетін нәтиже: қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға сөздерін есте сақатп, қолданады. **4.Музыка** Егеменді елім **Міндеті:** Ән айту.Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, үнтаспадан) Ән айту: «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар: «Шаңырақ» ойыны Күтілетін нәтиже: әннің сөзін анық айтады.	айту. Ағашқа байланысты мақал-мәтелдер. «Ағаш тамырымен, адам-достарымен мықты» «Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш» Педагог М.Төрежановтың «Біз деойнаймыз» әңгімесін оқып береді. Түсіндіру, сұрақтар қою. Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата». Ойын шарты: Ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс.Ойын осылай жалғасын табады. Д/о: «Жапырағына қарап, таны» Әңгімені балалар мазмұндайды. Мақсаты: ағаш жапырақтарын тану. Шырша мен қайың ағаштарын бояу. Күтілетін нәтиже: әңгімені бірізді мазмұндайды. **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Мәдени- гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Тәрбиешінің қысқаша түсіндіруі: – Деніміз сау болуы үшін жеке тазалық керек. Қолды жуу, тісті тазалау, ауыз шаю, сүлгі қолдану – бәрі де өз денемізді күту үшін қажет. Ойын 1: «Дұрыс — бұрыс» Мақсаты: Гигиена ережелерін ажырату. Барысы: Тәрбиеші суреттер көрсетеді: қолын жуып тұрған бала, кір қолмен тамақ жеп	Астана – елорда. Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Астананың көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Астана – біздің астана. Мынау –Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші.– жаңа қала. Астана қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Астана– жаңа қала.Астана – әдемі, таза қала. Суреттер құрастыру. Астананың әдемі жерлері- суреттер бояу. Күтілетін нәтиже: сөйлегенде сөйлем түрлерін(хабарлы, сұраулы, лепті) қолдана алады. **4.Дене тәрбиесі** Жан-жағыңа жылулық сыйла! **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыружәне екі қолымен қағып алу.допты Негізгі қимыл- қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп	Мүсіндеу Міндеті: Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. Жапсыру Міндеті: Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Құрастыру Міндеті: Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Пазлдар құрастыру -Не шықты? -Оюлар. Оюлардың аттарымен таныстыру. Неге ұқсайтынын сұрау. Балалар ойларын айтады. Жұмыс барысын түсіндіру. Балалармен өз бетінше жұмысы. Көрме ұйымдастыру. Күтілетін нәтиже: о- өрнектермен заттарды безендіреді, ұжыммен жұмыс жасайды. **4.Музыка** Қысқы орманда **Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский) Ән айту: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп

	асықтарды алады. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады. «Ханталапай» ойынын ойнау. Мақсаты: ұлттық ойындарға қызығушылық туғызу. «Көкпар» ойынын ойнау. Мақсаты: эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Күтілетін нәтиже: ұлттық қимылды ойындарға белсенділікпен қатысады		тұрған бала. Балалар «дұрыс» немесе «бұрыс» деп айтады. Ойын 2: «Құралды тап!» Мақсаты: Гигиена заттарын тану және дұрыс қолдануды білу. Барысы: Тіс пастасы, сүлгі, сабын, тарақ суреттері қойылады. Тәрбиеші жағдай айтады: «Тамақтан кейін не қолданамыз?» Балалар қажетті затты көрсетеді. Күтілетін нәтиже: Балалар жеке гигиена ережелерін атайды және сақтайды. Гигиеналық заттарды дұрыс қолдана біледі.	алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады. «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама- қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет. Күтілетін нәтиже: допты жоғары лақтырып, қағып алады.	үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай) Күтілетін нәтиже:музыкаға сүйіспеншілік пен қызығушылық танытады.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. Шкафтарын таза ұстау. Серуендегі қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.				
Серуен	**Аспанды бақылау** Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды. Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан) **Жеке жұмыс** Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады, Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.	**Желді бақылау** Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау. Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) **Жеке жұмыс** Тақпақ: Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып.	**Күнді бақылау** Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. Жұмбақ: Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертең күн ашық,жылы болады. **Жеке жұмыс** Тақпақ: Шұғылалы күніміз	**Су бетіне қатқан мұзды бақылау** Мақсаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалрдың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріндер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. **Жеке жұмыс** Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз)	**Қарды бақылау** Мақсаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашаландар. **Жеке жұмыс** Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасақ еріп кетеді. (қар) Болжам: көп қар- көп нан. **Қимылды ойын**: «Қоян мен аңшы». Еңбек:

	Тақпақ «Аспанда» Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып **Қимылды ойын**. «Ұшты-ұшты» Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекет: Жолдарды қардан тазарту. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру) (Экология мәдениеті)**	Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар» Еңбек:өсімдіктерді,көшеттерді қармен жабу. Мақсаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс** ойыны: «Қоян мен аңшы». Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. **(Экология мәдениеті)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер» Еңбек: бұтақтардың түбін тазарту **(Экология мәдениеті)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. **Қимылды ойын**: «Түлкі мен қаздар» Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу. **(Экология мәдениеті)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру. **(Экология мәдениеті)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс	Физикалық қасиеттер Ұстамдылықты, байқампаздықты дамыту: "Допты тап", Жүгіру жаттығуы: "Кім ұсталғанын тап" **Әмір, Қ. Ислам**	Қарым-қатынас дағдылары Ойындар мен жаттығулар арқылы сөздік пен грамматикалық сөйлеу жүйесін дамыту: "Қай? Қандай? Қайсысы?", "Еркелетіп ата" **Балғын**	Танымдық және зияткерлік дағдылар "Нұсқасы", "Гүл теру" Логикалық ойлауды дамыту. ""Колумбиялық жұмыртқа" Басқатырғыштарды шешуге ынталандыру. **Алина, Арайлым**	Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті "Қай жерде жылы?", "Қайсысы ауыр?" Эксперименттік қызметке қатысуға шақыру. **Айсұлтан**	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар "Дос іздеу", "Кенгуру және оның төлі" ойындары арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту. **Т. Ислам, Әмір**
Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық, комму-никативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)	**«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын** **Мақсаты**: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым- қатынас іс әрекеті)**	**«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету **Қазақ тілі***	**Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны** **Мақсаты**: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**	**ЖЖЕ: «Жол белгісін білейік, аман- есен жүрейік»** Мақсаты: жол қауіпсіздік ережелерін сақтаудыы дамыту «Бұл нені білдіреді?» **дидактикалық ойын Мақсаты**: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түс **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** інуге үйрету.	**«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны** **Мақсаты:** есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру (**қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** “Бала құқығы – басты назарда” Мақсаты: Құқықтық сауаттылық қалыптастыру. Мазмұны: Бала – жеке тұлға. Ол өз пікірін айтуға, демалуға, ойын білдіруге құқылы. Кеңес: Тәрбиеші ата-аналарға баланың пікірін сыйлауды, шешім қабылдауда оған аздап еркіндік беруді ұсынады	**Өнегелі 15 минут** «Құстарға қамқорлық жасауға, балаларымен бірге жемсалғыш жасап, құстарды тамақтандыруға кеңес беру»	**Өнегелі 15 минут** «Балаңыздың достарын білесіз бе?»	**Өнегелі 15 минут** «Бала тәрбиесіне он кеңес» Ата-аналарға арналған кеңес	**Өнегелі 15 минут** Демалыс күндерінде баламен көбірек уақыт өткізіп, мәдени сөздерді күнделікті баламен қолдануға кеңес беру.

Мектепке дейінгі тәрбие ісі меңгерушісі: Т. Ш. Елмасова

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» КММ
Мектепалды «Ә» сыныбы
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 15– 19 желтоқсан 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие Бірлік және ынтымақ айы
«Апта дәйексөздері»- «Бірлік болмай тірлік болмас»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 15.12**	**Сейсенбі 16.12**	**Сәрсенбі 17.12**	**Бейсенбі 18.12**	**Жұма 19.12**
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Күй күмбірі **«Көңілді күй»** әуенін қосып қарсы алу **(қарым-қатынас, іс-әрекеті, музыка****)** Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады.Көршісіне «Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)		Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу Жайдары амандасып, баланың көңіл-күйін сұрау. **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Музыка****** «Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білу **Музыка****** «Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету.	Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Музыка****** «Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	"Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы. **Өнегелі 15 минут**	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. **Өнегелі 15 минут**	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. **Өнегелі 15 минут**	Баланың қыңырлығымен қалай күресуге болатындығы туралы әңгімелесу **Өнегелі 15 минут**	Баланың мінез-құлқындағы агрессияның алдын алу туралы әңгімелесу **Өнегелі 15 минут**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**			**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**	

Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы** өкшемен, жүгіру, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып тұру. II 1б.қ аяқ бірге қол **дамыту жаттығулары** 1Жүру, аяқтың ұшымен, төмен1-қолды алға созу, 2 оңға қарай қолды айқастыру, 3 солға қарай қолды айқастыру. 4б.қ оралу 4-5рет 2. б.қ аяқтың расы алшақ, қол белде.1-оң жаққа қарай иілу,2б.қ оралу 3сол жаққа қарай иілу 4б.қ оралу. 4-5рет қайталау. 3. б.қ аяқтың арасы ашық, қол иықта1-2 алға қолды сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу 4-5рет 4. б.қ аяқтың арасы алшақ, қол белде.1-қолды алға созу, 2 отыру,3 тұру, 4б.қ оралу 4-5рет 5. Аяқты алмастырып секіру. 7-8секунд III Еркін тыныс алу жаттығулары **«Дене тәрбиесі»****				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	**Менің Қазақстаным ҚР гимні** «Жылы сөздер ойыны» **Міндет**і: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады **Сөйлеуді дамыту**		Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма- ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Сөйлеуді дамыту** Қыс қызықтары **Міндеті:** Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді**.** Қардың аппақ тазалығы сондай, бетіне ештеңе тастағың келмейді. Енді сендер осы қыс қызықтары туралы әңгіме құраңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдайды. Өте жақсы тағы да кім құрап береді. Қыс мезгілінде сендер қармен көп ойнайтындарың ды әңгімелеріңнен байқадым. Қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. «Қар қандай?» Бірде құстар дауласады. Олар		**1.Сауат ашу негіздері** Біз нені үйрендік? **Міндеті:** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт» – Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға- ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзімжүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі- түлкілер, т.б. Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер» Педагог дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар - и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді. Сурет бойынша сөйлемдер құрау. Сйлемдегі сөздерді санау. Сызбасын сызу. Жұмыс дәптерде тапсырма орындау. Күтілетін нәтиже: сөйлем құрайды. **2.Математика негіздері** Тәулік бөліктері **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, тәулік бөліктерінің реті туралы	**1.Сауат ашу негіздері** Біз нені үйрендік? **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер» – Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер. Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, т.б. Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» (Педагог суреттерді көрсетеді). –Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Сурет бойынша сөйлемдер құрастыру. Сурет бойынша сөйлемдер құрау. Сйлемдегі сөздерді санау. Сызбасын сызу. Жұмыс дәптерде тапсырма	– **Көркем әдебиет** «Алтын балта» **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Тәрбиеші: -Балалар, мен сендерге сиқырлы қорапша алып келдім. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік. – Суреттен нені көріп тұрсыңдар? *(Балта)* – Бұл не деп ойлайсыңдар – Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма? - Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі ойдан, қиялдан туады. **Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:** -Ертегі қалай аталады? -Кедей қайда барды? -Балта қайда түсіп кетті? -Балта не үшін қажет? -Диірменші қандай балталар ұсынды?

	қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтайды. Ұшып жүріп сұрақ қояды: Қар қандай болушы еді? Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олар әртүрлі болып шығады. Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге? «Суретті аяқтап сал» жеке жұмыс Күтілетін нәтиже: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. **.2.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие.Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге , өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.		білімді бекіту. Үлестірме материалмен жұмыс (№18 парақ). Педагог «Тәулік бөліктері» карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша таңдап алуды ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн. Дәптермен жұмыс. 1- тапсырма. Бұл қай мезгілде болады? Тәулік бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос. Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің осы мезгілінде не істейтінін, суреттерді таңдау арқылы айтып береді, сызып қосады. 2- тапсырма. Суреттен күндізгі, кешкі және түнгі мезгілдерді тап. Жұбымен сызып қос. Күндіз бен түнгі мезгілді боя. Педагог суретті қарап, суреттер арқылы таңертең, түстен кейін және кешке не болғанын рет-ретімен байланыстырып, сызуды ұсынады. Күндіз бен түн мезгілдерін бояйды. Күтілетін нәтиже: тәулік бөліктерін ажыратады. **3.Сөйлеуді дамыту** «Ақсақ құлан» аңызы **Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. — Балалар, құлан – жылқы тектесжануар — Сендер жылқыны білесіңдер ме? Құланың да, жылқы сияқты, жалы бар, бірақ ол – жабайы жануар. Ертеде аң сияқты,құланды да аулап етін жеген — Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз – бұл түп нұсқасы болған оқиға. Ауыздан-ауызға	орындау. Күтілетін нәтиже: сөйлем құрайды. **2.Математика негіздері** Апта күндері **Міндеті:** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің реті туралы білімді бекіту. Апта күндері Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта. – Өлең не туралы? Педагог балаларды үйшіктерде тұратын ағайынды гномдармен ойнауға шақырады. Олардың есімдері: Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі. Оларды санауды ұсынады. Гномдарды санайды (7). «Дұрыс атаймыз» ойын жаттығуы. Педагог 1-ден 7-ге дейінгі цифрларды көрсетеді. Балалар апта күндерін айтады. Кеше, бүгін, ертең ұғымдарымен танысу. Күтілетін нәтиже: апта күндерін ретімен атайды. **3.Қазақ тілі** Мен және менің достарым **Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	-Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? -Бай не істеді? -Ертегі қалай аяқталды? Ертегіні сахналау. **Дәптермен жұмыс:** 1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір. 2.Жұмбақты шеш. Ә дегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта) Ескегі бар, жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен) 1.Үзік сызықтарды бастырып сыз. Боя. 2.Не артық? Белгіле. Тапсырма бойынша ертегіге қатысы жоқ суретті белгілетеді. Күтілетін нәтиже: рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындайды. **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Табиғатпен таныстыру. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Педагог балаларды ортаға жинап, айналадағы дыбыстарды тыңдауды ұсынады, судың сылдырлап аққаны, жаңбырдың тысырлап жауғаны, толқынның жағаға ұрған дыбыстары алдын ала жазылған үнтаспадан шығады. Балалар дыбыс шығу аймақтары – өзен, жаңбыр, теңіз екенін тауып, олардың ортақ атауы «су» екенін айтады. – Табиғатта су қай жерлерде болады? (Балалардың жауаптары: өзен, көл, тоған, теңіз, бұлақ, жаңбыр түрінде, қазылған құдықта т.с.с) – Бұлтта су бола ма? (Балалардың жауаптары

	.**3.Көркем әдебиет** Бір уыс мақта **Міндеті:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Қардай аппақ, Мамықтай жұмсақ. Ол не? (Мақта) – Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. – Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың«Бір уыс мақта» әңгімесімен танысамыз. Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді Сөздік жұмысы: күн өтпей жатып – бір күннің ішінде қиқым – бұл жерде: мақтаның қалдығы Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? – Кішкентай қыз не істеп отырды? Анасы қызына қандай ақыл айтты? – Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды? Оны не алып кетті? Анасы не деді? – Мақта сөзіне сөйлем құрайық. -Әңгіме ұнады ма? -Несімен ұнады? балаларға өз пікірлерін айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: өз пікірлерін айтады. **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті: Лақтыру, қағып алу, домалату:** допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыружәне екі қолымен қағып алу; «Допты еденге сок». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама- қарсы тұрады.		ұмытылмай жеткен оқиғаны аңыз деп айтамыз. Қазір мен сендерге **«Ақсақ құлан» аңызын мәнерлеп оқып беремін.** -Балалар, «Л» – «Р» дыбыстарымен танысайық. «Л» – «Р» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. «Л»дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағыкөтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. Бірге айтып қайталайық. «Л» – дауыссыз дыбыс. "Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла-лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Сендерге «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? Аңызда не туралы айтылған? Күтілетін нәтиже: дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады. **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, адамның көңіл-күйі әртүрлі болады: қуанышты, көңілді, сабырлы, кейде мұңды. Денсаулық пен жақсы көңіл-күй – адамның ең үлкен байлығы. Егер біз денемізді шынықтырсақ, таза ауада ойнасақ, жақсы көңіл-күйде боламыз. Бүгін біз денемізді жаттықтырып, эмоцияны қозғалыс арқылы білдіреміз. Ойындар: 1. «Көңілді қимылдар» Мақсаты: Эмоцияны қимылмен көрсетуге, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Барысы: Тәрбиеші көңіл-күйді атайды (қуанышты, мұңды, көңілді, таңданған). Балалар сол көңіл-күйге	Мынау не? – Бұл – мектеп.. – Балалар қайда келді? – Балалар мектепке келді. – Балалар не істеп жүр? – Мектеп ауласында ойнап жүр. – Саған мектепте көңілді ме? Иә, мектепте көңілді. мектепте балалар көп. Олар бір- бірімен дос. – Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Айсұлтан , сен кіммен ойнайсың? Айсұлтан, Ислам сенің досың ба? – Иә. Менің досым – Ислам. – Айсұлтан, Ислам – достар. – Достар қалай ойнайды? Достар тату ойнайды. Балалар достары туралы ңгімелейді. Бір- біріне сұрақтар қойып, жауап береді. Ойын: «Өзіне дос таңда» Мақсаты: балалар жүрекше арқылы өздеріне дос таңдайды. «Досыма не сыйлаймын»- сурет салу. Күтілетін нәтиже: әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту Тәрбиешінің түсіндіруі: Балалар, адамның көңіл-күйі әртүрлі болады: қуанышты, көңілді, сабырлы, кейде мұңды. Денсаулық пен жақсы көңіл-күй – адамның ең үлкен байлығы. Егер біз денемізді	тыңдалады). – Ерте заманнан адамдар өмір сүруге ыңғайлы жер таңдағанда, сулы аймақтарға: өзен, көл, теңіз жағалауына жақын орналасуға тырысқан. «Су – тіршілік көзі» ойыны Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді. Су тұщы және тұзды (ащы) болады. Біз ішу үшін қандай суды пайдаланамыз? – Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз Жансыз табиғаттың маңызына тоқталу. Слайд көру. Түсіндіру. Сумен тәжірибе жасау. Күтілетін нәтиже: жансыз табиғат маңызын түсінеді. **3.Сурет салу/мүсіндеу/ жапсыру/құрастыру** **Құрақ көрпе** **Сурет салу** **Міндеті:** Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. **Мүсіндеу** **Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. **Жапсыру** **Міндеті:** - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. **Құрастыру** **Міндеті:** Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту

	Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет. Күтілетін нәтиже: допты лақтырып, қағып алады.		сай қимыл көрсетеді: секіру, қол сермеу, күлу, баяу жүру т.б. 2. «Көңіл-күй айнасы» Мақсаты: Эмоцияны түсіну және бейнелеу. Барысы: Бір бала – «айна», екіншісі – «көрініс көрсетуші». Бірі түрлі көңіл-күй қимылын көрсетеді, екіншісі оны қайталайды. Күтілетін нәтиже: Балалар өз көңіл-күйін қимыл және мимика арқылы жеткізе алады; салауатты өмір салтының маңызын түсінеді; белсенді қозғалысқа қызығушылық танытады.	шынықтырсақ, таза ауада ойнасақ, жақсы көңіл-күйде боламыз. Бүгін біз денемізді жаттықтырып, эмоцияны қозғалыс арқылы білдіреміз. Ойындар: 1. «Көңілді қимылдар» Мақсаты: Эмоцияны қимылмен көрсетуге, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Барысы: Тәрбиеші көңіл-күйді атайды (қуанышты, мұңды, көңілді, таңданған). Балалар сол көңіл-күйге сай қимыл көрсетеді: секіру, қол сермеу, күлу, баяу жүру т.б. 2. «Көңіл-күй айнасы» Мақсаты: Эмоцияны түсіну және бейнелеу. Барысы: Бір бала – «айна», екіншісі – «көрініс көрсетуші». Бірі түрлі көңіл-күй қимылын көрсетеді, екіншісі оны қайталайды. Күтілетін нәтиже: Балалар өз көңіл-күйін қимыл және мимика арқылы жеткізе алады; салауатты өмір салтының маңызын түсінеді; белсенді қозғалысқа қызығушылық танытады.	Балаларға «Қазақ оюлары» слайдын көрсету. Жұмыс барысымен таныстыру. Балалардың өз бетінше жұмысы. Балаларға көмектесу. Ұжыммен жұмыс жасап, композиция құрастырады. Күтілетін нәтиже: шығармашылықпен ойлап, ұжыммен жұмыс жасайды. **4.Музыка** Бесік жыры **Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.ә. (өңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншақ» (С. Урбах)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету				
Серуен	**Қырауды бақылау** Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Болжам: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады.		**Мұз сүңгісін бақылау** Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? (Сәбіз сияқты) Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма? **Жеке жұмыс** Тақпақ : Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,	**Қайың ағашын бақылау** Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма:ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға ағаш суреттері таратылады. **Жеке жұмыс** Тақпақ: Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп,	**Терезедегі өрнектерді бақылау** Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Тақпақ: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта атырап Іздерінен қар ұшып Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.

	Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. **Жеке жұмыс** Жұмбақ: Қант сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. (қар) **Қимылды ойын:** «Суықторғайлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**		Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев **Қимылды ойын:** «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. Еңбек: «Мұз жерлерге құм себу» **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	Қыстың кеп сәлемі. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш) **Қимылды ойын**: «Апандағы аю» Мақсаты: зеректікке, ептілікке баулу. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. **«Еңбек іс- әрекеті»**	Жорамал: қыс аязды болса – жаз ыстық болады. **Жеке жұмыс** Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) **Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**
Серуеннен оралу	Киімдерін реттілікпен шешеу. Өз-өзіне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс	**Дид ойын:«Өзім және отбасым»** **Міндеті:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай екенін болу керектігін кеңінен түсінеді. **Нұрай**		**Д/о: «Тәулік бөліктері »** Ойынның мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер Ойынның мазмұны: Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. .**Таир**	**Д/о: «Оң және сол»** Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. **Ерасыл**	**Дидактикалық ойыны «Шаршы құрастыр»** Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **Нұрай**
Балалардың іс- әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік,шығармашылық,эксперименталдық,еңбек ,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары)*	**ЖЖЕ: «Темір жол»** Мақсаты: темір жол туралы білімдерін дамыту. **«Түстер»** **Мақсаты:** түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту. **(шығармашылық іс әрекеті, бейнелеу іс әрекеті)**		**«Пішіндер мен алақан» Мақсаты:** нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету **.** **Танымдық,зерттеу әрекеттері**	**ЖЖЕ: «Темір жол»** Мақсаты: темір жол туралы білімдерін дамыту. **«Түстер»** **Мақсаты:** түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту. **(шығармашылық іс әрекеті, бейнелеу іс әрекеті)**	**Құстарға арналған жемсалғыш»** Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды және құстарға қамқор болуды үйрету. **Тілдік қарым- қатынас, танымдық,зерттеу әрекеттері,еңбекке баулу**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** **Ата-аналарға кеңестер** **1.Баламен тіл табысу** Баланы тыңдай білу – ең үлкен сый. **2.Жылы сөздің күші** Баланың кішкентай жетістігін де мақтап отыру.		**Өнегелі 15 минут** Баланы үй шаруасына тарту арқылы жауапкершілік сезімін қалыптастыру	**Өнегелі 15 минут** Баланың тәрбиесі туралы Жақсы қылықтарын мадақтап, үлгі болуға тырысыңыз. Баланың жасаған суреті, мүсіні, құрастырған затын мақтап, қабырғаға іліп қойыңыз.	**Өнегелі 15 минут** Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л. Т. Елизаева

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп»КММ
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 22 -26 желтоқсан 2025-2026 оқу жылы
Тәрбиеші: Аманжолова А.Т.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие « Бірлік және ынтымақ айы»
«Апта дәйексөздері»- «Ынтымақ - бұзылмайтын қорған»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 22.12**	**Сейсенбі 23 .12**	**Сәрсенбі 24.12**	**Бейсенбі 25.12**	**Жұма 26.12**
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Музыка****** «Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	**Күй күмбірі»** Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу **Музыка****** «Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	**«Күй күмбірі» -** балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Музыка****** Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	**Күй күмбірі»** «Көңілді күй» әуенін қосып қарсы алу (қарымқатынас, іс-әрекеті, музыка) Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. “Қайырлы таң” **Музыка****** «Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	**«Күй күмбірі» -** ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Балалар мен ата- аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу **Музыка****** Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме**: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға керекті құрал – жабдықтарды әкелуін өтіну.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,ұлттық,сюжет ті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Көтермек** **Мақсаты:** Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру. **Шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрмалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады. **Дене тәрбиесі****	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ақ серек пен көк серек** **Мақсаты:** Ақ серек пен көк серек! Тәуіп алдым бәйтерек! Жалыңдаған күн керек! Жалпы достан кім керек? Ағау тұрған ұл керек! Оның аты – ....., Келсін бізге ертерек! **Шарты:** екі топ жасақталады да, әр топ бір-бірінен алыстырып (шамамен 10-15 қадам, кейде деректерде 20 қадам) 8 арқан, көпірмен қол ұстасын тұрады. Ойын ойнаушы бастайтын топтың, басшысы: «Ақ серек пен көк серек , бізден сізге кім керек?» деп айтады. Сол кезде қарама-қарсы тұрған топ басшысы өздерінің жеңіл қосымшасының ішінен бірсіпнің атын атайды. Аты аталған ойнаушы, бар пәрменмен жүгіріп ала ұстасын қолар тұрған қарсы топтың екі ойнаушысының ұстасын тұрған қолын үзіп өте шығуға әрекет етеді. Ал қарсыластары қолдарын мықтап ұстап, ұстатпауға тырысады. Егер жүгіріп келген адам қарсыластарының қолдарын үзіп өте алса сол топтың, басқа ойнаушысы басқа бір ойнаушыны ойнап бірге алып кетеді. Қол ұстасып тұрған қатарды үзіп өте алмай қалса, онда сол топта әлі ойнап қалады. **Дене тәрбиесі****	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Омпы** **Мақсаты:** Шеберлікке, мергендікке, пәтылдыққа, шапшаңдыққа, ырымға қарасқа тәрбиелейді. **Шарты:** Ойын тиіс: алаңда, жалық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала бергі. Ойынаны саны шектелмей көп болса, ойын соғырлым қызықты өтеді . Мақсат – кап асық ұтып алу. Ойынушылар арасы 20 қадам екі қамбе сызады да қамбенің тең ортасына сызық бойынан арқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тарпылады. Балалар кезек кезек сақалармен он қадам жердегі омпының атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыны бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыны тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ұтып алады. Асық жаңартылатын болып, ойын жалғасы бергі. **Дене тәрбиесі****	

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға және солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату. 3.2. Аяқтың ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу. **(дербес әрекет), дене тәрбиесі****				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҰІӘ)	**Менің Қазақстаным ҚР гимні** Түспен-эмоциямен «Менің көңіл- күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез- құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру	«Көңілді бояулар» Мақсаты: Суреттерді бояу. Балаларға қарындашты оң қолмен ұстай білуге дағдыландыру
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**1.Сөйлеуді дамыту** Алғашқы қар **Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбысталуы ұқсас дауыссыз г- ғ, к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Д/о: «Қыс белгілері» Мақсаты: қыс белгілерін суреттен тауып, айтып беру. -Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылыр өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер жазған. М.Жаманбалинов ағамыздың да "Суретші", "Алғашқы қар" деген өлеңдері бар. Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз. Педагог балаларға сұрақтар қояды. Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіреді. Г-ғ к-қ дыбыстарының ұқсас екенін, ғ, қ дыбысы қазаққа тән дыбыс екенін түсіндіру.	**1.Сауат ашу негіздері** Сөздің дыбыстық сызбасы **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Балаларға алдарындағы дыбыстық сызбасы бар карточкаларды алуларын сұрайды. –Бүгін біз дыбыстық сызбасы салынған карточкаға сәйкес келетін сөздерді табамыз. Біз сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың түрін анықтауды үйрендік. Дыбыстық талдау жасау үшін, сөздегі дыбыстарды оқып, олардың дауысты, дауыссыз екенін анықтап аламыз, буынға бөлеміз, неше дыбыс, неше әріптен тұратын анықтаймыз. Содан кейін әр дыбысты тиісті дөңгелектермен белгілейміз. Алдарындағы дыбыстық	**1.Сауат ашу негіздері** Біз нені үйрендік, нені білдік? **Міндеті:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт» (Педагог суреттерді көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап айтасыңдар. Дидактикалық жаттығуы: «Дауысты сөзден баста» Педагог қойған сұрақтарға балалар дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек. 1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) 2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4.	**1.Сауат ашу негіздері** Біз сөйлем құрай аламыз **Міндеті:** Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. **«**Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар бақта жүгірді. Атам шалғымен шөп шапты. Анам сиыр сауды. Ағаштың түбі – қалың қар. Аю қыста ұйықтайды. Мал жайлауда жайылды. Балалар доп ойнады. Үсен мәшинені жуды.	**1. Көркем әдебиет** Қайтпай қалған қарлығаш **Міндеті:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Қазір жылдың қай мезгілі? Бүгін ауа райы қандай? Бұлтты ма, ашық па? – Қыс мезгілінде қандай құстарды көресіңдер? (Слайдтан көрсетеді). – Ал қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді? – Егер сенде сиқырлы таяқша болса, құстарға қалай көмектесер едің? Адамдар, аңдар, құстар – барлығы да қысқа дайындалады. Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Соның бірі қарлығаш. Бүгін біз қарлығаш туралы автор Тайжан Тойбазарұлының «Қайтпай қалған қарлығаш» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді Сөздік жұмысы: дәрменсіз – әлсіреген, жараланған биікке самғау – биікке көтеріліп ұшу қора – мал

	Осы дыбыстар кездесетін сөздер айту. Өлеңді қайталап айту. Өлең бойынша сурет салу. Күтілетін нәтиже: дауыссыз г-ғ к-қ дыбыстарды дұрыс, анық айтады. **.2.Қоршаған әлеммен таныстыру** **Міндеті:** Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын,түсіну және бағалау. Балалар жан-жақтарыңа қарандаршы, бізді нелер қоршап тұр? Балалар атайды (заттар, ойыншықтар, жиһаздар). Заттардың бәрі адамның еңбегімен жасалған. – Балалар, «еңбектену» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? – Еңбектену – жұмыс істеу, қажеттілік үшін әрекеттену, нәтижеге жету дегенді білдіреді. Адамдар табыс тауып, отбасын асырау үшін, біреудің және өзінің пайдасы үшін еңбектенеді Әртүрлі салада еңбек ететін адамдарды қалай атаймыз? – Жұмысшылар, мамандық иелері, мамандар. Қандай мамандықтарды білесіңдер? Балалар білетін мамандықтары және ата-аналарының мамандықтары туралы айтады. –Балалар, біз бүгін өнеркәсіптегі адам еңбегімен танысамыз. Өнеркәсіп – өндіріс орындары, зауыт, фабрикалар. Бұл жерлерде адамға қажет заттар жасалады. Мен сендерге ең тәтті өндіріс туралы айтқым келіп тұр. «Тәтті» өндірісте не өндіріледі? –Тәтті өнімдер. Интербелсенді тақтадан	сызбаға назар аударыңдар, не көріп тұрсыңдар? Барлық торкөздер тиісті белгілермен белгіленіп тұр. Қасында сурет бар. Ненің суреті? – Күннің суреті. –Бұл – күн сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Келесі дыбыстық сызбаны қарайық. Ол жерде де барлық торкөздері белгіленген екен. Енді мен сендерге екі сурет көрсетейін. Бұлар – бақ пен гүл. Дыбыстық сызба осы екі суреттің қайсысына сәйкес келеді, тауып айтыңдар. Бұл – бақ сөзінің дыбыстық сызбасы екен. Дыбыстық сызбаны сөзге дұрыс таңдау үшін сөздің неше дыбыстан тұратынын, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін біліп алу керек. Дауысты дыбыс нешеу, дауыссыз дыбыс нешеу? Сөздегі дыбыс саны, сызбадағы дыбыс санына сәйкес келе ме? Сәйкес келетін дұрыс сызбаны таңдау керек. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк киіз үймен, дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл киіз үймен сәйкестендір. 2.Дыбыстық сызба дұрыс па? **2.Математика негіздері** Жыл мезгілдері **Міндеті:** Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. Сыртта суық, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Адамдар көгөністер мен жемістерді жинайды. – Бұл қашан болады? (Күзде.) – Қар	Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б. Жазу жазу. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Күтілетін нәтиже: солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салады. **2.Математика негіздері** **Міндеті:** Циферблат бойынша уақытты анықтау. «Сағат детективі» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды теру уақытын анықтауға және уақытқа байланысты сөздерді қолдануға үйрету. Ойыншылар саны: 2-ден 6-ға дейін. Ойын алаңы: боялған сағат. Ойын барысы: Бір ойыншы белгілі бір уақытты таңдайды, бірақ оны дауыстап айтпайды, ал қалғандары уақытты болжау үшін сұрақтар қояды. Мысалы: «Бұл түскі астан кейінгі уақыт па?» немесе «Бұл балалар мектепке баратын уақыт па?» Уақытты дұрыс болжаған ойыншылар қосымша мүмкіндік алады. Уақытты дәл болжаған ойыншы келесі сағат детективі болады. «Сағат жарысы» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды уақытты анықтауға және уақытқа байланысты сөздерді қолдануға үйрету. Ойыншылар саны: 2-ден 4-ға дейін. Ойын алаңы: қағаз бетіндегі сағаттың жүретін жолы. Ойын барысы: ойыншылар мәшинелерді таңдап, оларды бастапқы сызыққа қояды. Әр ойыншы текшені лақтырады және өз мәшинесін текшеде қанша ұяшық болса сонша ұяшыққа жылжытады. Мәшинелер тоқтаған кезде ойыншылар сағаттың жолындағы уақытты анықтауы керек. Мысалы: «Бұл түстен кейінгі уақыт па?»	Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Суреттерді ата. С дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен бояу. **2.Математика негіздері** **Міндеті:** Циферблат бойынша уақытты анықтау. «Ойыншық циферблаты» дидактикалық ойыны. Мақсаты: күннің уақыты мен бөліктері туралы білімді бекіту. Ойыншылар саны: 2-ден 4-ке дейін. Ойын алаңы: сағаттың үлестірмелі материалдағы суреті (№31 парақ). Ойын барысы: әр ойыншы өз ойыншығын таңдап, белгілі бір уақытқа сағаттың бүйіріне ойыншық қояды. Ойыншылар кезек-кезек қандай ойыншық тәуліктің қай сағатында екенін болжау үшін сұрақтар қояды. Мысалы: «Алты, үш сағатта қандай ойыншық бар?» немесе «Таңертеңде қандай ойыншық тұр?». Ең көп позицияны болжаған ойыншы жеңімпаз болады. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Тәулік бөліктерін және сағаттағы уақытты ата. Сызып қос. Сурет бойынша бұл қашан болатынын айт. «Шар» саусақтарға арналған жаттығу. (Алдымен саусақтарды айқастырып ұстаймыз. Оларды баяу аша бастаймыз.) Шарды шапшаң үрлейміз. (Екі қолдың саусақтарының ұштары бір-біріне дөңгелене түйіседі –	қамайтын орын, жай Әңгіме мазмұны бойынша сұрақ- жауап: – Әңгіме не туралы? Әңгіме қалай аталады? – Бала қарлығашқа неге таңданды? Әңгімедегі баланың аты кім? – Қарлығашты көрген Асан атасына не деді? – Асан қарлығашқа қандай қамқорлық жасады? – Қарлығаш балаға ризашылығын қалай білдірді? **2.Қоршаған әлеммен таныстыру** Жолда жүру ережелері **Міндеті: Жол қозғалысы ережелері.** Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяужүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу,бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жолдан өту үшін ең алдымен адам тоқтап, сол жаққа, содан кейін оң жаққа қарауы керек. Жол ортасына жеткен кезде тағы бір байқау үшін сол жақты және оң жақты бақылауы керек. Сондай-ақ көше қозғалысы өте жылдам екенін ескеріп, үнемі сақ болу керектігін естен шығармаған жөн. Жүріп келе жатқан көліктің алдынан жүгіруге мүлде болмайды. Сен бір адым жасағанда мәшине 20 метр жүріп үлгіретінін біліп жүр! Балалар, біз көшеде бір жол белгілерін жиі көреміз. Ол қандай жол белгісі? (Балалардың пайымдаулары). – Дұрыс айтасыңдар, ол – «Жаяу жүргіншілер өтпесі» белгісі. Тағы қандай жол белгілерін білеміз? Белгінің пішініне, түсіне, ішіне салынған суретіне қарап, айта аламыз ба? Интербелсенді тақтадан жол белгілерінің суретін көрсету. Желаяқпен бірге тапсырмаларды орындауға шақырады: Жол белгілерін қарастырып, әрқайсысының нақты бір ережеге арналғанын талқылайды. «Жаяу

	«Рахат» фабрикасы туралы бейнебаян көрсетіледі. – «Рахат» фабрикасында әртүрлі кәмпит, шоколад, мармелад, вафли, печенье, тоқаш пісіріледі. –Фабрикада еңбек ететін адамдарды қалай атайды? –Кондитерлер. (Педагог «Қазақстан» шоколадын алып шығады). .**3.Көркем әдебиет** «Кітап – білім бұлағы» Ж. Қашқынов **Міндеті:** Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; Көп әңгімем, өлеңім, Күнде ақыл беремін. Жақсы көрсе мені кім, Мен де оны жақсы көремін. (Кітап) – Балалар, кітап туралы не білесіндер? – Кітап – ақылды серігің, досың. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді. Кітаптың әр беті тұнып тұрған ақыл. Кітаптан білмегенді білесің, көрмегенді көресің, күлесің, қуанасың. Кітап – адамзаттың ең асыл қазынасы. Кітапты көп оқыған, күтіп ұстаған баланы барлық адам жақсы көреді. – Бүгін біз ақын Жеңіс Қашқыновтың «Кітап – білім бұлағы» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқып береді. Кітап – білім бұлағы Жақсы әңгіме, өлеңді Әр бетінен табамын, Мол қызыққа батамын. «Кітап – білім бұлағы» Деген сөзі атамның Есімде ылғи тұрады. «Кітап адамға не береді?» әр баланың пікірін тыңдау. «Мен суретті кіта жасаймын» шығармашылық жұмыс. **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату 2–2,5 метр	жауады, күн аязды. Қар борпылдақ болған кезде, одан қарлы кесектерді мүсіндеуге болады. Су қоймаларына мұз қатады. – Бұл қашан болады? (Қыста.) – Жылынып, қар еріп, ағын сулар ағып жатыр. Гүлдер, шөптер өседі, ағаштар мен бұталарда жапырақтар гүлдейді. Құстар жылы жақтан оралады. Олар ән айтады, ұя салады. –Бұл қай мезгілде болады? (Көктемде.) – Күн жарқырайды, күн ыстық болады. Адамдар су айдындарында шомылады. Ұяларда балапандар пайда болады. – Бұл қашан болады? (Жазда.) Балалар жұмбақтарды шешеді, жыл мезгілдерін атайды және өз жауаптарын түсіндіреді, суретті карточкаларды көрсетеді Ойын сәті. «Қуыршақты киіндір!» Үлестірмелі материалдар (№29, №30 парақтар). Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді. Балалар жыл мезгілін атайды және қуыршаққа қандай киім кию керек екенін айтады. Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сәйкес киіндіруді ұсынады. Күтілетін нәтиже: жыл мезгілдері мен айларын ретімен атайды. **3.Қазақ тілі** **Міндеті**: Байланыстырып сөйлеу. Балалардың ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу. «Сиқырлы сандық» д/о Мақсаты: сұрақтар қою арқылы сандықтағы затты табу. «Менің сүйікті ойыншығым» Әр бала өз ойыншығы туралы	немесе «Бұл балалар сабаққа баратын уақыт па?» Уақытты дұрыс анықтаған ойыншы текшені қосымша лақтыруға мүмкіндік алады. Мәре сызығына бірінші болып жеткен бала жеңімпаз болады **3.Сөйлеуді дамыту** Қаңтар (Ә.Дүйсенбиев). **Міндеті:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. -Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіндер ме? -Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. -Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. Қар – жұмсақ ұлпа. Педагог сөздік жұмысын жүргізеді. Түйіршік – түйір-түйір , Ұлпа – жұмсақ, нәзік, *Жапалақтап* сөзінің мағынасын айтып түсіндіреді. *Жапалақтап – жалпақ, үлкен қарлардың көп жаууы.* – Балалар, қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған көптеген ақын, жазушылар бар. Бүгін сендер Ә.Дүйсенбиевтің "Қаңтар" өлеңін жаттап аласыңдар. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы. -Балалар, мен өлеңді тағыда мәнерлеп оқып беремін, сендер естеріңе сақтап қалыңдар. – Балалар, менімен бірге өлең жолдарын	шар үрлейді.) Үлкен шарды көреміз. (Екі алақанды бір-біріне толық беттестіреміз.) Шар кенеттен жарылды – ауа шықты – (Саусақтарды бір-біріне жабыстырып ұстаймыз.) 138 Торсық шарым жіңішкеріп – арық шықты. Педагог балаларды келесі жаттығуларды орындауға шақырады. Балалар саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды **3.Қазақ тілі** Менің пәтерім (үйім) **Міндеті:** Байланыстырып сөйлеу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Сурет бойынша жұмыс. – Мынау – пәтер. Мынау не? – Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді). – Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме. – Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар? Бөлмелерді санайды. Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Ондағы таныс заттарды естеріне түсірту. – Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім). – Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). – Мынау қандай бөлме? – Мынау – асүй. Мынау – ... – Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...)	жүргіншілер өтпесі», «Велосипед жолы», «Жерүсті жаяу жүргіншілер өтпесі», «Жерасты жаяу жүргіншілер өтпесі», «Назар аударыңыз! Балалар!», «Автобус аялдамасы», «Аурухана», «Асхана», «Жанармай құю бекеті» т.с.с. – Бұлардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? (Айырмашылықтары түсі, пішіні және суреттерінде екенін айтады) – Жол белгілері «ескерту», «тыйым салу» , «көрсеткіш», «ақпараттық», «сақтандыру» белгілері болып бөлінеді. «Көрсеткіш» белгісі нені білдіреді? –Дұрыс айтасыңдар, көрсетеді. Интербелсенді тақтадан «көрсеткіш» белгілері шығады. – «Көрсеткіш белгілері» жаяу адамдардың өтетін жерін, көліктер тұрағы, қоғамдық көлік аялдамасын көрсетеді. Бұл жол белгілері көк түсті, пішіні төртбұрышты. Бәрімізге жақсы таныс – «жаяу жүргіншілер өтпесі» белгісі, . **3.Сурет салу/мүсіндеу/ жапсыру/құрастыру** Киіз үй **Сурет салу** **Міндеті:** Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. **Мүсіндеу** **Міндеті:** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. **Жапсыру** **Міндеті:** Киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық,

	арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру,допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы1,5–2метр) басынан асыра лақтыру,допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы4–5метр). «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама- қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет.	әңгімелейді. С-р ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: балалар сатып алатын ойыншықтарын 5-6 сөйлеммен сипаттап айтады, мақтайды. Тілдерін дамыту. Күтілетін нәтиже: ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипатайды. **4.Музыка** Айнала ақшақар **Міндеті:** Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Музыка тыңдау: «Вальс» (Қ. Шілдебаев) Ән айту: «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) «Қыс келді» (Б. Жұмабекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва х.ә. (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын х.ә. (өңдеген Т. Попатенко)	қайталайық. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Бір, екі, үш Бір, екі ,үш (мұрнымен дем алып) Демімізді алайық. Педагог балалардан жаттаған өлеңді сұрайды. Педагог балаларға қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп қайталатады. Мақал-мәтелдер 1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Дәптермен жұмыс **4.Дене тәрбиесі** **Міндеті:** Лақтыру, қағып алу, домалату 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру,допты екі қолымен бір-біріне(арақашықтығы1,5–2метр)басынан асыра лақтыру,допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы4–5метр). «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру.	**4.Дене тәрбиесі** **Міндеті**: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Саптық жаттығулар Мақсаты:Сапқа тұру, түзелу, қатармен тұру (бір қатар, екі қатар, үш қатар), бір-бірінің жанына және артына тұруды меңгеру. Жаттығулар: «Бір қатарға тұрайық!» – балалар бір сызық бойымен сапқа тұрады. «Екі қатарға бөлінейік!» – педагог нұсқау береді, балалар екі қатарға бөлінеді. «Бір-біріннің жанына тұрыңдар!» «Енді біріннің артыңа тұрыңдар!» «Сапты түзе!» – бұйрық арқылы сызық бойымен түзу тұруға дағдыландыруКүтілетін нәтиже:Сапқа тұру дағдылары қалыптасады Қимылды ойын: «Өз орныңды тап» Мақсаты: Саптағы өзінің орнын табуға, тәртіпке, зейінге үйрету. Ойын барысы: Балалар әр түрлі бағытта жүреді (музыкамен немесе педагогтың белгісімен). Белгі берілгенде: «Сапқа тұр!» – дегенде әр бала өзінің бастапқы орнын табу керек. Қателеспей, жылдам сапқа тұра алған балалар мадақталады	шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. **Құрастыру** **Міндеті:** Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Жұмбақ жасыру: Ұқсайтын шеңберге, Қабырғасы жиырылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй) Киіз үй суреттерін қарау. Әңгімелеу. Киіз үйдің жасауларымен, ыдыстармен таныстыру. Жұмыс барысын түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмыстары. Көрме ұйымдастыру. **4.Музыка** «Мен өнерлі баламын» **Міндеті:** Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов) Билер: «Шабандоздар биі» (ұнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені) Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан)

			Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады.		Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
Серуен	**Желді бақылау** Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды-ғын,баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру Сұрақ: - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. **Жеке жұмыс** Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. **Қимылды ойын:** «Әткеншек» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек:алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру) (Экологиялық мәдениет)**	**Аула сыпырушы еңбегімен танысу** Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Тақпақ: Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты. **Қимылды ойын:** «Сауықшылар»(қысқ ы спорт ойындары.) **Жеке жұмыс**: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру) (Экологиялық мәдениет)**	**Мұз сүңгісін бақылау.** Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? **Жеке жұмыс** Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев **Қимылды ойын:** «»Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен**	**Қайың ағашын бақылау (Қиялдау)** Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. **Қимылды ойын:** «Біз көңілді баламыз» **Жеке жұмыс**: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көленкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш **(Экологиялық мәдениет)** **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Желді бақылау** Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатынды- ғын,баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру Сұрақ: - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. **Жеке жұмыс** Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. **Қимылды ойын**: «Мысық ен тышқан» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек:алаңшаны көркейту үшін түрлі- түсті мұз кесінділерін дайындап қою. **Қарым- қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс- әрекеті (қоршаған әлеммен таныстыру) (Экологиялық мәдениет)**

			таныстыру) **(Экологиялық мәдениет)**		
Серуеннен оралу	Балалар ретімен шешіну. Өз-өзіне қызмет ету.				
Балалармен жеке жұмыс	Отбасы мүшелері туралы айту. Мақсаты: әңгіме айтуға жетелеу. Әмір, Т. Ислам	Суреттегі заттарды атау. Мақсаты: заттардың атын ататып, сөздерді анық айтуға үйрету.Әмір, Қ. Ислам	Үй жиһаздары Мақсаты: Есте сақтауын дамыту. Балғын, Айсұлтан	Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Мақсаты: ажырата білуді дамыту. Арайлым, Алина	**Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. Әмір
Балалардың іс- әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,қимыл,бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Лото» дидактикалық ойыны Мақсаты**: үлгі бойынша бірдей заттарды тауып, оларды айту **Танымдық,зерттеу әрекеттері**	**«Болады-болмайды» доп ойыны Мақсаты**: есте сақтау, ойлау, реакция жылдамдығын дамыту **Қазақ тілі*****	**«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты**: пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	**ЖЖЕ: «Велосипед жолы» «Маймылдар» ойыны Мақсаты**: шеңбер бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру **Дене тәрбиесі****	**«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны Мақсаты**: заттарды салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану **Тілдік қарым қатынас**
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15мин** **Қатынастарды нығайту** **Кеңес**: Баламен сөйлескенде оның пікірін тыңдауға және түсінуге тырысыңыз. Баланың эмоцияларына назар аударыңыз, бұл сіздерге сенімді қатынас орнатуға көмектеседі. Не үшін маңызды: Баланың эмоционалдық дамуы үшін оның өзін құрметті және түсінілген сезінуі өте маңызды. •«Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) Қол бұйымдарының көрмесі	**Өнегелі 15мин** **Қалыпты режим мен тәртіп орнату** **Кеңес:** Баланың күнделікті өмірін белгілі бір режимге салуға тырысыңыз: ұйықтау, тамақтану, оқу және ойын уақыттарын нақты белгілеңіз. Не үшін маңызды: Режим баланың қауіпсіздік сезімін арттырады және оған күнделікті өмірде тұрақтылық береді. • Энергияны үнемдеу: Энергияны үнемдеу бойынша қарапайым ережелерді үйретіңіз, мысалы, электр жарығын қажетсіз сөндіру, электр құрылғыларын пайдаланбаған кезде қосулы қалдырмау. Балаларға «жарықты үнемдеу» ойынын ойнау арқылы бұл ережелерді үйретуге болады.	**Өнегелі 15мин** **Кітап оқу мен білім алуға ынталандыру** **Кеңес**: Әр күнде кем дегенде 10-15 минут кітап оқыңыз. Кітап оқу балаға тіл дамытуға, қиялға ерік беруге және жаңа білім алуға көмектеседі. Не үшін маңызды: 5 жастағы балалардың сөздік қоры мен оқу дағдылары қалыптасып келеді, сондықтан кітап оқу маңызды. • Суды үнемдеу: Балаларға суды тек қажетті мөлшерде пайдалану қажеттігін түсіндіріңіз. Су төгілетін жерлерде су ағып тұрған кезде оны жапуды үйретіңіз. Жуыну мен қол жуу кезінде суды үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастырыңыз.	**Өнегелі 15мин** **Жеке және топтық ойындар** **Кеңес**: Баланы жеке ойындармен қатар топтық ойындарға да қатыстыруға тырысыңыз. Бұл оның әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Не үшін маңызды: Баланың әлеуметтік дағдылары оның басқа балалармен қарым-қатынас жасауына және топта жұмыс істеуге көмектеседі. •Энергияны үнемдеу: Энергияны үнемдеу бойынша қарапайым ережелерді үйретіңіз, мысалы, электр жарығын қажетсіз сөндіру, электр құрылғыларын пайдаланбаған кезде қосулы қалдырмау.	**Өнегелі 15мин Эмоцияларды басқару мен өзін-өзі реттеу** **Кеңес:** Баланың эмоцияларын басқаруға үйрету үшін оның ашу- ызасын, қуаныш, қорқыныш секілді сезімдерін ашық көрсетуіне мүмкіндік беріңіз. Не үшін маңызды: Баланың өзін-өзі реттеуі оны қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйретеді және оның психоэмоционалды тұрақтылығын нығайтады. түсіндіріңіз.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Л. Н. Елисеева